
ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

№1(47) /2018



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№ 516-ж куәлігі берілген
(14.06.2004)*

Бас редактор

Қойшыбай Есентаев

Құрылтайшы:

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси
жұмыс комитеті*

Редакциялық алқа

Қуат Бораи

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси
жұмыс комитетінің төрағасы*

Өмірзақ Айтбайұлы

*ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ
тілі» қоғамының президенті*

Сайлау Батыршаұлы

*«Мемлекеттік тіл» қозғалысы Астана
филиалының төрағасы*

Сұлтан Оразалы

*Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы*

Асылы Осман

*«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің
төрайымы*

Дихан Қамзабекұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
академигі*

Дос Көшім

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы



Қуат БОРАШ

Қазақстан

Республикасы

Мәдениет және

спорт министрлігі

Тілдерді дамыту және

қоғамдық-саяси

жұмыс комитеті

төрағасы



Ұлтымыздың ертеңіне жасалған қадам

Мемлекеттіліктің түпқазығын бекемдеп жатқан еліміз үшін Тәуелсіздіктің әрбір жылы тарихи белестермен танылып, дамудың жаңа сатысына бастап келеді. Бұл орайда биылғы жылдың басты белестерінің бірі – Отанымыздың кіндігіндегі таңғажайып шаһар, елордамыз Астананың 20 жылдық мерейтойы дер едік. Сонымен бірге Қазақстанды әлемнің ең озық отыз елінің қатарына кіргізу жолындағы өршіл мақсатқа қол жеткізуде Мемлекет басшысы “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты биылғы Жолдауында қазіргі заманғы дамудың тың үрдістерін халыққа ұсынды.

Биылғы жылы тіл саласын өркендетуде де игілікті істер қолға алынуда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылдың сәуір айында жарыққа шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау» жөніндегі келелі міндет лайықты орындалуда. Бұл орайда, 2017 жылғы қараша айынан бері Үкімет жанынан құрылған Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның отырыстарында алдағы уақытта атқаратын жұмыс бағыттарымыздың міндеттері мен мақсаттары айқындалды. Ең бастысы,

Қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшірудің іс-шаралар жоспары бекітілді.

Елімізде тіл саясаты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы мен Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асуда. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы міндеттермен сәйкестендіріліп, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, үш тілде білім беруді дамыту және этностардың ана тілдерін сақтау бойынша шаралар қамтылды.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында көтерген терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату жөніндегі тапсырмасына сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда терминология лексиконын біріздендіру, терминологиялық қорды халықаралық деңгейге сәйкестендіріп толықтыру, қазақ терминологиясын жүйелеу жөніндегі жаңа талаптарды әзірлеу, терминдер мен атауларды қазақ тілінің жазылу нормаларына сәйкес ретке келтіру, үздіксіз тілдік өзгерістер процесін тіркеп отыратын, тілдің лексикалық және грамматикалық құрылысын сипаттайтын электронды база құру, мониторинг жүргізу жұмыстары нақтылануда.

Алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында үштілділікті қолдау бағытындағы игілікті істер тұтастай Қазақстан қоғамымен, әсіресе «Тіл және қоғам» журналының мәртебелі оқырмандары, өздеріңізбен бірлесіп жүргізіле беретініне сенімдіміз.

Латын графикасына көшіру күретамыры «Тіл-Қазына»

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанына бір жыл толды. Қоғамда рухани сілкініс тудырған құжат ұлттық рухты нығайтатын көптеген игі іс-шараларға жол ашты.



Елбасының 2017 жылғы 26 қазандағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына сәйкес қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Осы ретте, 26 сәуір күні Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ашылу салтанаты өтті.

«Алға қойған мақсат – өте күрделі, өте маңызды. Неге десеңіздер, біз қазір Елбасының тапсырмасына сәйкес, латын әліпбиіне көшу жұмысын міндетті түрде іске асыруымыз керек. Сол атқарылар шаруалардың үлкен ауыртпашылығы да осы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық



орталығына түседі. Біз орталықтың жұмысына толағай табыс тілейміз. Орталықты басқаруға еліміздің белгілі азаматы, дүниежүзіне танымал ғалым, Сенат депутаты болған, қазіргі кезде де еліміздегі үлкен шараларға атсалысып жүрген профессор Ғарифолла Есім ағамызды шақырып отырмыз», – деді ор-

талықтың ашылуында Арыстанбек Мұхамедиұлы.

«Елбасының тікелей айтуымен Үкімет «Тіл-Қазына» коммерциялық емес орталығын құрды. Ең бастысы – Елбасына ризашылығымызды білдіруіміз керек. Ол кісі өткен жылы үш нәрсе барын атады: бірінші – Тәуелсіздік, екінші – Астана, үшінші – латын әліпбиіне көшуіміз. Бұл қазақ тілінің латын әліпбиіне өтуі - ірі мәдени-тарихи шара деп түсінеміз. Тілдің тәуелсіздігі осы ма деп ойлаймын. Өйткені өзіміздің жазуымыз болады. Ел есін жинап, халық болып жетілген кезде өзін бір бекзаттық жолға қарай ынталандырады. Яғни тәуелсіз, өзін-өзі жеткізе алатын дәрежеге жетуі керек. Демек, қазақтың латынға өтуі де маңызды. Біз, әрине, мамандармен, үлкен ағалармен ақылдаса отырып, депутаттармен кеңесіп, ылғи мәселелерді көтеріп отырамыз. Бір аңғарғаным – осы іс ағынды су секілді жүріп кетеді деп те айта алмаймын. Ағынды суда бөгет жатуы мүмкін. Сол мәселелерді қалай алып кете аламыз? Бұның бәрі осындағы және облыстардағы зиялы қауымға байланысты», – деді Ғарифолла Есім.



Қазақстан Республикасы Мәжіліс Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған ең бірінші міндет – қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру үдерісі елімізде өзінің дәуірлік мақ-

сатына орай басталып, қоғамның қолдауына ие болып, жоспарлы жұмыстар орайлы жүргізілуде. Президенттің осы үлкен бастамасын орындайтын, үйлестіретін әлеуетті мекеме қажеттілігі туындап, бүгін сіздер мен біздер соның ашылу салтанатына куә болып отырмыз. Ендігі мақсат – осы «Тіл – Қазынаның» жұмысын жақсылап ұйымдастырып, өзіміз күткендей нәтижеге жету. Оған ұйымдастыру жағынан да, ғылыми жағынан да күшіміз де, мүмкіндігіміз де жетеді деп ойлаймын. Бастысы – қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің үкімет бекіткен 2025 жылға дейінгі жоспарын әрі уақытылы әрі сапалы орындау.

Әлбетте, жаңа әліпбиге көшу, оны барлық салаға енгізу бір ғана осы «Тіл – Қазынаның» жұмысы емес, баршамыздың атқаратын жұмысымыз. Әрқайсымыз оған халқымыздың болашағы үшін тілектестікпен, жанашырлықпен, іскерлікпен атсалысар болсақ, Президент алға қойған міндетті толығымен еңсеретін боламыз. Оған сенім мол» деді.

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия, жұмыс топтарының мүшелері, сондай-ақ ғалымдар, қоғамдық ұйымдар мен зиялы қауым, БАҚ өкілдері қатысты. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мақсаты мен міндеті, жұмыс жоспары сөз болды.



Сәбит БЕКСЕЙТОВ
филолог, қаламгер

Таныс та бейтаныс латын таңбасы

Латын таңбасы қазақтың жаңа әліпбиінің көпшілік назарына ұсынылған нұсқалары төңірегіндегі пікірталас бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде қызу өтті десек, артық айтқандығымыз емес. Оған, тіпті, «қауіп еткеннен айтамын» деген ыңғайдағы орынды пікір, орайлы ұсыныс айтылып жатса да, мұны қарсылық деп қабылдаудың да қылаң беруі куә. Шын мәнісінде қарға тамырлы қалың жұртымыздың басым көпшілігі қарсылық емес, қолдау білдіріп жатыр. Мәселенің мәнісін толық түсінбесе де, еліміздегі орыс тамырлар да, басқа да ұлт өкілдері де барынша қолдау көрсетуде.

Әлем әліпбилері

Әлемде 65 әліпби бар екен. Десек те, жазу жүйесі және әліпби сияқты ұғымдарды ажырату жөн көрінеді. Әліпби – әрбір тілдің әріптер түрінде ұсынылған барлық дыбыстары болса, бұған қоса буындық жазу, тұтас сөзді білдіретін иероглифтер, тағы да басқалар бар екен. Сондықтан, қазіргі сәтте барлығы қырық алты әліпби бар деп есептеледі.

Арабтардың, грузиндердің, армяндардың, еврейлердің (иврит), гректердің, жапондардың (кандзи, ромадзи, хирагана, катакана), кхмерлердің, тіпті жаңа гвинея папуастарының төл әліпбилері бар. Кезінде қайран Ақаң (Ақселеу



Сейдімбек) көне түркі руникалық жазуын жаңғыртып, қазақтың төл әліпбиін жасауды ұсынған еді. Ғаламторда «Әлемнің барлық әліпбилері» (Все алфавиты мира) деген тізбеде сол ұлы жазуымыз жоқ, тіркелмепті...

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жаңа әліпбиімізді латын әріп-таңбасы негізінде түзуге ойыстық. Содан бері осы мәселені қаузап келеміз. 2003 жылғы 6-7 қарашада Алматыда өткен Қазақстан Республикасының сол кездегі Мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов ашып, жүргізген «Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, көп жылдардан бері осы мәселемен тікелей айналысып жүргендіктен, төл мамандығым филолог ретінде, қырық жылдан астам ала қағазды айналдырып жүрген қаламгер ретінде өзімнің қазақтың жаңа әліпбиі төңірегіндегі ойыммен бөліскенді жөн көрдім.

Сөздің реті келген соң айта кетейін, сол алқалы басқосуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы С.Мырзабеков: «Қазақ тілінің тыныс-тіршілігі, болашағы терминге тіреліп отыр. Мұндағы зор түйткіл мәні халықаралық, әні (дыбысталуы) орыстық сөздерге байланысты. Түбір тұрғысынан қарағанда қазақ тілі орыс тіліне кірме күйде. Алда екі жол: 1) Осы қалыппен зырлай береміз, жырлай береміз. Ақыры – құрдым. 2) Қазақ тілі өз дыбыстық жүйесіне келеді. 28 әріп дыбыспен барша сөзін қайта сөйлетеді. Орыс сөздерінің омыртқасын омырып, қабырғасын қаусатып дыбыстық жақтан қайта игереді. Өзінің тілдік иммунитетін қалыптастырады. Бұл тілдің болашағы үшін керек. Қазіргілер үшін мұндай әрекет құбыжық болып көрінетініне күмән жоқ», – деген еді. Осы сөздің шындығына күні бүгінге дейін көз жетіп келеді.

Өзге тілді дыбыстар дыбысталуынан арылу

Басты гәп өзге тілді дыбыстардан арылу болса, кирилше құрастырылған әліпбиімізден 11 дыбысты (в, ё, ф, ц, ч, щ, ь, ь, э, ю, я) алып тастасақ, қалған 31 дыбыс (а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, х, һ, ш, ы, і) өз тілімізге етене екені анық. Осылардың ішінен а (a), б (b), г (g), д (d), е (e), і (i), ж (j), з (z), к (k), қ (q), л (l), м (m), н (n), о (o), п (p), р (r), с (s), т (t), у (u), х, һ (h), ы (y) 22 дыбыстың латынша таңбалануы дау туғызбайды.

Қазақтың латын әріп-таңбалы әліпбиін түзу барысында биліктегі шенеуніктер де, тілші ғалымдар да, қалың көпшілік те «Бізде таза қазақ тіліне тән сегіз әріп бар – соларды таңбалау керек. Басты мәселе осы», – деп Елбасымыз айтқан қағидатты ұстануы керек. 25 әріптен тұратын әліпбиге зерделеп қарасақ, төрден орын алған 3 әріп (Ц, Ф, В) қазақ тіліне тән емес дыбыстар және дауыссыз дыбыстар. Ал, қосұрықтанып, яки, қосәріптеніп диграф түрінде

жертөлеге түсіп кеткен қазақтың 3 дауысты дыбысы – Ә, Ө, Ү. Бұл дыбыстар (әріптер) әредік емес, күнде минут сайын, секунд сайын, өмір бойы қолданылатын қазақтың ежелден келе жатқан төл дыбыстары. Міне, осы дыбыстар жеке әріппен таңбаланып, төрден өз орындарын алуға тиіс. Мейлі, қалай таңбаланса да: Ә, Ө, Ү деп өз бетінше қалдыруға да болады (бұл таңбалар компьютерде «Символдар» легінде бар, қазір пернетақтада да бар) немесе неміс әліпбиіндегідей Ä, Ö, Ü умлаут таңбалармен берілсе, ешқандай қиындық келтірмейді. Осы бір үш әріпті енгізгеннен өркениет көшінен қалып қоймаймыз... Ал, үлгі ретінде көлденең тартып отырған ағылшын әліпбиіндегі zh (ж), ch (ч) әріптері – дауыссыз дыбыстардың таңбалары.

Ұсыныс ретінде келесі айтарым: қазақ тіліне тән емес В, Ф, Ц, Ч дыбыстарының V, F, C (Ц), C (2-ші бір нұсқада Ч болып жүр) латынша таңбалануларын қазақтың төл дыбыстарына пайдаланған дұрыс. Айталық, V-ны Ү әрпінің орнына, F-ны F(ғы) әрпінің орнына, C-ны Ш әрпінің орнына, ал басы даулы W-ны Ұ орнына (ағылшынша дыбысталуы осы біздің ұлы Ұ-ға жуық) пайдаланған жөн сияқты. V дегеніміз Ү, W дегеніміз Ұ – әдемі үйлесіп, жарасып тұрған жоқ па?! Ал, енді, түрік ағайындардағы В, Ф, Ч дыбыстарын қажет етсек, міне оларды қос әріппен, яки диграфпен таңбалау керек (vh – в, fh – ф, ch – ч).

Өзге елдер қалай қолданады?

Ал, түрік алфавитінде, тіпті озық елдің бірі – неміс алфавитінде төбесінде қос нүктесі бар А, О, Ү (Ä, Ö, Ü) және т.б. әріптер бар. Сонда да, көштен қалып жатқан жоқ. Ал, біз 25 әріптік әліпбиге көшсек, тұтастай Ә, Ө, Ү, Ү, F, Ц, Ш әріптерінен (7 бірдей төл дыбыстан) айырылайын деп отырмыз. Ә-ні Ae дегеннен, Ө-ні Oe дегеннен не ұтамыз?! Өйткені, қазақтар немістер сияқты қалай жазылса, солай оқып үйренген. Ағылшындар сияқты ұшақ атауын Boeing деп жазып, Боинг деп оқуға немесе француздар секілді автомобиль атауын Renault деп жазып, Рено деп айтуға дағдыланбаған. Атаң қазақтың «Әр елдің салты басқа, иті сарыала қасқа» деген уәжді сөзі осындай жағдайдан туындаса керек.

Кешеден жеткен леп...

Әліпби жобаларын жасаушылардың қазақтың Ә мен Ө дыбыстарынан (әріптерінен) қарадай неге үркетінін білмеймін, тіпті, түсінбеймін?! Тарихтан белгілі, КСРО ОАК жанындағы Жаңа әліпби жөніндегі комитеті латиница негізінде «Бірыңғай Түркі Әліпбиін» (Яналиф немесе қаз. Жаңаліп) әзірлеген болатын. Қазақ тіліне тән кейбір түрленімдері бар осы әліпби ресми түрде, 1929 жылдан 1940 жыл аралығында, кириллицаға ауыстырылғанша пайдаланылды. Осы әліпбиде Кеңес өкіметінің қылышынан қан

тамған заманда Ә мен Ө өздерінің лайықты орындарын алып тұр. Ы әрпінің орнына орыстың айырым белгісі Ъ әрпі пайдаланылыпты.

Таныс та бейтаныс...

Студент кезімде қарт қаламгер Жайық Бектұровтың үйіне барып, Сәбит Мұқановтың латынша әріптермен терілген «Мағжан Жұмабаев» деген кітапшасынан ақынның өлеңдерін қиналмай көшіріп алып, соңынан кирлшеге жаңылыспай түсірдім.

Міне, таныс таңбалар, бөгелмей оқып отырмын. «Әдебиет мұраларынан. Ақан сері. Таңдамалы өлеңдері. Жинап баспаға дайындаған: Сәкен. Қазақстан көркем әдебиет баспасы. Алматы 1935». Дұрысы осы ғой. Ә, Ө, Ң, Ы, Ж әріптері жеке-жеке таңбаланған. Aelēm, Oeleng дегенмен алысқа бармаймыз. Əlem, Əlen (n-нің құйрығы бар) десе бір сәрі...

Осы жайларды жазып отырғанда, тіл ұшына қыжылы мен қылжағы аралас мына бір өлең жолдары келді: Қосаяқ нәлет Ae-мен, Ілгері жүзбек қай кемем? Aelīm десең Əлімді, Отыра қоймас жайменен?! Қосұрық нәлет Oe-мен, Кідіріп қалды ой кенен. Oelīm десең Өлімді, Oemir ағаң «қой!» деген. Қосмүйіз нәлет Ue-мен, Көз жаздық жосық, жүйеден. Үкілеп жүрген Үмітің. Түскендей ауып түйеден! Енді, бүгінгі таңда суретші-лингвист, халықаралық Интербет фонематикалық әмбебап әліпбиінің авторы Виталий Веташи әзірлеген 44 таңбадан тұратын Халықаралық әліпбиде де Ә мен Ө бірі екінші қатардан, енді бірі бесінші қатардан өздеріне тиесілі орындарын тапқан.

Пернетақта түймесі сәйкес-ақ...

Сосын, әлеуметтік желілердегі маған ұнаған жазбалардың ішінде: «Компьютер пернетақтасында әріп пен цифр және кейбір символдарды басуға болатын 35 қосу 13 қосу 15 = 63 түйме бар. Бұл басқа функционал түймелерді айтпағанда. Орыстар Ё, Я, Щ, Ц, Ъ, Ы, Ч-ларға орын тауып отырғанда, біз неге өзімізді жұрт саусағын да сұқпайтын қуысқа тыға береміз! Яғни, қазақы төл дыбыстың әрбірі жеке әріп-белгі иеленуі керек. Ағылшында 26 әріп деген сөз, пернетақтада бар-жоғы 26 түйме бар дегенді білдірмейді ғой. 31-32 әріп, тіпті 33 болса да жолын тауып, бірақ қосақ әріп-белгілерден құтылу керек, жолатпау керек. Жоғарыдағы 35 әріп түймелері, 13 – ё-ден бастап теңдік пен қосу белгілерін, цифрларды басу үшін арналған үстіңгі регистр түймелерінің саны, 15 – оң жақтағы цифрғақтадағы түйме саны. Енді осы 63-ті оған қоса 42 басқа функционал түймелерді – барлығы 105 түймені көре, біле тұрып қай сасқанымыз, өзімізден өзіміз құр босқа кең жерде сығылып, қысылып, мыжылып?! – деп, заңгер ғалым Болат Сыздықтың намысқа шақыра айтқан пікірі әрі түсіндірмесі болды. Дұрыс айтады.

Тобықтай түйін

Мүмкіндігінше диграфқа жоламау керек. Латын таңбасына көшкен соң, жөнімен көшу керек қой! Қазақтың әрбір дыбысы, әсіресе, жуан дауыстылары жеке таңбалануға тиіс. Әйтпесе, Ае-мен, Ое-мен тілімізді бұзып алуымыз, тіпті жойып алуымыз мүмкін?!.. Ал, тілбұзарлар мен басқа тілділерге бәрібір, өз басым оларға дауа жоқ деп білемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: біз Рухани жаңғырудың басты темірқазығы – Қазақтың латын әріп-таңбалы жаңа әліпбиін қолдаймыз, басқаша болуы мүмкін емес. Ал осы келелі іске ақжолтай серік боларлық пайымды пікір, ұтымды ұсыныс – қарсылық емес, кеңесіп ақылдасу, тың жобаны пысықтап, жетілдіруге ақ ниет, ізгі тілекпен жәрдемдесу. Ортақ іске бүкіл қазақстандықтар бір кісідей жұмылуы керек. Келісім түбі – келелі іс десек, Ұлы Дала елінің латын әріп-таңбасы жаңа әліпбиін жасауға дара-дара болмай, бір кісідей атсалысайық. Ұлттың негізгі белгілері – Тіл мен Діл және Туған жер екенін, ал әліпбиіміздегі Ә – Әкеміз, Ө – Өміріміз, Ұ – Ұлтымыз, Ү – Үкіметіміз, Ы – Ынтымағымыз, І – Ісіміз, Қ – Қазақ еліміз, Ғ – Ғасырымыз, Ң – шыққан Шыңымыздың бектеп, бекемдеп, бекітер соңғы әрпі екенін әсте ұмытпайық. Естеріңізде болар, «бектеп, бекемдеп, бекітіп» деген сөз тіркесі ұлы Әуезовтің өміршең өрнегі.



Нұрлан ҚҰМАР
«Үркер» журналының
бөлім меңгерушісі



Мәселе маңдайшадан басталады немесе мемлекеттік тілдің құдіреті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы болашақта біртұтас ұлт болу мен бұқаралық сананы өзгертудің кепілі болды.

Осыған байланысты игі істер атқарылу-да. Соның бірі де, бірегейі – мемлекеттік тіл. Өкінішке орай қазақ тілінің қолданылу дәрежесі өзінің биік шыңына шыға алмай келеді. Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес-сін» деген қанатты сөзінің айтылғанына да біраз уақыт болды. «Қазақ қазақпен өзге тілде сөйлесе, жат жұрт не демейді? Он бес жыл аз уақыт емес. Не өзгерді? Қандай белеске жеттік? Ұлтымыздың жанын баурайтын сөздің мән-мазмұнын ел жүрегіне жеткізе алдық па?» деуінің астарында үлкен мән бар. Бұл жерде Елбасымыз тіл – халықтың жаны екенін, қай тілде сөйлесе, сол адамның ішкі дүниесі сол халыққа қарай іш тартатынын нәзік түрде атап өткен болатын.

Атауларға назар аударсақ

Қазақстан Республикасының 2013 жылдың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орфоэпика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №72-V Заңының 2-тармағында ауылдық

округтің орыс тіліндегі мәтіні «сельский» болып өзгеріссіз қалатындығы көрсетілген болатын. Бұл жерде еліміздегі жер-су, ауыл, елдімекен, көше атауларына назар аударсақ, қате көп екенін аңғаруға болады. Бұл салада жүрген мамандардың жұмысы да көзге көріне бермейді. Алайда, қайнап жатқан жұмыс ономастикада екенін көзі қарақты адам жоққа шығармас. Бұл орайда қадағалайтын басты нәрсе – атаудың қате жазылмауы. Осы олқылықтан қанша кісі баратын мекенжайына бара алмай, көздеген нысанын таба алмай жүр. Жедел жәрдем, полиция қызметін шақырған үйлерге де көмек дер кезінде жетпей жататыны жасырын емес. Көшеге аты берілген тұлғалардың есімі жазылған аншлаптар мен мекеме маңдайшаларындағы заңға қайшы келетін қателер талай рет ескертілсе де түбегейлі жойылмай келеді.

Латын әрпіне көшу бізге не береді?



Бүгінгі таңда тілімізді әлемде кең таралған латын әліпбиіне көшіру сияқты көкейкесті мәселеден сырт қалмай, тіл жанашырларының бірі ретінде өз ойымызды білдіргіміз келеді. Латын әрпіне көшу бізге не береді? – деген сұраққа жауап іздейтін болсақ: біріншіден, әлемдегі 112 ел латын әрпін, 48 ел араб әрпін, тек 12 ел ғана кириллицаны қолданады екен. Әлемдік ақпараттардың және ғылыми жаңалықтардың 80 пайызы ағылшын тілінде жарық көреді. Яғни, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Екіншіден, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға жағдай туады. Үшіншіден, түркітілдес елдердің ішінде Қазақстан мен Қырғызстаннан басқасы латын әрпіне көшіпті. Яғни, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынастың күшеюіне біздің мүмкіндігіміз болады. Сондықтан да

біз латын таңбалы жаңа қазақ әліпбиінің жасалуын қолдаймыз, өйткені бұл – заман талабы.

Тілде түйткіл көп

Мемлекеттік тілдің мәселесі көп. Әсіресе, жастардың қазақша сөйлемегенінің себептері жетерлік. Біріншіден, елімізде шетелдермен байланыс күшейді. Осыған орай, халықаралық тілде сөйлеу сәнге айналды. Өзге тілді үйрену үшін жастар қаншама қаржысы мен уақытын бөліп жатқанын елестетудің өзі қиын. Екіншіден, бұрынғы кеңестік идеология санамызға сіңіп алған. Әсіресе, аға буын өкілдері орысша сөйлеуге құмар. Ол ол ма, балаларын, тіпті немерелерін ресми тілде оқытуды мақсат ететіндер әлі де баршылық. Үшіншіден, ақпараттық құрал мен заман ықпалының әсері күшті болып тұр. Төртіншіден, әлеуметтік жағдайдың да тигізіп жатқан ықпалы бар. Айта берсек, себеп көп. Бірақ, нәтиже шамалы. Бұл мәселелер ұлтжанды азаматтарды алаңдатары анық.

Иә, ата-бабамыз армандаған Тәуелсіздікке ие болдық. Былтыр оның жиырма алты жылдығын атап өттік. Тәуелсіздікті алу бар да, баянды ету бар. Мұның өзі зор міндет, үлкен жұмыс. Бүкіл халық болып Президентіміздің саясатына қолдау көрсетуіміз керек. Мемлекет басшысының саясатын қолдамаса ол мемлекет өсіп, өркендей алмайды. Елбасының саясаты қолдауға тұратын, жұрт көңілінен шығып отырған саясат. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау да оңай болмады.

Баяғыда автономиялық мемлекет болып тұрған кезімізде екі тілді мемлекеттік тіл дегенбіз. Бірақ қазақ тілі дәлізде қалып қойды. Орыс тілі жоғары көтеріліп кетті. Оны ресми тіл деп жариялауымыз әділеттілік пе? Бөтен мемлекеттің тілі неге біздің елімізде бірінші тіл болуы керек?

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мемлекетіміздің жаһандану көшін ілгерілету мақсатындағы маңызды құжатқа айналды. Барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі Елбасы ұсыныстарының маңыздылығын терең түсініп, дамуымыздың басты қағидасы екенін сезінеді. Елбасының игі бастамасын қазақстандықтар ыждаһатпен қолдайтынына сенімдіміз.

Мәселе маңдайшадан басталады. Кеңсеге кіре бергенде маңдайшаға қарап қойсақ қайтеді?



**Төлеубек
ЗАЙСАНБАЕВ**
*С.Ж. Асфендияров
атындағы Қазақ
Ұлттық медицина
университетінің
доценті, филология
ғылымдарының
кандидаты*

Халықаралық терминдерді қалыптастырудағы латын әліпбиінің маңызы

Жазу – кез келген халық мәдениетінің, өркениетінің деңгейін анықтайтын басты белгілердің бірі және адамзат қоғамын дамытушы, өркениетті ілгері бастырушы күш.

Жер бетіндегі көптеген халықтар секілді түркі халықтарының өздерінің төл жазулары болған. V-VIII ғасырларда қолданыста болған бұл жазу Араб халифаты үстемдігі кезінде бірте-бірте қолданыстан шығып, ұмытылды. Ислам дінін тарату мақсатында мектеп, медреселер ашқан арабтар өз жазуларын пайдаланып, өз сөздерін қолданды. Сөйтіп, түркі халықтары арасына араб-парсы сөздері көптеп ене бастады. Араб-парсы тілінен тек діни сөздер ғана емес, ғылым мен білімге, мәдениет пен әдебиетке қатысты сөздер де енді. Өйткені, сол кездегі Араб халифаты ғылымы мен білімі, әдебиеті мен мәдениеті дамыған ел болатын. Дегенмен, түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы да пайдаланған араб жазуы қазақ тілінің табиғатына сай келмейтін еді. Араб жазуының бұл кемшілігін пайдаланған Н.И. Ильминский, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.Ф. Катанов сияқты миссионерлер қазақтарды біртіндеп орыстандыру, шоқындыру мақсатында орыс әліпбиіне негізделген қазақша әліпшелер дайындады. Алайда олардың орыс жазуына негіздеп құрастырған әліпбилері де қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл таңбалап бере алмағандықтан, өміршең бола алмады.



Араб жазуын қазақ тіліне бейімдеу кезеңі

1907-1914 жылдар аралығында көптеген қазақ зиялылары араб жазуын қазақ тіліне бейімдеуге талпыныстар жасады. Олар жасаған әліпби нұсқалары баспалардан шығып, аз уақыт қолданыста да болды. Бірақ бұлардың ешқайсысы ұлы ғалым А.Байтұрсынұлының 1912 жылы жасаған әліпбиіне тең келмеді. Ол әуелі қазақ тілі дыбыстық жүйесін ретке келтіріп, сонан соң араб әліпбиін қазақ сөзін дәл таңбалауға бейімдеп, ұлттық тілдің төл дыбыстарымен толықтырды. Бұл әліпбиді қазақ халқы ұзақ уақыт пайдаланып келсе де, тек 1924 жылы ғана ресми түрде қабылданды.

Өткен ғасырдың 20-жылдары Кеңес Өкіметі өзінің құрамындағы түркі тілдес халықтардың жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы ұсыныс жасаған болатын. Араб жазуын пайдаланып отырған түркі халықтарын мұсылман дінінен ажыратудың қиын екенін білген сұңғыла саясаткерлер осындай жолды таңдаған сияқты. Бірден кирилл әліпбиіне көшірсе, түркі тектес халықтар арасында толқулар болып кетуі мүмкін деп қауіптенсе керек. Олар кезінде «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынұлының: «Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай жоғалмайды, – деп жазғанын да ескерген болса керек. Оның үстіне араб жазуының ғылымды дамытуда кемшілігі көп екендігін, ғылымы мен білімі дамыған еуропа елдері қолданып отырған латын әліпбиіне көшу қажеттігін түріктердің, эзербайжан мен татарлардың зиялы өкілдерінің біразы XX ғасырдың басында-ақ сөз қылып жүрген.

Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек

1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АКСР-нің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» күн тәртібіне қойылған мәселелердің бірі латын әліпбиіне көшу болды. Бұл сиезде бір дауыс артықшылығымен араб әліпбиін қолдаушылар жеңіске жетті. Дегенмен, сиезден кейін де баспасөз беттерінде араб әліпбиі мен латын әліпбиін жақтаушылар арасында айтыс-тартыс толастаған жоқ. Арада 90 жылдан аса уақыт өткенде латын әліпбиіне көшу мәселесіне тағы оралып отырмыз. Оған ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы айтқандары болып отыр. Елбасымыз «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселені сөз қылған болатын. Содан бері тіл мамандары, тіпті ғылымның басқа салаларының өкілдері де латынға негізделген қаншама әліпбилер жобасын жасады. Әліпби ауыстырудың себебі, мақсаты не деген сұрақтарға жауап бермес үшін әліпби қандай болуы керектігіне тоқтала кетейік.

Жоғарыда айтылған сиезде жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Өлшенбей тігілген о жер бұл жері

бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; Бойынды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады», – деп әліпбидегі әріптер тілдегі нақты бар дыбыстарды ғана беруі керек екендігін баса айтқан. Яғни, әліпбиде сол тілге тән емес дыбыстарды беретін әріп болмауы тиіс. 1924 жылғы сиезде араб әліпбиін жақтаушылар да, латын әліпбиін жақтаушылар да А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, емлесі туралы айтқандарын мойындаған. Латын әліпбиін жақтаушылардың басында тұрған Н.Төреқұловтың өзі: «Жазудың емле жағы қазақта бітейін деп қалған. Атақты тарихшы Нажиб Асим (Нәжиб Ғасим») «Түрік» деген сөзді баяғыша «трк» түрінде емес «түрік» деп үйрету үшін 20 жыл ұрынды, «т»-дан соң «уау» хәрпі керек дегені үшін көп заманға дейін «Нажибесімді» «уаули түрік» деп Стамбул келеке қылды, тағдырға шүкірлер болсын, Байтұрсынұлы Ахмет мұнан он шақты жыл бұрын тілге туралап түзеткенде барлық жұрт керектігін біліп, қабыл алған», – деп әділін айтқан.

Кірме сөздердің жазылуында ала-құлалықтар болады

1929 жылы Қызылорда қаласында ресми бекітілген латын жазуына негізделген тіліміздің әліпбиінің емле ережесі А.Байтұрсынұлының әліпбиінен алшақ кеткен жоқ. Соның дыбыстық құрылымын басшылыққа алды. Бұның себебі ұлттық болмыс пен ұлттық тілдің қадір-қасиетін жақсы түсінетін Алаш арыстарының көзі тірі еді. Олар орыс сөздерін жазып-айтуға бейімдейтін бөтен дыбыстарды латынша түр алған «төл» әліпбиге енгізуге қатты қарсылық көрсетуі мүмкін болатын.

1929 жылғы ережеде кірме сөздер үндестік заңына бағынып жазылуы біршама дұрыс жолға қойылғанымен, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен тіркесімі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың үндесімі жағынан, сондай-ақ орыс тіліндегі кейбір дыбыстарды қазақ тіліндегі қандай дыбыспен беруге болады деген сұрақтарға жауап беруде көптеген кемшіліктері бар екені байқалады. Бұл өз кезегінде кірме сөздердің жазылуында ала-құлалықтар туғызды, сондықтан 1938 жылы толықтырылып қабылданған ережеде х, в, ф дыбыстары қосылып, орыс тілінен енген сөздер орыс тіліне барынша жақындатып жазылатын болды. Бұл қазақ тілінің табиғатын бұзуға жасалған алғашқы шабуыл еді. Ал тіліміздің өзіндік ерекшелігін бүлдіріп, табиғи заңдылықтарын бұзған кирилл әліпбиіне негізделген қазақ жазуы 1940 жылдан бүгінге дейін кең қолданыста болып келе жатыр. 1928 жылдан басталған қазақ жазуын ауыстырудың тарихын зерделеп, ой таразысына салсақ, тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, жалпы арабшадан латынға, латыннан кирилге көшудің қоғамдық-әлеуметті қажет-

тілігі мен экономикалық тиімділігі т.б. уәждерінен гөрі саяси астары басым болғанын аңғарамыз. Яғни, бір мақсат – орыстандыру саясаты тұрған.

Өткен ғасырдың 20-30-жылдары латын емес орыс әліпбиін пайдаланайық дегендер де болған. Ал Н.Төреқұлов: «Орыс әліпбиінің майданы тар. Орыс, бұлғар сықылды елдерден басқа онымен жазбайды. Латын әліпбиінің майданы кең. Мұнымен кең майданға шығамыз», – деп сол кездің өзінде-ақ еуропаның озық ғылымын меңгеруге латын әліпбиінің зор көмегі болатынын болжаған.

Оның үстіне түркі тілдес халықтардың ішіндегі ең ірісі – Түркия мемлекеті латын әліпбиіне көшуді қолға алған болатын. Ортақ әліпби арқылы олармен байланысымыз арта түсетіні сөзсіз еді. Бұл, әрине, ортақ әліпби болса болды түркі тектес халықтар бір-бірімізбен емін-еркін сөйлесіп кетеміз деген сөз емес. Себебі туыстас тілдердің өздері де бір-бірінен дыбыстық құрылымы, сөздік құрамы жағынан өзгешеленіп тұрады. Дегенмен, әліпби ортақ болса, оларды меңгеріп кету тілге бейімі бар адамдарға онша қиын болмайды және туыстас тілдер арасында ақпарат алмасу оңайлап, ғылым мен білімді дамытуда ортақтастық көп болар еді.

Ұлттық мүдде тұрғысынан

Кезінде Алаш зиялылары қазақ әліпбиі мен емлесіне (жазуына) қатысты мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан сөз етіп кетсе, қазіргі уақыттың көптеген ақын-жазушылары мен ғалымдары тарапынан да соның жалғасын тауып, қолдау көріп жатқанын көреміз. Демек, сол ой-тұжырымдардың әлі де өз құнын жоймағанын, әлі де аса маңыздылығын байқаймыз. Сондықтан да қазіргі қазақ қоғамы ғылыми-технологиялық, компьютерлік-бағдарламалық, қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-мәдени байланыстық (түркілік ұлттардың бірдей әліпби пайдаланып тұтасуын) және т.б. жанама себептерді алға тарта отырып, негізінен ұлттық-танымдық, ұлттық-лингвистикалық мәселелерді қазақ жазуын латыншаға ауыстыру арқылы шешуге болады деген тұжырымға келіп отыр. Ол үшін тілдің табиғатына сәйкес келмейтін дыбыстарды әліпби құрамынан шығарып тастау керек. Алайда, қазіргі кирилл әліпбиін пайдаланып отырғанда олай істеу мүмкін емес. Себебі оған көзі де, өзі де үйреніп, әбден бауыр басып қалған қазіргі қазақ қоғамы – өзгетілдік сөздерді, ендігі уақытта тіліміздің төл дыбыстарымен қазақша жазып-айтуды бірден қабылдай алмайды. Ол үшін әліпби ауыстыру қажет. Ал әліпби ауыстыру – ұлттық-танымдық, ұлттық-лингвистикалық мәселені шешіп, рухани тәуелсіздік алуға бағытталатын аса маңызды қадам. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне негізделген төл әліпбиін құрастырып, емле мәселесін оңтайлы шешіп алған соң ғана жазуымыз өзінің төл табиғатымен табыса алады.

Жаңа әліпби, жаңа жазу....

Жаңа әліпби, жаңа жазу, жаңа ереже арқылы ғана кирилл әліпбиінен, сол арқылы күштеп ендірілген жат тілдік дыбыс-әріптерден, сол дыбыс-әріптер қолданылатын өзге тілдік сөздер орысша қалай жазылса, қазақ тілінде сол қалпында жазуға мәжбүрлейтін емле ережелерден құтылуға болады.

Тілімізге жат, тілдің табиғатына келмейтін дыбыстарды әліпби құрамынан алып тастасақ, қазіргі «халықаралық» деп аталып, орыс тілінің үлгісімен жазылып жүрген терминдерімізді қазақ тілінің дыбысталуына бейімдеп жазатын едік. Мәселен, медициналық терминдерді алайық. Медицина ғылымының Еуропада ерекше дамуы, сондай-ақ бір кездері ғылым атаулының латын тілінде жазылуы осы саладағы терминдердің латын тілі арқылы қалыптасуына себеп болды. Ал орыс тіліне келетін болсақ, бұл тілдегі медициналық терминдердің 95%-ы латын, грек, ағылшын т.б. тілдерден кірген сөздер десек те болады. Бірақ бұлар орыс тілінің дыбыстық заңдылығына бағынып енгендіктен, әуелгі тұлғаларынан мүлде өзгешеленіп, орыс сөзі болып кеткен. Орыс тіліндегідей жазылуы тиіс деп күштеп таңған ереже бойынша жазылып жүрген «халықаралық терминдерді» қазақ тілді адамдарға дұрыс дыбыстау да, қатесіз жазу да қиын. Онымен қоса, терминдерге сөйлем құрамында әртүрлі жалғау жұрнақтар жалғануы тиіс. Міне осы жағынан да қиындықтар туады. Оған орысша-қазақша медициналық сөздіктердегі, медициналық оқулықтар мен оқу құралдарындағы дистальды-дистальді-дисталды; латеральды-латеральді-латералды; ракке қарсы – раққа қарсы (рак деген терминді қазақша обыр деп аударып еді, орыс тіліне басы айналып қалған дәрігерлер өре түрегеліп қарсы болды), бронхқа – бронхыға сияқты қосымшалар әртүрлі жалғанып жүрген сөздер дәлел бола алады. Осы сөздерді латералді (тіпті ләтералді демей-ақ қояйық, қазақ тілінде құрмет, қасиет т.б. сияқты бір буыны жуан, екінші буыны жіңішке сөздер бар, тек аралас буынды сөздер болмайды), дійстәлді, бронхыға деп жазу арқылы қиындықтан оп-оңай шығуға болатын еді.

Орыс тілді басылымдарда қазақ тілі ғылым тілі бола алмайды, қазақ ғылымы орыс тілінің арқасында дамып жатыр деген сияқты пікірлер айтылып жүр. Олар оған «Медицина университеті стоматология факультетінің студенті» сияқты сөйлемдерді мысалға келтіреді. Мұндай сөйлемдегі сөздердің барлығы орыс тілінің заңдылығымен дыбысталып тұрған кірме сөздер екеніне орыс тілді басылымдағы журналшылардың милары жетпей ме, әлде орыс тілінің «ұлылығын» дәлелдеу ме, ол жағын біле алмадық.

Орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген сөздерді орыс тіліндегідей етіп жазамыз деген ереженің тағы бір қырын айта кетпесе болмайды. Бұл туралы профессор Б.Қалиұлы былай дейді: «Орысша жазылып, орысша ай-

тылып жүрген терминдерді әспеттеп «халықаралық терминдер» деп атауымыз – қазақ тілінің қамы емес, ол сол термин кірген тілдің қамы. Айналып келгенде сол тілдің сөздерін қолдану, сол тілдің сөздерін дамыту, өсіру, өркендету деген сөз. Сол арқылы қазақ тілін дамытпау, аздыру, азғындату. Нәтижесінде оны біржолата құрту, тамырына балта шабу».

Қазіргі кезде қоғамда жат сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындырып айту керек, мүмкіндік болса ондай сөздерді туыстас немесе араб, парсы тілдерінен алған жөн деген көзқарастармен қатар керісінше қазіргі жазуымыздағыдай, яғни орыс тіліндегідей етіп алу керек деген пікірлер де аз емес. Кезінде Елдес Омарұлы жат сөздердің түбірін өзгертпей алсақ, олар «бір түрлі ерсі сөз болып қалады» десе, қазір керісінше орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген терминдер мен сөздерді қазақша дыбыстау «бір түрлі ерсі» сияқты болып көрінетін дәрежеге жеттік. Жат сөздерді үндестік заңына бағындырып жазу артта қалғандық, кері кеткендік, қазіргі қазақ бұрынғы қазақ емес, кез келген тілдегі кез келген сөзді айта алады деген сияқты пікірлер қалыптасты.

Тіліміздегі жат дыбыстар.....

Қазақ тілін зерттеп жүрген тіл мамандары мен ақын-жазушыларымыздың өздері орыс сөздерін қазақ тілінің заңдылығына салып айтуды кері кеткендік деп бағалап жүргенде қазақ тілін менсінбей мұрнын шүйіріп қарайтын қандастарымыздың не дейтінін айтып жеткізудің өзі қиын. Тіпті орыс тіліне, ағылшын тіліне тән дыбыстарды әліпбиімізге кіргізбесек, жастарымыз компьютерді игере алмай қалады, заман ағымынан қалып қояды деген пікірлер де баршылық. Оған «Латын негізіндегі қазақ әліпбиі» (жобалар жинағы) деген еңбек авторларының латын әліпбиі жобалары туралы айтқан пікірлерін келтіруге болады. Мәселен, олар академик Ә.Қайдари жасаған латын негізіндегі қазақ әліпбиі жобасының кейбір жерлерімен келіспейтінін былай деп түсіндіреді: «Қазақ тіліне тән фонеманың бірі h әрпін неге қазақ әліпбиі жобасына кіргізбегені түсініксіз. Қазақ әліпбиінің жобасына латынның Cc, Ff, Ii, Vv, Xx символдары кірмеген. Мысалы, компьютерді пайдаланғанда кездесетін «файл» деген түсінікті қалай жазамыз? Каталогтың (папканың), файлдың, программаның, функцияның, модульдің т.б. аттары латын әрпімен жазылады. Латынның бұл символдарын қазақ әліпбиіне қабылдамағаннан не ұтамыз? Жастарымыз шет тілдерін оқымай ма?».

Авторлардың осы сөзіне қарағанда кірме сөздерді қазақыландырып жазсақ, компьютермен жұмыс істей алмай қалады екенбіз және тіліміздегі жат дыбыстар жастарымыздың шетел тілдерін тез меңгеруіне ықпалын тигізеді-мыс. Компьютердің бағдарламасын адам жасайтынын, бағдарламаға

қандай таңба кіргізсең де компьютер оқи беретінін дәлелдеудің қажеті бар ма? Әрине, мүмкіндігінше компьютердің пернетақтасындағы әріптерден асып кетпеуге тырысу керек.

Әліпбиде әріп саны көп болған сайын, басқа тілден енген сөздерді айта алу қабілетіміз арта түседі деген көзқарас дұрыс емес. Қанша жерден әліпбиді жат дыбыстармен сықап толтырып қойса да, олар тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан артикуляциялық табиғатына өзгеріс енгізе алмайды. Бұл домбыраға балалайканың ішегін тағу арқылы орысша да, қазақша да ән айта беруге болатын музыкалық аспап жасап шығарамыз деумен бірдей.

Нүкте

Тағы да қайталап айтамыз, латын әліпбиіне көшу орыс тіліне қарсылық емес. Елбасымыз жүргізіп отырған үштұғырлы тіл саясатын бәріміз жақсы түсінеміз. Орыс тіліндегі ғылыми еңбектер, көркем шығармалар ұшан-теңіз. Олардан қажеттісін ала білу – болашақ ұрпақ үшін аса қажет. Қазақ мектептерінде орыс тілі сабағы болатынын, ал орыс тілі кирилл әліпбиінде оқытылатынын естен шығармайық. Сондықтан байбалам салып латын әліпбиіне қарсы шықпай, мәселеге мән беріп қарап, Елбасымыздың саясатын қолдайық. Латын әліпбиіне қазақтың өзінің төл дыбыстарымен, қазақ тілінің заңдылығын басшылыққа алған емле-ережелермен ауысу арқылы тіліміздің күмбірлеген қоңыр үнін болашақ ұрпаққа аманат етеміз.



Талғат МОЛДАБАЙ
*Л.Н. Гумилев атындағы
 Еуразия ұлттық уни-
 верситеті түркітану
 кафедрасының аға
 оқытушысы,
 PhD доктор*



Көне түрік бітіг (руника) жазу таңбаларының архетиптері, семантикалық болмысы

Жазу – өнер мен мәдениет жетістігі ғана емес, өркениеттің өрелі көрінісі. Кез келген мәдениеті жоғары деп танылатын өркениетті елдің жазу жүйесі, дәстүрі болуы басты шарттардың бірі болып саналады. Жазу-сызу болмаса, адам баласының жасаған алуан түрлі рухани мәдениет үлгілерінің мұраға айналуы мүмкін болмаған болар еді. Бұл тұрғыда далалық көшпелілердің жазу мәдениетінің тамыры тереңде. Оның тарихы сонау сақ заманынан бастау алатыны да белгілі.

Далалық көшпелілердің петроглифтері мен таңбаларының эпиграфикасы бойынша зерттеу жүргізген А.П.Окладников [1, 2], Л.Р. Кызласов [3], М.Қ. Қадырбаев (1977), А.Марьяшев (1977), Г.И. Пелих (1968), А.И. Мартынов (1971), Н.Л. Подольский (1966), А.Д. Грач (1957), А.Н. Бернштам [66], Э.А. Новоградова, Д.Дорж, Н.Сэр-оджов (1987), Ц.Цэвэндорж, М.А.Дэвлет (1976), Гай Чан Лин (1980), В.Д. Кубарев, З.Самашев [4,5] сияқты ғалымдарды атауымызға болады.

Көне түрік жазуы эпиграфикасы негізінде көне түрік бітіг текстологиясын зерттегендер В.В. Радлов, Г.И. Рамстедт, В.А. Котвич, Е.Трярский, Л.Р. Кызласов, И.Л. Кызласов, И.В. Кормушин, Д.Д. Васильев, О.Ф. Серткая, А.С. Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы, Н.Базылхан сияқты зерттеушілерді атай аламыз [6].

Бұл кезеңдегі түркітануға қатысты Х.Оркунның «Ескі түрік жазулары» [7], С.Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» [8], «Енисейская письменность тюрков» [9], «Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии» [10] атты хрестоматиялық еңбектері, А.фон.Гавайннің «Байырғы түрік грамматикасы» [11] сияқты жалпы грамматикалық еңбегі, Т.Текиннің «Орхон грамматикасы» [12], Ғ.Айдаровтың «Язык Орхонских памятников древнетюркской письменности» [13] сияқты алғашқы академиялық грамматикалық еңбектер, «Байырғы Түрік Сөздігі» [14] сияқты іргелі еңбектері, А.Н. Кононовтың «Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв.» [15], Д.Д. Васильевтің «Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея» [16] сияқты іргелі еңбектер жарыққа шықты. Отандық түркітанудың ең үлкен жетістігі 2005 жылы М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлының «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» түркітанудағы тәуелсіз түркі халықтарының жаңа толқын зерттеулерінің алғашқы бастамасы болды [17].


А.С. Аманжоловтың «История и теория древнетюркского письма» [18] мен Қ.Сартқожаұлының «Байырғы түрік жазуының генезисі» [6] көне түрік бітіг жазуының шығу тегіне арналған алғашқы монографиялар болып табылады.

Қазақ жазуының даму тарихы туралы М.Дүйсеновтің “Көне жазу төркіндері”, М.Мырзахметовтің “Әріптер неге өзгерген” (1992), Т.Қабаевтың “Соғды жазуы” (1993) мақалалары, Н.Оралбаеваның “Қазақ жазуларының тарихы” (1956), А.С. Аманжоловтың “Түркі филологиясы және жазу тарихы” [19], О.Сүлейменовтың “Язык письма” атты еңбектері [20], Ә.Қоңыратбаев [21], Ғ.Айдаров [22-25], Ә.Құрышжановтың, М.Т. Томановтың терең ғылыми зерттеулері бар.

Жазудың маңызы мен қызметі

Адамдар арасындағы күрделі қоғамдық даму нәтижесі ауызекі сөйлеу тілінің қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыра алмауына жол ашып, жаңа бір қарым-қатынас құралына деген сұраныс тудырды. Тіл адам санасындағы ойды жеткізу құралы ретінде сан мыңдаған жылдар негізінде адамзат тарихымен ұштаса дамыды. Адамдардың қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік қатынастары ауызекі сөйлеудің негізгі екі кемшілігін анықтады. Біріншіден, ауызекі сөйлеуде ақтарылған ақпараттың таралу шектілігі байқалды. Екіншіден, ауызекі сөйлеу уақыт шектеулігіне тәуелді еді. Яғни, адам өз ойындағы ақпаратты ауызекі жеткізуде өзіне құлақ қойған тыңдаушылармен таралу тұрғысынан және ақпараттың берілген мезетіндегі уақыт шектеуіне қатаң түрде тәуелді еді. Осы олқылықтың орнын басу мақса-

тында сан мыңдаған жылдар негізінде дамыған жазудың негізгі миссиясы ауызша айтылған ойды оптикалық құралдар арқылы визуалды дүниеге айналдыру еді. Бұл құбылыс адамзат тарихына үлкен өзгеріс әкеліп, тарихта «тарихи кезең» деген жаңа кезеңнің бетін ашты. Бұл адам ойының жеткізілуіндегі уақыт және кеңістік кедергілерін жойып, сақталу мүмкіндігін арттырды. Маңызды қатынас құралы болған тіл, ауызекі сөйлеу негізінде орындалып келген болса, енді оған көмекші қосалқы құрал ретінде жазу қосылып, ойды жеткізудегі тілдің маңыздылығы артты.



Адамзат тарихының үшінші мыңжылдығы жаңа ақпараттық технологиялардың ғарыштап дамыған, ғылыми-техникалық прогресстің жетілген кезеңімен сәйкес келді. Бұл ғылыми-техникалық прогреске жазудың пайда болуының қосқан үлесі зор. Мыңдаған жылдарға созылған адамзат дамуындағы ғылыми-техникалық жетістіктердің сақталып, келер ұрпаққа ақтарылуындағы жазудың маңызы түсінікті болса керек. Бұл себепті, жазудың адамзат өркениетіне қосқан үлесін парықтаудың уақыты келген сияқты. А.Байтұрсынұлының “Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман” дегендей [26], жазу мәдениетінің, жазу тарихының терең зерттелуі уақыт талабы. Тарихта сол себепті «жазу» өркениет дәрежесінің өлшеуіш құралы ретінде қарастырылады.

Көне түрік жазуы таңбаларының семантикасы және автохтондық негіздері

Көне түрік жазуының әріп кескіндері негізінен вертикалдық сызықтардың тік бұрыштық кескіндері негізінен құралады. Көлденең сызықтар мен доғал сызықтар өте аз. Бұл КТБ жазуы әріп таңбаларының негізінен қатты денеге сызып жазылуға ыңғайлы түрі негізге алынғандығын көрсетеді. Қатты дене-

ге доғал және көлденең сызықтар салу тік сызық салудан күрделі екендігін барлығымыз білеміз. КТБ жазуы таңбаларының бұл қасиетін алғаш байқаған Х.Бредсдорфф: «...бұл КТБ жазуының ағашқа ойып жазуға ыңғайлылығын білдіреді», - деп өз ойын білдірген [27, 71-72 б.]. Бұл тұрғыда КТБ жазуы Солтүстік Еуропада б.з. I – XII ғасырларында қолданылған Футарк немесе Рун жазуы деген атпен танылған герман тайпаларының жазуына сыртқы пішімі (сыртқы формасы) ұқсайды. Әрі бұл ұқсастық негізінде КТБЖ алғаш реті «Руника» деп аталып, герман халықтарының мұрасы ретінде қабылданды. Сондықтан, Фин-уғор қоғамы көне түрік жазуының зерттелуінде елеулі үлес қосып, түркітануда Батыс Еуропа Фин мектебінің қалыптасуына негіз болды.



Жазу тарихының теориясын қалыптастырған атақты ғалымдардың пікірінше жазудың сыртқы ерекшелігіне (внешняя форма) қарағанда жазудың ішкі ерекшелігі (внутренняя форма) өте маңызды. Себебі, сыртқы ерекшеліктің өзгеру мүмкіндігі ішкі ерекшелікке қарағанда жоғары болып келеді. Яғни, жазу таңбаларындағы ұқсастық жазу мағынасындағы (пиктографиялық, идеографиялық кезеңде), фонетикалық дыбысталуындағы (буындық, алфавиттік кезең) ұқсастыққа қарағанда бейімделуі тезірек қалыптасады [28, 47 б.]. Жазудың сыртқы ерекшелігі И.Гельбтің пікірі бойынша алдамшы долбарға (априорны) ұрындырады. Оған мысал ретінде ол КТБ жазуының Семит жазуына негізгі ұқсастық ретінде КТБ жазуымен алғаш жұмыс жасаған ғалымдардың дауысты дыбыстардың қолданылмауы (сөздің басында, ортасында) негізге алынғандығын, кейін оның алдамшы долбар болып шыққандығына тоқталады [29]. Расында да, жазудың сыртқы ерекшелігіндегі ұқсастық ішкі ерекшелігіндегі ұқсастықтармен үйлесім таппаса бұл жұмыстың дәлелділігі көңілге кірбің ұялатады. Бірақ, бұл жазудың сыртқы ұқсастықтарымен санаспау деген мағына бермеуі керек. Салыстырмалы тұрғыда екі жазудың ұқсастықтарын ең алдымен осы сыртқы пішіндік ерекшеліктер арқылы жүргізу керек.

КТБЖ құрылымындағы дауысты дыбыстар таңбаларының болуы бұл жазудың «вокалдык» жазу екендігін білдіргенмен, олардың қолданылуы жалпы КТБ жазуының алфавиттік жазу екендігіне күмән тудырады. Себебі бұл дауысты таңбалармен қатар үндесім заңдылығына бейімделген дауыссыз таңбалардың, буындық таңбалардың болуы бұл жазудың алфавиттік жазуға

қарағанда силлабикалық жазуға көбірек ұқсайтындығын меңзейді. Бұған тарихи деректік тұрғыда дәлел болатын құжат бар: А.Фон Леккок тарапынан ғылыми айналымға енгізілген Шығыс Түркістаннан табылған Тойок I манускрипті [30, 1048-1052 б.]. Бұл манускриптіде КТБ жазуы әліпбилерінің манихей жазуымен оқылуы көрсетілген фрагменті болып табылады. Манихей әліпбиімен көрсетілген КТБ жазуы әліпбилерінің транскрипциясы берілген.

Расында да, бұл фрагменттің маңызы ерекше. Себебі, егер В.Томсен КТБ жазуының кілтін таппағанда, бұл құжат арқылы КТБ жазуының кілті бәрібір табылған болар еді. Дегенмен бұл түпнұсқа құжаттың тарихи маңызы әлі жоғары. Бұл құжатта КТБЖ әліпбиінің реті және оқылымы көрсетілген.

Әрі КТБЖ әліпбиіндегі дауысты дыбыстарды білдіретін: \downarrow /a, ä/; \uparrow /i, i/; \succ /o, u/; \mathbf{N} /ö, ü/ таңбалары 4 графем, 8 фонем ретінде қабылданса да жазу тарихының даму кезеңдерінің бірінде бұл таңбалардың жеке бір буынды сөзді білдірген бе деген ойға жетелейді. Оған дәлел ретінде көне түрік бір буынды сөздер қорында \uparrow /i/ «өсімдік», \succ /u/ «ұйқы», /ö/ «ой» (ДТС, 375), \ddot{o} → $\ddot{o}g$ → $\ddot{o}güt$ – «талқылау, ақыл-кеңес» т.с.с. сөздердің кездесуі болып табылады [31; 32]. Расында да КТБ жазуын, мәтіндерін зерттеген көптеген ғалымдардың көне түрік бітігі әліпбиі жүйесінде орын алған \downarrow /oq/, \mathbf{D} /aj/, \mathbf{A} /eb/, \mathbf{D} /at/, \uparrow /ay/ таңбаларының түріктерге тән екендігін мойындайды. Бұл КТБЖ таңбалары жазу дамуының алғашқы сатысында-ақ көшпелілер өміріндегі мәнімен тікелей байланысты аталса керек. Яғни, графика мен сөздің мағынасы үндесіп тұр: \downarrow «ок», \mathbf{D} «ай», \mathbf{A} «еб» (үй), \mathbf{D} «ат», \uparrow «ағ» (қармақ, ау). Бұл таңбалардың түркілердің өз туындысы екендігін КТБЖ кілтін тапқан ғалым В.Томсеннің өзі де мойындаған болатын [27].












Көне түрік таңбаларына семиотикалық, семантикалық талдау








Ескі түрік әліпбиінің дауыссыз таңбаларынан бастайық:


а) Ерiннiң қатысына қарай жасалатын дауыссыздар: \mathbf{D} b¹; \mathbf{X} b²; \mathbf{M} m; $\mathbf{1}$ p;


1. \mathbf{D} b¹ таңбасы Еңісей мәтіндерінде \mathbf{J} \mathbf{J} \mathbf{J} \mathbf{D} нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде \mathbf{J} \mathbf{J} \mathbf{J} нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде \mathbf{J} \mathbf{J} \mathbf{J} нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы ab/ba; yb/by. \mathbf{YD} /baš/ бас; \mathbf{MXYD} /bardy/ барды, кетті; \mathbf{MXYD} /budun/ халық;

Бұл графеманың пішіні имек сызық түрінде жасалған. Түп негізі бас пішінін білдіретін идеограммадан бастау алады және фонемалық көрсеткіші де осы «бас» сөзінің «ба» буынына сай келеді. Бұл графеманың шығу тегін сонау Шумер сызба жазуымен салыстыра қарастыруға болады. Шумер сызба жазуында басты білдіретін $\mathbf{7}$ таңбасы /sag/ деп оқылып «бас, басшы» деген мағына берген. Кейін бұл таңба жазудың даму кезеңіне байланысты фонограммаға өткен кезде графемалық тұрғыда жазуға ыңғайлы

болу мақсатында көз бен екінші қабатты сызықтары жойылған. Яғни, 7 графемалық формаға енген [37]. Енисей мәтіндерінде  жантайған түрлері де кездеседі. Еуразияның далалық аймағындағы петроглифтерде бұл графеманың түрлі нұсқалары таңба түрінде көптеп кездеседі . Көне түрік алфавитінде бұл таңба бастың жоғарғы жағы төмен келтірілген түрде графемалық сипат алған, бірақ алғашқы идеографиялық мағынасының алғашқы буынын фонемалық тұрғыда сақтаған. Көне Шумер сызбалық жазуларындағы негізгі ұқсастық идеограммалық мәні мен графемалық тұрғыда бастың мойыны болып саналатын сызық бөлігінің ұзын түрде сақталуы болып табылады. Дәл осы сияқты пиктографиялық таңбаларды қытай жазба тарихында да кездестіруімізге болады.  бұл көне қытай иероглифінде «бала» мағынасын береді және баспен бірге кеуде мен қолды да қамтыған.  идеограммалары «бас болу, басшылық жасау» мағыналарын білдірген (Ball, sign-list, No.3.). Қазіргі қазақ тіліндегі «бас» сөзі көне түрік руникасындағы «ба» фонемалық бірлікті білдіретін  графемасымен үйлесімділік тауып, семантикалық тұрғыда үйлеседі және ағылшын тіліндегі chief «басшы» сөздеріндегі мағынасымен сәйкес келеді. Көне семит әліпбиі графемасы *res* деп оқылып «бас» мағынасын береді. Көне түрік бітіг жазуындағы бұл әріпті пехлеви-аршакид жазумен салыстырып қарастырылған ғалымдар графемалық және фонемалық тұрғыда пехлеви-аршакид  /b/ таңбасы көне түрік бітіг әліпбиіндегі *b* фонемасын беретін  /b¹/;  /b²/ екі таңбаның бірі  /b¹/ әрібімен ұқсас екендігін анықтаған. Өз бастауын семит алфавитінен алған пехлеви-аршакид жазуының  /b/ таңбасы семит алфавиті негізінде шыққандығы қарастырылады. Демек, семантикалық тұрғыда мәні таңбалық мәнімен астасқан көне түрік  /b¹/ әрпінің пехлеви-аршакид жазуынан шықты деу салыстырмалы тұрғыда дұрыс болғанмен жазудың даму эволюциясы тұрғысында ғылыми негізге қайшы келеді.








2.  /b²/ Енисей мәтіндерінде  нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде  [17, 6] нұсқада, басқа аймақтық мәтіндерде  [35, 36] нұсқада белгіленген. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы *eb/be*; *ib/bi*.  /beš/ бес;  /ebin/ үйің;  /böri/ бөрі, қасқыр;




 /b²/ таңбасының семантикалық мәніне үңілетін болсақ, /eb/ «үй, шатыр» мағынасын беретінін мажар ғалымы Рона-Таш атап өткен болатын [35].







Сурет 2 - /b/ таңбасының трансформациялануы

Сызбада көріп отырғандарыңыздай КТЖ әліпбиіндегі b^2 таңбасы жазу дамуының алғашқы сатысында сурет немесе идеографиялық жазу кезеңінде қалыптасқан. Таңбаның графикалық кескіні мен алғашқы кезеңдегі мәні бір-бірімен мазмұндық тұрғыда үйлесіп тұр. Таңба көне түріктердің (жалпы далалық көшпелілердің) шатыры бейнесіндегі суреттен алынған және алғашқы мағынасы да «еб», яғни, «үй» мағынасын береді. Кейіннен жазудың даму эволюциясы барысында буындық таңбаны білдіріп /eb~be/ «еб~бе» буынын білдірсе, кейіннен қарапайым графемалық таңбаға айналған және /b/ «б» фонемасын білдірген.

3. m /«м». Енисей мәтіндерінде  нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде  нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде  нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы am/ma/em/me; im/mi/ym/my.  (e)mg(e)k;  (a)mtu; етістіктің соңында жалғау түрінде де кездеседі:  b(i)tid(i)m;  (a)lm(y)š;

4. Еріндік дауыссыздардың соңғы әрібі p /«п». Енисей мәтіндерінде  нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде  нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде  нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы ap/pa/ep/pe; up/ru/ip/pi. Көне түрік тілінде бұл «п» әріпі сөз басында мүлде қолданылмаған. Сондықтан бұл таңбаның көне түріктердегі семантикасын қарастырған кезде осы жағдайды ескере отырып мен бұл сөздің тұйық буынды сөздердегі соңғы дауысты дыбысынан іздеуге тырыстым. Негізінен ip («жіп») мағынасындағы қолданылған сияқты. Сонымен қатар: шыбық сөзінің түбірі «шып», сопа сөзінің түбірі «соп», топуз сөзінің түбірі «топ». Байқалғандай, бұл тұйық түбірлердің барлығы «п» әрпімен аяқталады. Көне шумер сызба жазуында «малшы таяғы» мағынасында p таңбасы қолданылған. Дәл осындай мағынада мысыр иероглифтерінде де қолданылыпты [38].

Кесте 3 - b^1 , b^2 , m, p таңбалары

КТБ әрібі	Фонемалық бірлігі	Идеограмма-лық бірлігі	Басқа алфавиттер мен таңбалармен сәйкестігі
b^1	b^1	/baš/ бас	 шумер сызық жазуы;  көне қытай иероглифтері;  көне семит алфавиті;  пехлеви-аршакид жазуы
b^2	b^2	/eb/ үй	кездеспейді

➤	m		кездеспейді
1	p	/ip/ жіп	1 көне шумер сызба жазуында «малшы таяғы» мағынасында қолданылған

ә) Тістің қатысына қарай жасалатын дауыссыздар: ᠘ t¹; h t²; ᠗ d¹; x d²;

1. ᠘ t¹ Енисей мәтіндерінде ᠘ ᠘ ᠘ ᠘ нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде ᠘ ᠘ ᠘ ᠘ нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде ᠘ ᠘ ᠘ ᠘ нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы at/ta; yt/ty. ᠘ /at/ «ат»; ᠘ ᠘ /taʋ/ «тау»; ᠘ ᠘ /ot/ «от, жалын». ᠘ ᠘ ᠘ /altun/ «алтын». Бұл идеограмма кезінде ᠘ ᠘ «тау» мағынасында қолданылған. ᠘ ᠘ ᠘ ᠘ түріндегі нұсқалары Түркілер өмір сүрген аймақтарда көптеп кездеседі. Енисей мәтіндерінде ᠘ жазу түрінде қолданылған. Семантикалық тұрғыда талдау жүргізгенімізде бұл таңбаның мазмұндық тұрғыдағы мәні / taʋ/ «тау» болған. Бұл таңбаның графикалық кескіндік мәні мен көне түрік тіліндегі мағыналық мәні астасып жатқандығы негізгі алға тартар дәлеліміз. Көне шумер сызба жазуларында ᠘ ᠘ ᠘ түрінде /kur/ «тау, таулы жер, ат» мағыналарын берген. Көне түркі жазуының шығу тегін зерттеуші ғалымдардың көбі бұл таңбаны нақты түркілерге тән таңба ретінде қарастырады. Бұл таңбаны В.Томсен ᠘ /t¹/ at «ат» деп қарастырған [195].

2. h t² Енисей мәтіндерінде h h h нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде h h нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде h h h нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буынлық айтылуы h et/te; it/ti. Алғаш ит суреті түрінде қалыптасқан сияқты: h h h /it/ «ит». Мәтіндерде h h /temir/ «темір, металл», h h /teŋri/ «тәңірі, құдай». Бұл таңба итті белгілеген h идеограммадан бастау алғаны анық. Себебі, ит көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын далалық өркениет өкілдері үшін үлкен маңызға ие жанвар. Алғашқы жазуларды өздері ойлап тапты делінген египеттіктер h h мен қытайлықтарда h бұл идеограмманың көне түркі таңбасымен ұқсастығы таңдандырады. Бұл үш мәдениеттің идеограммаларды тудырудағы ұстанған жолдары ұқсастық көрсетуі көне түркілердің өз жазуларын жылдар бойы өмірлік тәжірибесі негізінде жазудың эволюциялық жолмен дамыта отырып тудырғандығының дәлелі. Семантикалық үйлесімділік осыны аңғартады. Арамей жазу түрлерінен саналатын аршакид жазуларында h h таңбасы жазылуы мен айтылу тұрғысында расымен де ұқсайды. Дегенмен жоғарыда атап өткеніміздей, бұл таңбаның семантикалық шығу тегі маңызды. Бұл тұрғыда көне түрік таңбасының өзіндік тұғыры бар.

3. ᠗ d¹ Енисей мәтіндерінде ᠗ ᠗ ᠗ нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерін-

де $\gg \gg \gg$ нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде $\gg \gg \gg$ нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы ad/da; ud/du. \gg /adaq/ аяқ; \gg /šad/ «көне түрік титулы, атак»; $\gg \gg \gg$ /budun/ «халық»... . Аяқ суреті бұл таңбаның тегі болып саналады $\gg \gg \gg$. Көне шумер сызба жазуында \gg , египет жазбаларында \gg түрінде кездеседі. Аталмыш барлық жазу түрлеріндегі тудырылған таңбаның түп негізгі ойы бір жерден шығады. Семантикалық тұрғыдағы мағыналары да бірдей. Кейін буындық немесе алфавиттік кезеңдерде білдірген сөздің алғашқы әріптік фонемасын, немесе буындық фонемасын алған. Аршакид жазуындағы \gg /d/ таңбасы көне түрік \gg /d/ таңбасының ыңғайлы түрі. Бұл жерде көне түріктер емес аршакид жазуы көне түрік жазуынан әсерленген сияқты.

4. \times d² Енисей мәтіндерінде \times + нұсқада [33, 34], Орхон мәтіндерінде \times + + нұсқада [17, 6], басқа аймақтық мәтіндерде + \times + \times нұсқада белгіленген [35, 36]. Бұл графемнің сөздегі буындық айтылуы ed/de; id/di. \times /öd/ «уақыт»; \times /idi/ «билік иесі, әмір»; \times /edgü/ «жақсы». Жалпы \times +таңбасы уақытпен, шексіздікпен байланысты. Көптеген халықтарда тәңірі тарапынан берілген таңба ретінде құрметтеліп келді. Көне түріктерде осы шексіздік таңбасын өте ерте заманнан бері қолданғандығы тас бетіндегі петроглифтерден белгілі. Ендеше семантикалық тұрғыда таңбаның мағынасы да айқын – \times /öd/ «уақыт».

Кесте 4 - t¹/ t²/ d¹/ d² таңбалары

КТБ әрібі	Фонемалық бірлігі	Идеограммалық бірлігі	Басқа алфавиттер мен таңбалармен сәйкестігі
\gg \gg \gg	t ¹	/taʏ/ «тау»	\gg \gg \gg шумер сызба жазуы;
h	t ²	/it/ «ит»	h h аршакид h қытай иероглифінде
\gg	d ¹	/adaq/ аяқ	\gg аршакид \gg египет
\times	d ²	/öd/ «уақыт»	

Көне түрік графикасы таңбаларына жүргізілген семантикалық талдау жұмысымыздың негізгі өзегін құрайды. Біз осы зерттеуіміз арқылы көне түрік тілі мен жазу таңбалары арасындағы арақатынасты анықтап, көне түрік бітіг жазуының түркілердің төл туындысы екендігін анықтауға тырыстық. Осы мақсатта көне түрік бітіг жазуы графикасының 37 таңбасына талдау жасалды. Әрине, бұл талдаулардың барлығын бір мақалаға сыйдыру

мүмкін емес болғандықтан, біз негізгі бірнеше таңбаға тоқталдық. Тарапымыздан жүргізілген палеографиялық зерттеулер нәтижесінде жалпы көне түрік бітіг жазуы графемаларының архетиптері анықталды. Түрік бітіг жазуы графемаларының барлық бірліктерінің архетипі сонау тас дәуірінен бастап ерте ортағасырға дейінгі кезеңде дала көшпелілерінің өмір сүру аумағында көптеп кездеседі. Бұл көне түріктердің өз алфавитін жасауға толық мүмкіндігі бар екендігінің бірден-бір айғағы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Окладников А.П. Центральноеазиатский очаг первобытного искусства, Западная Монголия. – Новосибирск: Наука, 1972. – 138 с.
2. Окладников А.П. Петроглифы Центральной Азии. – Ленинград: Наука, 1980. – 271 с.
3. Кызласов Л.Р. О датировке памятников енисейской письменности // СА. – 1965. – №3. – С. 38-49
4. Самашев З. Көне түрік графикасы. – Астана: Prosper Print, 2013. – 316 б.
5. Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. – 168 с.
6. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана: Арыс, 2007. – 304 б.
7. Orkun H.N. Eski Türk yazıtları. – Istanbul: Devlet basimevi, 1936. – 210 s.
8. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: тексты и исследования. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1951. – 451 с.
9. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1952. – 114 с.
10. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1959. – 111 с.
11. Gabain A. von. Alttürkische Grammatik. – Leipzig, 1950. – 128 p.
12. Tekin T. A grammar of Orkhon Turkic. – Bloomington, 1968. – P. 231
13. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-ата: Наука, 1971 – 380 с.
14. Древнетюркский словарь. Ред.: В. М.Наделяев. – М.: Наука, 1969. – 876 с.
15. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. До октябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С.43
16. Васильев Д.Д. Корпус памятников тюркской рунической письменности бассейна Енисея. – Ленинград: Наука, 1983. – 126 с.
17. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 359 б.
18. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 368 с.

19. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 126 б.
20. Сулейменов О. Язык письма: Взгляд в доисторию- о происхождении письменности и языка малого человечества. – Алматы: Алматы-Рим, 1998. – 498 с.
21. Конратбаев Т.А. Проблемы тюркологии в исследованиях А. Конратбаева: автореф. ... докт. филол. наук. - Алма-ата, 1993.
22. Айдаров Г. Язык Орхонского памятника Бильге-кагана. – Алматы: Наука, 1966. – 239 б.
23. Айдаров Г. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
24. Айдаров Г. Тоныккөк ескерткішінің тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
25. Айдаров Г., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 128 б.
26. Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
27. Thomsen V. Samlede Athandlinger III («Remargues sur l'origine de l'alphabet»). – Kobenhavn, 1922. – P.65-83
28. Фридрих И. История письма. – М.: Наука, 1979. – 464 с.
29. Гельб И. Е. Опыт изучения письма (Основы грамматиологии) / пер. с англ. Л.С. Горбовицкой, И.М. Дунаевской; ред. и предисл. И.М. Дьяконова. – М.: Радуга, 1982. – 366 с.
30. Le Coq A., von. Kokturkisches aus Turfan. Manuskript-Fragmente in kokturkischen “Runen” aus Toyoq und Idiquit-Schahri (Oase von Turfan) // SPAW. – 1909, IX-XI. – S. 1048-1052.
31. Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 154 б.
32. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
33. Кызласов И.Л. Древнетюркская руническая письменность Евразии. – М., 1990. – 179 с.
34. Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала (Опыт систематизации). – М., 1983. – 158 с.
35. Rona-Tas A. On the development and origin of the east turkic runic script // Acta Orient. Hung. – 1987. – Т. 12. – P. 7-14
36. Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. – Ставрополь, 1989. – 250 с.
37. Barton G. A. The Royal Inscriptions of Sumer and Akkad. – New Haven, 1929.
38. Gardiner A. Egyptian Grammar: Being an Introduction to the Study of Hieroglyphs. – Oxford: Clarendon Press, 1927.



Құралай ТӨЛЕБАЕВА
 Қазақ инновациялық
 гуманитарлық-заң
 университеті филология
 кафедрасының
 меңгерушісі, филология
 ғылымдарының
 кандидаты

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және түркі әлемі

Ешбір ұлтта жоқ қазына

Шежіре – өзге ешбір ұлтта жоқ қазына. Бұл халықтардың көне тарихы жөнінде айтылатын мағлұматтар «шежіре», «тайра», «тарих», «сееджер» т.б. болып әр түрлі айтылғанымен «сақтау» деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде «ағаштың бұтағы» деген ұғымды білдіреді. Яғни, араптың «шаджара» үрімбұтақ, тармақ деген сөзінен негіз алатын бұл мұра ежелден бері халықпен бірге жасасып келе жатқан өнер. Демек, шежіре біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған. Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Шежіре халықты біріктіруші, тұтастандырушы сипатта рөл атқаратын идеологиялық құрал болатынын» тарихи еңбегінде ерекше атап өтеді.

Қазақ шежіресінде халықтың ғасырлар бойы ұстанған даналық қасиеттері, дүниетанымы, сенімі, басынан өткен тағдыры, ол жолдағы дара тұлғалардың ерлік, еңбек, өнегесі сараланған. Өткендегі қариялардың тағы бір дәстүрлі дағдысы кездескен жерде сәлемнен соң, сүйегің кім, қай туған баласың? деп сұрайтыны да осыдан.



Тарих жазудың төл мектебі шежірешілдіктен басталды

Орта ғасырдан бергі мың жылға жуық уақыт аясында жазылған тарихи еңбектердің баршасы өзінің құрылымдық бітімі жөнінен болсын, жеке тұлғаны тірек ете отырып баяндайтын мазмұндық арқауынан болсын немесе ауызекі шежірешілдікке негізделген баяндау стилінен болсын, ең алдымен ауызша тарих айту дәстүрін тұғыр етіп отыратыны айқын байқалады. Әйгілі «Монғолдың құпия шежіресі», «Шара Туджи», Лубсан Данзанның «Алтын топшы», Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағы», Жамал Қаршидің «Оғыз-қыпшақ» және «Қарахан шежіресі», Бейбарыс пен Халдунның «Қыпшақ шежіресі», Заһир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама», Дулат Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди», Осман Кухистанидің «Тарих-и Абул-Хайр-хани», Әбілғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтаннар шежіресі», Жалайыр Қадырғали Қосымұлының «Жәми-әт-тауарих», Өтеміс Қажының «Шыңғыс-нама», Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Нұржан Наушабайұлының «Манзумат қазақия», Ғұсманғали Сыдықовтың «Тарих-и қырғыз-қазақ шадманиясы», Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса», Мұхамеджан Тынышпайұлының «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы», Әлкей Марғұланның «Наймандар», Мұсатай Ақынжановтың «Қазақтың тегі туралы», «Ұлы жүздің шежіресі», Марат Мұқановтың «Орта жүздің шежіресі», «Кіші жүздің шежіресі», Жамбыл Артықбаевтың «Еуразия көшпелілері ғасырлар мен мыңжылдықтар шендесуінде», «Қазақстан тарихы», «Этнос және қоғам», Қойшығара Салғараұлының «Қазақтың қилы тарихы», т.б. осы сияқты еңбектердің қай-қайсысы да өзінің мән-мазмұны тұрғысынан шежірешілдік дәстүрде жазылған және деректік негізі халық жадында сақталған мағлұматтарды арқау етіп отырады. Сөз жоқ, мың жылға жуық уақыт аясында жазылған мұндай толымды еңбектер, ең алдымен, сахара төсіндегі көшпелілер арасында тарих жазудың төл мектебі қалыптасқанын және ондай мектептің қалыптасуына шежірешілдік дәстүрдің тікелей ықпал еткенін көрсетеді.

Өз кезінде Ш. Уәлиханов: «Қазақта «біре-бір мәнді оқиғасы, біре-бір керемет кісісі туралы айтылмай қалғаны, халық жадында сақталмай қалғаны жоқ», - деп атап өткен. Расында да, қазақ мәдениетінде, төл әдебиетінде үлкен деректік қор бар. Ол деректемелердің тарихи шындықты суреттеудегі ерекшеліктері ғылымда қарастырылмай келді. Қазақ шежірелерінің тарихи мәліметтерін сын көзқарас тұрғысынан тексеру, нақты ғылыми тәсілдермен шындыққа сәйкес келетін ақиқатын анықтау, қажетінше ғылыми

айналымға енгізу – мемлекет, ұлт және мәдениет тарихын деректік тұрғыда зерттеуді жаңа деңгейге көтеретін келелі мәселе.

Қазақ халқының ата шежіресі ерте кезден сақталған. Оған «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер – жеті рулы елдің қамын жер, Жалғыз өзін білген ұл – құлағы мен жағын жер» деген аталы сөздер дәлел бола алады.

Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» бүгінгі таңда зерттеу өзекті мәселе. Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабының құндылығы, онда баян етілген материалдар әлгі түсініктен әлдеқайда ауқымырақ. Шежіреде халықтың шығу тегі, даму тарихы емес, одан әлдеқайда кең мәліметтер сараланады. Өйткені, Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ һәм түркі халықтарының тарихын, олардың өткізген түрлі тарихи процестерін асқан ізденімпаздықпен жазғанын аңғарамыз. «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әлтүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар аласлам», Нажиб Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және қырылып, Нұх Пайғамбар үш баласыменен, оның қатындары Алла тағаланың әміріменен кемеге кіріп, аман қалыпты. Осы күнгі барша адам балалары сол Нұхтың үш баласы - Сам, Хам, Яфастың нәсілі. «Тарих ғумуми» деген кітапта барша түрік, иран юнан, қытай һәм европадағылар Яфас нәсілінен. Барша хабаш, судан, зәңгибар, барша қара түсті жұрт – Хам нәсілінен дейді. Әр түрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным – Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатғу білік», «Кочочидам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтың жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар».

Еңбектің өне бойында осынау деректерді, сонымен бірге шежірелік дерек төңірегіндегі әртүрлі тарихшылардың, зерттеушілердің пікірлерін салыстырып, одан ақылға қонымдысын пайдаланып, неғұрлым дұрысырағын тандап алуға тырысады. Мәселен, еңбектің «Шежіре басы» атты бөлімінде түрік нәсілінен шығу тегі жайында шежіре тарата отырып, Шәкәрім Әбулғазы Баһадүр ханның «Шежіре и түрік» деген еңбегіндегі Нұх пайғамбардың ұлы Яфастен тараған сегіз баланың бірі түрік болғаны жайын-

дағы деректі, қытай шежіресіндегі түрік жұртын қасқыр мен адамның қосылуынан пайда болдымыс деген сөзін, Радловтың ұйғырлар туралы кітабындағы түрікті ағаштан жаралды, деген болжамдарын салыстыра қарастырады да, оларға «қытай шежіресіндегі ертегі сықылды қисынсыз сөз» немесе «Радлов кітабындағы қытай сөзінен, ағаштан бала туды дегені еш сөзге қисынбайды» – деп, өзінің көзқарасын білдіреді. Осыншама еңбектерді, деректерді ақтарған, оларды саралаған, ғылыми сыннан өткізген Шәкәрім Құдайбердіұлы тарихшы, әрі деректанушы ғалым ретінде танимыз. Тарихи зерттеулерді, жазба, ауызша деректерді сыни көзбен тексеріп, талдай отырып, керектісін алады. «Ескіден қалған сөз етіп, өз ойынан өң береді». Мұндай тапжылмай отырып, табандылықпен шежіре, яғни зерттеу жазу өзге зерттеушілерге үлгі боларлықтай.

Зерделенген зерттеулер

Сол кездің мүмкіншілігі шектеулі деп есептесек, Шәкәрім сынды талантты тарихшы құлашын кең сермеген. Інісінің талантын байқаған Абай оған жастайынан-ақ халық тарихына қатысты деректерді жинап, шежіре жазуға ақыл береді. Сөйтіп Шәкәрім он тоғыз жасынан шежіре жазуға кірісіп, ол еңбегін 1911 жылы Орынбор қаласында «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген атпен кітап етіп шығарады, еңбегінің көлемі 114 бет.

Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейхан: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресінің тұңғышы. Қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа» – дейді.

Шәкәрімнің шежіре жазуы заңды құбылыс. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты ұлы Абайдың шежірелік шығармасы оған да қатты ықпал етті. Қазақтың түбі қайдан шыққанын ғылыми дәлелді, тарихи деректі етіп қазақ шежіресін жазу жолын Абай өзі бастап көрсетіп берген. «Абай қазақ шежіресін жаз деп 19 жасымда қазақ шежіресін жинай бастадым. Сол кісінің ұқтыруымен ел-елге кісі жіберіп, хат жазып жинақтаған мағлұматтары да шежіреде бар» – дейді Шәкәрім. Шежіреде Шәкәрімнің дүниежүзілік мәдениет қазынасынан, рухани бастаулардан аса мол нәр алғанын, түрлі шығармаларды Шығыс пен Батыстың әйгілі тарихшыларының еңбектерін мұқият оқып шыққанын аңғару қиын емес. Ел аузында ежелден сақталып келе жатқан тарихи аңыз әңгімелерге де көңіл бөліп онда айтылған оқиғаларды тарихи кітаптардағы мағлұматтармен салыстырып барып өз еңбегінде пайдалану, оларға шолу жасау еңбекті жазуда көп көмегін тигізген.

Тұнған жазба тарихи еңбекте...

Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқиды. Оқыған кітаптарының мұсылманшасы: Табари «Тарих ғумумий», «Тарих ғұсмани», «Тарих анттар ал-слам», Нәжеп Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре-н-түрік» және әртүрлі кітаптардан алынған сөздер белгілі тарихшы Әбілғазының (1603-1663) «Түрік шежіресі» атты еңбегін мұқият оқыған. Еңбек 1725 жылы француз, 1770 жылы орыс тіліне аударылған. XVIII ғасырда неміс, ағылшын, түрік тілдерінде басылып шыққан. Шығыс тіліндегі нұсқасы 1826 жылы жарық көрген. Шәкәрім шамасы осы басылымды пайдаланған. Орысша кітаптардан оқығаным дейді Шәкәрім Радловтың ұйғыр туралы (К вопросу об уйгурах), Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әртүрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірілген сөздері. Оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құтадғу білік», «Қошо қайдам» деген кітаптардың сөзі. Және қытайдың Юань-Чао-Ши деген жазушысының сөзі және араб, парсы, рум, Еуропа жазушыларының сөзі. Бұл жазбалардан анықталатыны Шәкәрім тарих қойнауына, құпия сырына үңілместен бұрын, әсіресе, Шығыс елдері туралы өз заманына дейінгі және сол кезде айтылған, қалыптасқан ғылыми, тарихи пікір тұжырымдармен жақсы таныс болған, көп ізденген, оқығандарын ой елегінен өткізген, мақсат-міндеттерін анықтап алған. Ол сонымен қатар араб тарихшы ғалымы Ибн-ал-Асирдің, Ибн Халдунның орыс ғалымдары-тарихшылар Левшиннің, Березиннің, Спасский, Маевскийлардың еңбектерін оқыған. Тарихшы ғалымдардың, жазушылардың кітаптарын зерделеп оқып, терең зерттеп, мол мағлұмат жинап, тұңғыш қазақ шежіресін жазуға кіріскен.

Өрісті зерде шежіре тілінде

Шәкәрім «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жазумен көп жыл бойы шұғылданып, зор еңбек еткен (1877 жылдан 1911 жылға дейін, 34 жыл). Мазмұны терең, ой нысанасы айқын, композициялық жағынан біртұтас, жүйелі жазылған еңбекте Адам ата мен Хауа анадан бергі шежіре жолына барлау жасалынған. Кітап «Шежіреден бұрын», «Шежіре басы», «Қазақтың қайдан шыққаны», «Хан шежіресі», «Шыңғысхан шежіресі», «Стамбұлдағы түрік нәсілі», «Сарт», «Өзбек», «Ноғай», «Башқұрт», «Қалмақ һәм телеуіт», «Түрікмен», «Яқұт», «Оранхай», «Енисейдегі түрік», «Күншығыс Түркістандағы түрік» деп аталатын ірілі-ұсақты бірнеше тараудан тұрады. Кітап соңында оның «Мақсұт» «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош» деп аталатын өлеңдері берілген. Шәкәрім шежіресінің кара сөзбен жазылған бөлігіндегі аталынған тақырыптар тарихи деректерді

жүйелі баяндаумен берілген. Қазақ халқының ежелгі түркі ру-тайпалары жүйесіндегі ең негізгі құрамды танытатыны барлық тарауларда да анық байқалады. Шежіреден байқалатын ең басты ерекшелік Шәкәрім өзі сөз етіп отырған мәліметтерді тек өзіне ғана телмейді. Әрбір деректерді қай еңбектен оқығанын қайдан алғанын үнемі баяндап отырады. Шежірелік дерек төңірегінде әртүрлі тарихшылардың пікірлерін салыстыра көрсетеді. Еңбектің «Шежіре басы» атты бөлімінде Шәкәрім түрік нәсілінің шығу тегі жайында ойларын бере отырып, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре түрік» еңбегіндегі Нұх пайғамбардың ұлы Яфистен тараған 8 баланың бірі түрік болғаны жайлы деректі, Радловтың «Ұйғырлар туралы кітабындағы түрікті ағаштан жаралды» деген болжамдарын, Қытай шежіресіндегі түрік жұртын қасқыр мен адамның қосылуынан болды деген сөзді, еш сөзге қисынбайды деп өз көзқарасын білдіреді. Шежіре еңбегінің ең басты құндылығы өткен замандағы түрлі жазбалар мен кітаптардың мәліметтерін салыстыра топтап-жинап, елеп-екшеп ұсынуында. Шәкәрім кітаптардың көбін түпнұсқа күйінде оқып танысқан. Шәкәрімнің Меккеге бару сапары да таза діншілдік ниеттен, тек қана қажы атану ойынан тумаған. Оның бұл сапарында өзге де мақсатының болғандығы анық. Ол жөнінде ақынның өзі былай деген: «Меккеге бара жатқан сапарымда Стамбұлда 13 күн, бері келе жатқанда тағы 13 күн болып тарихты ақтардым, керек кітаптарды поштамен үйге жіберіп отырдым. Меккенің де, Мединенің де тарихтарын ақтардым, жол қатынасы жайсыз болып Мысырға (Египетке) баруға рұқсат ала алмадым. Сол сапарда Шығыс, Батыс ғалымдарымен сөйлесіп пікірлестім, ерте кезеңде шыққан ғалымдар шығармаларын жаздырып алдым».

Жетік білдім түрік тілін...

Ақынның «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деп жырлауы сондықтан, қандай еңбекке болса да зерделей үңіліп, оның дәнін алып, көпшілікке мәлімдей білу оның қаламгерлік болмысына тән. «Қазақтың қайдан шыққаны» деп аталатын ең ірі тарауында қазақ халқының шыққан тегі, жүріп өткен тарихи жолы, қазақтың үш жүзі, хандары, жекелеген рулар тарихы турасында мол мағлұматтар берілген. Шәкәрім бір рудың шежіресін таратқанда нақты мысалдар негізінде еңбектің көркемдік қалпын, мазмұнын әрлендіре түседі, құрғақ деректерге бой ұрмайды. Тарихи аңыз әңгімені пайдаланып Әбілғазы Баһадүр мен Аристов кітаптарындағы мағлұматтарға сүйеніп Шәкәрім бір мәселе туралы былай деп жазады: «Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады: Өз Жәнібек қазақты Қашғардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмед деген баласы билеп, оның ағасы Жәнікей, шын аты Махмұд деген Ташкентте үлкен хан болып-

ты», – дей келіп Ахмед ханның қазақтан әскер жасақтап, қалмақты шапқанын баяндайды. «Қалмақты шаба берген соң, – делінген шежіреде, – қалмақтар Ахмед ханды «алашы» қойыпты, мағынасы жан алғыш дегені. Оны естіген Ахмед хан, қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар «алашы» деп шауып сол қазаққа ұран болыпты. Алаш – алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмақ, – деп мақтанатыны сол» – дейді Шәкәрім. Осы мысал негізінде ақ тарихты дұрыс көрсетуге тырысқан. Қазақ тарихын баяндай келіп ол Қобыланды батыр туралы мынандай бір деректі алға тартады: Қара қыпшақ Қобыланды бірде Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы Дайыр қожаны өлтіріп кетеді. Әз Жәнібек хан Қобыландыны өлтіру туралы бұйрық береді. Әбілқайыр Қобыландыны жақсы көреді, әрі ел тыныштығын ойлап дауды үш кісінің құнын төлетумен тәмамдайды. Сонда Дайыр қожаның әкесі Қыдан баласының сүйегін айналып жүріп: «Қара қыпшақ Қобыланды да нең бар еді құлыным», – деп қапаланса керек. Кейінірек бұл сөз қазақ ішінде кең тарап кетсе керек. Шәкәрім шежіресінде Қобыланды батыр қазақ атаулы елдің ноғайлы атымен жүрген заманының адамы. Жырда адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы елінің деп келетін ұйқас қазақ атаулы рулардың ол кезде ноғайлы болып жүргенін көрсетеді. Мұндай тарихи деректер шежіреде көп кездеседі. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Күлтөбенің басында күнде кеңес», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты ел ішінде көп айтылатын мән-мағыналы көпшілікке түгел таныс емес ұғымдар астарына үңіліп, әрқайсының шығу этимологиясы, онымен сабақтас жағдайлар тұрасында айтылатын деректер осының айғағы. Қазақтар 1723 жылы қалмақтан жеңіліп үдере көшкен тұста Шәкәрімнің баяндауынша «аш-жалаңаш» жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала жатса бір ақсақал: «Балаларым, адам басынан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болсын», - депті. Табанымыз ағарғанша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан деген күн мағынада айтылса керек қария сөзі. Және сол жолда айтылған қазақтың ескі өлеңінде ауыл көшкенде Қаратаудан көш асқанда енесін артып алған бір тайлақ көшті жанап боздайды, қарындасын жақынын қалмақтар өлтірген жылаулар оны жоқтап, ол да зарлайды. Бұл шежіреде көрсетілген ел басына түскен ауыр кезең болатын.

Жыр шежіре

Шежіренің екінші бөлімі өлеңмен жазылған. «Мақсұд» атты өлеңі Жаратушы Аллаға («Бір Алла бергеніңе сансыз шүкір») мінәжат етуден басталады. Автор шежіре жазудағы мақсатын, халықтың өткен тарихын жазу арқылы ұрпақтарға адамгершілік тәрбиесі ықпалын жасау мұратын білдіреді. Халықтың да, билеуші хандардың да татулықпен еңбексүйгіштікпен ғана өсіп-өркендейтін ұлағатын уағыздайды. Шежіренің «Қазақ» атты бөлігінде ұлттың өркендеуіне кедергі болып отырған кесепатты қылықтар өткір тілмен сыналады. Ғылымды, өнер-білімді игеруге құлықсыздықты, ағайын ішіндегі араздықты, ұрлық, өтірік т.б. кертартпалықты сынайды. Шежіренің «Нәсихат» атты бөлімінде халқының үлкендерін де, жастарын да ғылымды игеруге шақырады. Шежіредегі «Қазақтың түп атасы» – тарихи дастан түрінде жазылған шығарма. Оны мынандай тақырыпшалар арқылы саралауға болады: біріншісі – қазақтың түркі оғыз тайпалары бірлестігі кезеңі; екіншісі – түркі-моңғол тайпалары бірлестігі кезеңі; үшіншісі – Алтын Орда қыпшақ дәуіріндегі қазақ тарихы; төртіншісі – Сақа, Осман түріктерінің тарихы; бесіншісі – қазақ хандығы кезеңіндегі оқиғалар; алтыншысы – XVIII ғ. Абылай хан басқарған кезең, қазақ-қалмақ соғыстары. Бұл тарихи дастан-шежіреден халқымыз тарихындағы көрнекті тұлғаларға деректік сипаттама көрсетілгенін байқаймыз.

Шәкәрім «Ғылымсыз адам - айуан» атты сыр сөзінде:

Дұрыс деме, құр ойлап,
Ақылға сынат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бірезу болма өзімшіл.
Мініңді тапса, кім сынап,
Аяғына, бар жығыл,
«Қап, бәлем» деп, кекті ұнап,
Сақтай көрме ойға зіл» [6], –
деп ғалым болмақтың басты шарттарын баса көрсетеді.

Қорыта айтарымыз, Шәкәрім шежіресін жазушы, әдебиетші, тарихшы, ғалымдар жете көңіл бөліп, өздерінің зерттеу еңбектерінде пайдаланып отырған. Шәкәрім шежіресінің идеялық мұраты – халықтың бұрынғы және кейінгі тарихын жалғастыра отырып, қазақ халқына ілгері өрлеу үшін, жол көрсету үшін ақынның азаматтық, қаламгерлік келбетін саралағанда оның шығармаларын бір-бірінен бөлмей біртұтас мұра ретінде қарастыруымыз абзал, өйткені олар көркем ой, асқақ идея, перзенттік көзқарас жағынан ажырамас туындылар. Ақынның шежіресін терең зерттеу, ғибрат алу келешектің еншісінде. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ халқының тарихи және әдеби мұрасы. Қазақ халқының түп-тамырын, шыққан тегін көрсететін асыл мұра.



Айгүл САТБЕКОВА
*Қазақ мемлекеттік
 қыздар педагогикалық
 университетінің
 профессоры, педагогика
 ғылымдарының
 докторы*

Заманына лайық адам — жаңғыру негізі

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы тұтас бір дәуірдің ауқымындағы мемлекет атқаратын мақсаттар мен міндеттерді айқындап берді. Жолдауда айтылған маңызды міндеттер мен бағыттар еліміздің одан әрі дамуына ерекше серпін берері анық. Бұл орайда Елбасы Жолдауында айтылған адами капиталды дамытуға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде баса көңіл бөлініп келеді.

Мемлекет басшысының Қазақстан Халқына Жолдауында басымдық берілген міндеттердің бірі – адами капитал болып отыр. Бүгінде әлемнің дамыған елдерінде адами капиталды мемлекеттің, қоғамның және экономиканың негізгі тұғыры деп қабылдайды. Адамзаттың алдыңғы қатарлы ақыл-ойы да ХХІ ғасырдың білім мен интеллект ғасыры болатындығын әлдеқашан айқындап қойған. Яғни біз өмір сүріп отырған ғасырда мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, қоғамымыздың болашақ дамуын интеллектуалды адами капитал айқындайтын болады.



Жүре қалыптасқан құнды қабілеттер...

«Адами капитал» терминін алғаш рет өткен ғасырдың 1970-жылдарында Нобель сыйлығының лауреаты, атақты экономист Теодор Шульц қолданысқа енгізген болатын. «Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты туа біткен қабілеттері болады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы өмірде жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді біз «адами капитал» деп атаймыз», - дейді Т. Шульц. Бүгінде әлемнің дамыған мемлекеттерінде адами капиталға инвестиция салу болашақта мол табыс әкелетін дәстүрлі бизнес жоба ретінде қабылданады.

Ұлттық адами капитал – тек білім беру ғана емес, әр адамның тұлға және маман ретінде қалыптасып жетілуіне қатысы бар барлық салалардың тиімді жұмысынан құралатын ортақ нәтиже. Сондықтан адами капиталды жақсарту – салааралық негіздегі жүйелі жұмыс талап ететін күрделі міндет. Оның басым бағыт ретінде аталып, қолға алынғаны құптарлық.

Елбасы өзінің Жолдауында «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуда тиіс», - деп көрсеткен. Елдің даму үдерісінде адами құндылықтардың өркендеуі стратегиялық маңызды мақсат болып саналады. Елдің адами капиталы тек білім арқылы көрінетіні сөзсіз. Ал білімде серпіліс болмаса – инновациялық дамуда серпіліс болмайтыны бесенеден белгілі.

Экономикалық әлеует адам әлеуетіне тікелей байланысты

Соңғы жылдарда мемлекеттік деңгейде экономикалық әлеуеттің адам әлеуетіне тікелей байланысты екендігі жан-жақты талданып, қоғамдағы көкейкесті мәселелерді шешу тетігінің адами капиталға барып тірелетіндігі, осы бағыттағы асуларды бағындыруға барша қазақстандықтарды жұмылдырудың маңыздылығы жиі қозғалуда. Президент Н.Назарбаев бұл тұрғыда: «Біз саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің арқасында экономикамызды, саясатымызды және санамызды жаңғыртуға кірістік. Технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамудың жаңа кезеңіне тың серпін берілді. Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы балансты нақтылай түсті. Біз ұлттық сананы жаңарту үдерісін бастадық. Бұл базалық үш бағыт Қазақстан жаңғыруының жүйелі үш тұғыры болып саналады. Біз жаңа заманға сай болу үшін Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы тарихи өрлеу бастауында тұрған біртұтас ұлт болуымыз керек» деп атап көрсетті.

Жарқын келешекке – даңғыл жол

Жолдаудың «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталатын жетінші міндетінде Елбасы «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты», - деп атап өтті. Осы басты міндеттен әр ұжымның, әрбір азаматтың алдында тұрған нақты міндеттер туындайды. Айталық, әлеуметтік саланы дамытуға, осы сала қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған шаралар жоғары оқу орындары қызметкерлерінің, ел болашағы – студент жастарымыздың өздеріне жүктелген міндеттерді жүйелі де жоғары сапалы деңгейде атқаруға деген құлшыныстарын арттыра түсері сөзсіз.

Білім беру саласында болып жатқан жетістіктер мен жаңалықтар Елбасының осы салаға жете көңіл аударып, жан-жақты қолдау көрсетуі мен бастамалары арқасында жүзеге асып жатқанын ерекше айтқан жөн. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсіну, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан, білім жүйесіне қолдау көрсету – жарқын келешекке даңғыл жол ашу дер едік.



**Оразкүл
АСАНҒАЗЫ**
Қоғам қайраткері



Ақорда — алтын бағана

Қандай да болмасын мемлекет даму барысында өзінің ұлттық келбетін қалыптастыруды негізгі бағыттардың бірі ретінде ұстанады. Тарихи қайнарларға бет бұру – сол мемлекетте өмір сүретін азаматтардың тарихи жадын, рухани болмысын, отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға игі ықпал етеді. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлының сөзі өте салмақты. Осындай рухани үрдіске тоқталғанда мемлекет мән беріп отырған ономастикалық жұмыстарды арнайы атап өтпекпіз. Астана қаласының ономастикалық ажары жылдан-жылға жаңарып, бүгінгі заманғы Қазақстанның ұлттық тарихи келбетін танытып келеді. Бұл өте маңызды мәселе.

Туымыз биік желбіреді

Біріншіден, Астана – Қазақстан Республикасының егемендігін бейнелейтін жаңа тұрпаттағы қала. Яғни, бұл қалада Қазақстанның тарихи дамуын, қазақ халқының бай төлтумалық дәстүрлерін, ұлттың дара келбетін көрсететін ономастикалық айғақтар болуы тиіс. Мемлекет астанасында ұлттың тарихи айқын көрініс табуы табиғи құбылыс. Екіншіден, Елорда құрылысы ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы еуразиялық алып жоба болып

табылады. Астананың қарқынды өсуі Қазақстанның қол жеткізген жетістіктерінің айғағы екені күмәнсіз. Елордалық тұрғындар саны 3 есе өсіп, қала аумағы 4 есеге жуық ұлғайды. Яғни, қалада жаңа әкімшілік орталық, жаңа даңғылдар мен көшелер, алаңдар мен



гүлзарлар, нысандар салынды. Осыларға атау қою қажеттілігі туындады. Үшіншіден, Астана – Шығыс пен Батыс нақыштары тоғысқан ірі мегаполис, үшінші мыңжылдық қаласына айналуға. Мұнда халықаралық деңгейдегі кездесулер, әлемдік маңызы бар шаралар өткізіле бастады. Соған орай халықаралық ұйымдардан, әлемнің әртүрлі елдерінен ресми делегациялар, қоғам, мәдениет қайраткерлері, туристер келуде. Қонақтар Қазақстанға келгенде осы мемлекетке атау берген ұлттың тарихи-мәдени болмысымен, салт-дәстүрлерімен, жетістіктерімен танысады. Төртіншіден, Астана Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие болғанға дейін бұл қалада кеңестік жүйеден қалған көптеген ономастикалық атаулар сақталып келген. Осы отарлық, тоталитарлық жүйе белгілерінен арылу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Бесіншіден, Астана ономастикалық ажары жағынан да еліміздің басқа өңірлеріне үлгі болуы тиіс.

Астананың қазақы бейнесі

Ұлттың рухани өзегі тіл десек, соның бөлінбес бөлшегі, біте қайнаған нәрі – ономастика саласы. Осындай игі шаралардың бір парасы – Қазақстанның ономастикалық атауларын қалпына келтіру. Бұл үрдіс Астана қаласында қарқынды жүріп жатыр. Астананың ономастикалық бет-бейнесін қалыптастыруда, негізінен алғанда, мынандай мәселерге айрықша көңіл бөлініп отыр: тәуелсіздік, Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігі идеяларын айқындау мен насихаттау, тарихи сабақтастықты сақтау, Қазақстанның мәдениеті мен мемлекеттік тіліне деген құрметті қалыптастыру, қазақ халқының тарихи-рухани бастауларын таныта алатын атаулар беру, қазақстандықтарды отан-сүйгіштікке баулу. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бірқатар шаруалар атқарылды. Елордамыз Ақорданы алтын бағана ете отырып, бүгінде қанатын

кеңге жайып, Сарайшық, Тұран, Хан Шатыр секілді атаулармен толығыуы қуанарлық әрі құптарлық жағдай. Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен және Астана қаласы мәслихатының шешімімен 2006 жылы Астанада 113 көше қайта аталса, 2007 жылы 145 атаусыз көшеге атау беріліп, 154 көше қайта аталды.

Астана еліміздің бас қаласы болғандықтан Қазақстанның тарихи, мәдени, географиялық дидарын беретіндей атаулар болуы тиіс. Осыны басшылыққа ала отырып, ономастика комиссиясы көптеген көшелерге қазақ жерінің байырғы атауларын беруді дұрыс деп тапты. Атап айтқанда, қаладағы көшелерге Қаратау, Еділ, Қаратал, Балқантау, Зеренді, Марқакөл, Аспара, Жаңаөзен, Абыралы, Меркі, Үстірт, Аягөз тағы сол сияқты жер-су атаулары берілді. Бұл атауларды таңдауда және бекітуде олардың тарихи маңызы және байырғы болмысы санатқа алынды. Сөйтіп, Қазақстанның барлық өңірлерінен осындай талаптарға жауап беретін атаулар іріктелінді. Еліміздің жаңа тарихтағы даму жолы – Астанамен тікелей байланысты екендігі белгілі. Соған орай, бұл қала Қазақстанның кешегісі мен қазіргісін, бағзысы мен бүгінгісін тарихи жағынан да, рухани жағынан да сабақтастыруы тиіс екендігі мәлім. Астана көшелері мен даңғылдарын тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың есімдері айшықтап тұруы заңдылық.

Тірілген тарихи тұлғалар

Сондықтан ономастика комиссиясы бірқатар тарихи оқиғаларға қатысты атауларды және тарихи тұлғалардың есімдерін беруді ұйғарды. Атап айтқанда, Күлтегін, Асанқайғы, Қадырғали Жалайыри, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Сүгір Әліұлы, Ілияс Есенберлин, Ықылас Дүкенұлы, Ағыбай батыр және т.б. Өткен ғасырдың басында халқымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен, арттарына мол рухани мұра қалдырған Алаш қайраткерлерінің есімдері де Астана көшелеріне берілген болатын. Олардың ішінде Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Ғұмар Қараш сияқты тұлғалар бар. Қазақ тарихында өзіндік ерекше орны бар Қозыбасы, Аңырақай, Арқайым, Қазығұрт, Бұланты, Абат-Байтақ, Саққорған сияқты тарихи жер атаулары да елорданың жаңа атауларының қатарынан орын алды.

Арулары мен аналарын ардақтаған елміз

Халқымыздың күрделі тарихи өткелдерден өтуінде қазақтың батыр, өнерпаз, даналығымен көзге түскен қыздарының еңбегі айрықша болғаны тарихтан белгілі. Олардың есімдерін Астана көшелеріне беру – бүгінгі ұрпақтың бойына имандылық, мейірім, адамгершілік сезімдерін ұялатуға ықпал етері

сөзсіз. Бұл ретте Жұбан ана, Домалақ ана, Қарашаш ана, Айша бибі, Ұмай ана, Тұмар ханым, Ұлпан, Айғаным, Дина, ақын Сара, Ұлбике ақын есімдерін айтамыз. Қазақ халқының тарихи-мәдени дамуына бірқатар өзге ұлт өкілдерінің үлес қосқаны мәлім. Солардың ішінде көше атаулары Мәриям Жәгоркызы, Әбубәкір Диваев, Василий Бартольд, Николай Хлудов есімдеріне ие болды. Жаңа атауларға ие болған көшелерге мемлекеттік гимннің авторлары Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденов есімдері де берілді. Кейбір көшелерге қайта атау беруде бір тарихи оқиғаның бірнеше рет қайталануы да есепке алынды. Мәселен, Ұлы Отан соғысына байланысты атаулар көптеп кездеседі: Жеңіс даңғылы, Кеңес Одағының батырлары құрметіне қойылған ондаған атаулар. Сондықтан 9 май көшесіне қазақ халқының батыр қызы Ә.Молдағұлованың есімі берілді. Сондай-ақ кейбір атаулар түзетілді. Айталық, «Қ.Мұңайтпасов көшесі» бұдан былай «Қажымұқан көшесі» деп аталатын болды. Сондай-ақ, бұрын бірімен бірі тіркесіп жататын Республика даңғылы мен А. Пушкин көшесі біріктіріліп, тұтастай «Республика даңғылы» деп аталатын болды. Ал, Л.Н. Гумилев пен Можайский көшелері біріктіріліп, оған «Александр Пушкин көшесі» деген жаңа атау берілді. Бұларға қоса, Сарыарқа даңғылының көпірден кейінгі бөлігі – «Тұран» даңғылы, Софиев тас жолы – «Алаш тас жолы», Рождественский тас жолы – «Қарқаралы тас жолы» деген атаулармен аталатын болды.

Өзіндік сәулетті байыпты қала



Қазақта «Аяғын көріп, асын іш» деген аталы сөз бар, қаланың сыртқы жарнамасы да сол сияқты. Күнделікті тірлікте көзге үйреншікті болып кеткен көрнекі ақпарат пен жарнаманың сапасы көбінесе сын көтермей жатады. Ал қала қонақтарына ең алғашқы ақпаратты

дәл осы сыртқы жарнамалар беретіні белгілі. Қаланың жарнамасы, көрнекі ақпаратпен жұмыс ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Жіті қадағалап, тынымсыз еңбекпен жұмыс істеп келеді.

Астана қаласының ономастикалық нысандарына атау беру барысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынын-

да» кітабында тиянақталған қазақ халқының рухани даму тарихындағы кезеңдерді басшылыққа алу – еліміздің сан ғасырлар бойғы тарихымен, бірегей мәдениетімен танысуға мүмкіншілік туғызады. Астана болашаққа қадам баса отырып, әлемге тек өзіндік сәулеттік болмысымен ғана емес, ономастикалық атаулардың ғасырларға тамырын терең жайған тарихи мәнді мазмұнымен де ерекшеленетін болады. Елордамыздың жаңа әкімшілік орталығы ғимараттарында, ескерткіштерінде, көшелері мен алаңдарында өткен тарихымызды, бүгінгі болмысымызды, жарқын болашағымызды танытатын атаулар тұрса, оны ашық аспан астында көзбен көріп, оймен шолған шетелдіктер, қала қонақтары, барша қазақстандықтар Отанымызды тұғыры берік, туы биік, тәуелсіздігі баянды ел ретінде қабылдайтыны сөзсіз.



**Ерғазы
АЛДАНАЗАРОВ**
*Ж.Елебеков атындағы
Республикалық
эстрада-цирк колледжі
директорының
орынбасары*

Ардағымыз, айбарымыз — Астана

Сайын дала Сарыарқаның төсінде текемет түрге бөленген, гүлге бөленген Астана!..

Есілдің бойын ендеп қонған Астана!..

Ұлттың ұясы, қиялдың қиясы,

Бейбітшілік бесігі — Астана!

Иә, жасампаз ойдың жарығын жаққан, жа-лауын көтерген Астанаға — 20 жыл. 1994 жыл-дың 6 шілдесінде Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мінберінде тұрып астананы Алматыдан Ақмо-ла жеріне көшіру турасындағы ұсынысын ха-лыққа жария қылды.

Бұл шешімге біреулер шүбәлана қараса, бас-қалары Елбасының бағыт-бағдар ойының бо-лашақта жемісін береріне көз жеткізіп, күні бұ-рын көш бауларын жиыстыра бастады.

Әрине, өткен 1990 жылдары кеңестік дәуір-ден қордаланып жеткен шешуі қиын мәселелер шаш етектен болатын. Оның үстіне аяғынан ен-ді-енді қаз тұрған Тәуелсіз ел өндіріс, шаруа-шылық байланыстардың күйреуі, инфляция-ның шарықтауымен қатар жекешелендірудің алғашқы сатыларын бастан өткізді.

Міне, осындай кедергілі кезеңдерден кесіп өтіп, кемел өмірге қадам аттау абыз көңіл ел мен ақиық ер-азаматтарға тән. Тар жол тай-ғақ кезеңде ел тізгінін Нұрсұлтан Назарбаев өзі қолға алып, қиындықтан шығудың жолын



қарастырып, шамы жарқырай түсер нұрлы өмірдің көшін бастады. Астанамыздың Алматыдағы орда-қонысын Ақмолаға ауыстырудың астарында саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелер жатқандығын Елбасы саралап көре білді.

Сонымен, Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Ал 1998 жылдың 6 шілдесі – Астана қаласының мерейлі күні, ресми Астана атауын алған күні.

Сары сағым самсаған сары даланың төсінен қоныс тепкен кешегі Ақмола – бүгінгі Астана бүгінде ашық аспан астында аялы Күнге арқа тосқан, гүлден алқа, желектен кілем төсенген қала. Толғамы тоқсан тарау тағдыр-жолдардың тоғысын тоғыстырған торап. Зиялы қауымның, өндіріс еңбеккерлерінің, жұмысшы және студент жастардың мекені. Көзі ашық, көкірегі ояу жанның бір көрсем деп армандаған ертегі ел мекені.

Айтса айтқандай, ең алғашқы ағаш көшетін Елбасының өзі отырғызған «Жерұйық», сонан кейінгі керуен тартқан Президент, «Арай», «Жастар» саябақтары кешегі сары түздің сары желін самал-саумал иіске айналдырып, алдан арбап алады. Енді біраз жылда жылға-жиегі Бурабайдың өзімен шектесіп кетпек қала сыртындағы жасыл желек орман-алаңқайлар да аптапта аңызак желден желеп-жебеп қорғаштар, жаның бір саялар мекен болмақ. Қазірдің өзінде мұнда құстың небір түрі құйқылжыта ән сала бастаған. Жан тербеп, көңіл қуантарлық құбылыс!

Әуезділігі келісті...

Астана! Күллі дүние халықтарының құлағына өзінің әуезділігімен мазмұнды, жатық естілетін осы «Астана» атауын ең алғаш Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған еді. Бәйтеректің, Президенттік мәдениет орталығының, Отан қорғаушылар ескерткішінің де күмбездей көрінер әсем, биік жоба-нұсқаларын Елбасы ақ қағазға түсіріп, сәулет өнері қайраткерлерінің қаперіне салған-тұғын. Тұғыры биік сол сарай-ғимарат, ескерткіштер кім-кімнің де көзіне оттай басылары анық. Ал «Хан шатыры», «Бейбітшілік пен Келісім сарайы», «Мұхит аралы», т.б. тегеуріні төгілген тердің төлемін ұғынтқандай, тарих сырын шертетіндей, табан-табалдырығын далаға тастай бекіткен. Өйткені әр ғимарат-сарайдың салтанаты – Шығыс пен Еуропа сәулетінен бастау алып бой түзеген.

Астана төрінде жаңа заманауи технологиялармен желі тартқан тұрғын үй кешендері, кино-концерт, театр ордалары, стадион, мектеп, балабақшалар бүгінде елдің игілігіне айналды. Көк тіреген осы шаңырақ-отаулардың әрбір кірпішінде Қазақ елінің, Елбасының ерен қолтаңбасы жатыр.

Бүгінде:

Көк тудың желбірегені,
Жаныма қуат береді.
Таласқа түссе жан мен Ту
Жан емес,
Маған керегі –

Көк тудың желбірегені! – деп, ұлан-ғайыр Ұлы Даланың ұрпақтары
шырқап әнге салады. Құп! Шырқай бер, сайын дала саңлақтары!

Шырайы асқан, шабыты дастан Егемен елдің, ерен төрдің ақ ордасы –
Астана! Жасай бер, асқақтай бер, Астана!



Ғазизат ИМАҚОВА
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің
профессоры,
саясаттану
ғылымдарының
докторы



Ағылшын тілі қазақ тіліне көлеңкесін түсірмейді

- Ғазизат ханым, телеарналардың біріне берген бір сұхбатыңызда сіз шетелден тарихи отанына оралған азаматтар туралы пікір білдіріп, сыңа ілінгеніңіз есімде. Әңгіменің төркіні саясаттанушылар, әлеуметтанушылар жүргізген зерттеуде еді. Қандастар арасында жүргізілген сол сауалнама қорытындысы туралы айтып берсеңіз.

- Біздің сауалнамамыз Шығыс Қазақстан облысына 2008-2012 жылдары көшіп келген 50 отбасын қамтыды. Олардың 32-сі орыс тілін білмегендіктен, жұмысқа тұру, ортаға бейімделудің қиындығын айтып, көшіп келгендеріне өкініш білдірді. Әрине, бұл сауалнаманың сенімділігі жоғары емес және барша оралмандарға қатысты дей алмаймыз. Дегенмен біздің этникалық қазақтар тарихи отанын аңсап келіп, бірден оған қызмет етуге кіріседі деген ойымыз екіұдай көзқарасқа ұшырады. Өкінішке қарай, ресми статистика біржақты ғана жүргізіліп, оралмандардың қайта көшуі мен елдің ішіндегі қозғалысын тіркемейді. Біздің байқауымызша, мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсау үрдісі қолға алынбаған. Қазіргі кезде ішкі қажеттіліктерге байланысты қоныс аудару да толық өзін-өзі ақтамай отыр. Себебі, мұнда да қажеттіліктерді жан-жақты есептеу мен оны мемлекеттік дәрежеге көтеру тетіктері әдістемелік тұрғыдан қамтылып, әзірленбеген.



Жауапты құрылымдар оралмандар мен ішкі көші-қонды, оның кең астарына қарамастан, жалаң статистикаға жүгінеді де, уақыт өткеннен кейінгі қаржының тиімді жұмсалу мониторингі мен бақылауын жүргізбейді.

- Әңгімеміздің ауанын халықаралық жағдай мен көші-қоннан елдегі тіл саясатына қарай бұрсақ. Бізде өз тілінде білім алып, өзге тілде сөйлейтіндер саны көп. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейте алмай жатқанда, орыс тілінің белсенді ықпалы аз болғандай, ағылшын тілі оған үстемелене түсті дейтін пікір тағы бар. Десек те, үш тілде білім беруге деген дайындық қызу жүріп жатыр. Үш тілде білім беру бізге не береді?

- Үш тілдік білім ғаламдану шарттарындағы қажеттілік болып отыр. Әрине, ағылшын тілін жаппай үйрену тетіктері әлі де шикі және әлсіз. Көбіне, формальды тұрғыда жүргізіліп жатыр. «Көш жүре түзеледі» дегендей, бастысы – осы бағытты бастау. Себебі, жастардың ғана емес, аға буынның да осы көштен қалып қоймауы керек. Ал, үш тілдегі білімнің қазақ жұртына не беретініне келсек, ол – алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылудың басты шарттарының бірі. Әлемдегі жинақталған білім мен мәдениет қоры ағылшын тілінде өте көп және оған оңай қол жеткізуге болады. Экономика мен қаржы, технология мен инновация осы тілде таратылатын болғандықтан, бұл тілдің маңызы біз үшін де жоғары.

- Жаһандану кезеңінде әлем тілдерін білу мен меңгерудің маңызы түсінікті. Алайда, қарпайым халық, қатардағы жұмысшыға шет тілдерін білудің қандай қажеттілігі туып отыр?

- Өзін-өзі жетілдіру мен өзінің кәсіптік саласындағы әлем жаңалықтарынан құр қалып қоймау заманауи талапқа айналып отыр. Әрине, ағылшын тілін білмей де өмір сүруге болады. Бірақ ол елдің ішіндегі шектеулі тағдыр болып саналады да, сапалы өмір сүру санаты болып табылатын: шетелдік білім алу, медициналық немесе демалыс туризмін пайдалану, азаматтардың өз жұмысында, қызметінде әлемдік дәрежедегі жаңалықтар мен жетістіктерді қолдану, т.с.с. өзіндік бағаны жоғарылататын психологиялық және іс жүзіндегі қолданыс аясын тарылтады.

- Үш тілде білім берудің алғашқы қадамдары жасалып жатыр. Алайда, оның жүзеге асырылу деңгейіне көңіліңіз тола ма? Бұл сұрақты қоюыма себеп: бір бағдарламада Сіз бұл тұрғыдағы жасалып жатқан жұмыстардың жүйесіздігін айтып, сынаған едіңіз. Сын қаперге алынып, содан бері кем-кетік тұстары жөнге келді ме? Не өзгерді?

- Өкінішке қарай, әлі де жүйелі жұмыс жүргізілмей отыр. Идеологиялық саяси мәселелер жоғарыдан түсетін нұсқау түрінде қалып, оны азаматтық қоғамның іліп әкетуіне негіз жасалынбай отыр. Бұл тұрғыда жауапты мемлекеттік орталық органдардың қоғамдық кеңестердің қызметін өздерінің пиар компанияларына бағыттап, тәуелсіз сарапшылардың сын пікірлеріне жатсына қарауы тежегіш болуда. Дегенмен, партия жүйесіндегі жаңа іскерлік бағыттың жандануы мен кәсіпкерлік құрылымдардағы орталықтандырылған саясаттың мемлекеттік стратегиялық жоспарлармен астасуындағы соңғы көріністер кемшіліктерді түзеуге бағытталған жұмыстардың басталғанын білдіреді.

- Ағылшын тілін енгізу мәселесі қоғамда біраз талқыға түсіп, біраз топтардың сынына ілініп, кейбірі тіпті наразылық білдіруде. Біздің үш тілде білім беруден үрейленуімізге не себеп?

- Әрине, ұзақ жылдар бойы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге күш салып келе жатқан ұлттық патриоттық және ұлтшылдық тұрғыдағы тіл саясатында, енді ағылшын тілінің ықпалына ілігеміз деген қауіп айтылып жатқаны дұрыс. Бұл – қоғамдағы пікір алуандығы. Мұндай әртүрлі пікір мен ағылшын тілінен үрейлену әр азаматтың тілге деген өзіндік ұстанымын қалыптастырады. Есімізде ұстайтын мәселе, қазақ тілінің мәртебесі төмендемейді және оның мәртебесін әлемдік дәрежеде таратып, ұлғайта беру осы үрейлену тетіктерінің негізінде әзірленеді. Сондықтан, қазір қазақ тілінің латынша әліпбиін әлемдік дәрежеде оқытып, үйрету әдістемесін жасақтау – ұлтшылдар мен ұлттық-патриоттық бағыттағы күштердің басты міндеті.

Қазіргі жаһандық өзгерістер мен жаһанданудың екпін күшіне ілесуге ұмтылған қазақ жастарының ұмтылысы, сол арқылы білім, ғылым, таным процестеріне мүмкіндік алуы – қазақ жастарының алдындағы тағы бір мүмкіндіктер ретінде бағаланары сөзсіз. Ақпарат алмасу, білім алу, танымды кеңейту – ағылшын тілін меңгерудің пайдалы жақтарының бірі.

Сол сияқты қазақ жастарының әлемдік дәрежедегі жарыстарға қатысып, өз білімдері мен тәжірибесін шыңдауларына, спорт, өнер, т.б. салаларда өздерін көрсетіп, жетістіктерін барынша көтеруге, тіпті, шетелдік іссапарларда мемлекетімізді дұрыс танытып мойындатуда ағылшын тілін меңгерудің басымдықтары бар.

- Білуімізше, еліміздегі ЖОО-да жоғары білімнен кейінгі білім беру үдерісінде ағылшын тіліне басымдық беріледі. Тіпті, кәсіптік пәндерде ағылшын тілінде оқытылады дейді. Сонда біздің оқу орындарындағы оқытушы-профессорлар ағылшын тілді маман даярлауға дайын деуге негіз бар ма? Әлде бұл формальді түрде жүргізілетін дүниелер ме?

- Нақты қазіргі мезетте, ағылшын тілін білетін мамандар негізінен жастар болып тұрғаны белгілі. Олардың іс-тәжірибелері аздау. Сондықтан, жоғары оқу орындары мамандарды ағылшын тілін оқытуға назар аударуы тиіс. Ағылшын тілінде білім беретін мектеп оқытушыларын жер-жерде оқытып жатқаны мәлім, бірақ ол үрдіс жеткіліксіз дәрежеде және формальді түрде көрініс тауып отыр. Кәсіптік дәрежеде ағылшын тілінде сабақ бере алатын маманды даярлау күрделі процесс. Оны шын мәнінде ынталандыру жүйесі арқылы, үйрететін уақытты оқытушыларға бейімдеу арқылы ұйымдастыру қажет. Алайда, тағы бір кемшілік қазіргі уақытта ағылшын тілін оқытуда аудиторияның қажеттіліктеріне бағытталмаған бағдарламалармен оқыту таралып отыр. Бұл пәрменсіз, әлбетте, осыдан барып, мардымсыз нәтиже шығады.

- Әңгімеңізге рахмет!

Зарина Әділбек



Қазіргі қазақ орфографиясындағы мәселелер

**Құралай
КҮДЕРИНОВА**

*Сұлейман Демирел
атындағы
Қазақ-түрік
университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының
докторы*



Бүгінде «қазақ жазуында проблема көп; қазақ орфографиясы тек қиындықтардан тұрады; жазуымыз айтылымымызды бұзып болды, үндестік заңына бағынып жазылмайтын сөздерді өзіміз «сындырып» жазбасақ, бізге кім реттеп жазып береді» деген пікірлер ара-тұра болса да айтылып жүр. Болмаса жазу тәжірибесінде кездесетін бірді-екілі қиындықтарды мыңға балап, «емлеміз ала-құла», «реформа жасау қажеттілігін тілшілер көрмейді, көрсе де көргісі келмейді» деген қоғамдық пікір қалыптастыруға тырысқан көзқарастар бар. Осыған байланысты шынында да жазуымыздың деңгейі төмен бе, нақты қиындықтар қай тұста деген мәселелердің басын ашып, жұртшылықтың назарына ұсынудың қажеттілігі бар сияқты.

Жазу емлемі...

Әрине, қазақ графикасы мен емлесі тұрақтанып, уәжді жетілдірулер мен түзетулер енгізіліп отырса да, қазақ тілі орфографиялық сөздіктері орфограммаларды негізді заңдастырып келе жатса да, бүгінгі жазу емлемізде заңдастырылуы әлі де қиындық тудыратын проблемалар бар. Олар:

- бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі;
- *ә* әрпінің екінші буында жазылуы;
- бейүндес сөздердің жазылуы

- **ы, і** әріптерінің емлесі;
- **х, һ, ф** әріптерінің берілуі;
- **и, у** әріптерінің жазылуы;
- бас әріптің таңбалануы;
- шеттілдік сөздердің қосымша қабылдау тәртібі;
- халықаралық, терминдік сөздердің жазылуы.

Қазақ жазуы деген сөз екіұшты пікір тудырып, дүдәмал ойға қалдырмас үшін, бұл ұғым қазақ әліпбиі, қазақ графикасы, орфографиясы, жазба тілі, жазба тілінің морфо-синтаксистік, лексикалық жүйесі дегенді білдіретін кең мағыналы сөз екенін ескерте кеткіміз келеді. Ал **латын жазуы, араб жазуы, арамей жазуы** деген тіркестер, керісінше, уәжсіз қолданылатын тіркестер, олар латын әліпбиі, араб әліпбиі болып қолданылуы қажет.

Енді бүгінгі қазақ жазуының келбеті қандай? Табиғаты неден шыққан? Бағыты қайда бара жатыр деген сауалдарға қысқаша тоқталып өтсек.

Әліпбиі – 28 қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарымен бірге шығыс тілдерінен енген сөздердің жазылуындағы дәстүрлілікті сақтау үшін **һ, ф** әріптерін және орыс тілі арқылы енген шеттілдік сөздерді орыс тілінің орфографиясына сай жазу үшін **в, ц, щ, ч, э, ю, я, ё, ъ, ь, х** таңбаларын үстемелеп алып, 31 әріптің орнына 42 әрпі бар, проф. Н.Уәли сөзімен айтқанда, екібасты құбыжық әліпбиі.

Орфографиясы – 1925, 1926, 1929 жылдары емле конференцияларында қабылданып, кейін орыс орфографиясының ережелеріне салынып жазылып кеткен, қазақ тілінің дыбыс үндестігіне негізделіп жазылады деген басты заңдылығынан айырылып келе жатқан емле.

Емле ұстанымы

Кез келген жазуды қалыптандыру үшін алдымен емленің басты ұстанымдарын (орфография принциптерін) белгілеп алудың жөні бар. Сондықтан қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл маңызды міндетті А.Байтұрсынұлы “туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін” төмендегі ұсыныстар арқылы шешкенін көреміз:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөздің оңаша айтылғандағы естілуінше жазылуы.

2. Азған сөздің азған күйіндегі естілуінше жазылуы.

3. Үйлестікпен дүдәмал естілетін болған дыбыстардың айқын орындардағы естілуінше жазылуы» (А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., 1991). Және осы айтқанын ғалым “Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады” деп айқындаған екен.

Ұмыт қалдырылған тұстарды қалпына келтіру

Бірақ қазақ жазуының даму, қалыптасу кезеңдеріне зер салсақ, емле мен әліпбиді жетілдіру сол жазу тарихымыздың алғашқы тәжірибелерінде айтылып, қабылданып, кейін ескерілмей, ұмыт қалдырылған тұстарды қалпына келтіру, қайта қарау негізінде жүргізіліп келетінін көреміз.

Біртіндеп таратсақ:

1) алғашқы латын графикасына негізделген жазуымыздың емле ережелерінде (1924, 1926, 1929 ж.) және алғашқы емле сөздіктерінде (1941, 1948 ж.) сөйлеуші санасында бір ұғым болып табылатын сөздер **бірге жазылады** делінді: 1941 ж. емле сөздігі *атқора, ауажайылу, бейпілауыз, боссөз, ботатірсек, бұлиықет, белбайлау, қаракөк, қаракөлеңке, ашатұяқ, бақайқулық, бойұсыну, бөріойнақ, бұрнагыкүн, жіңішкеауру, кереқарыс, күретамыр, қаракөже, қасбатыр* сияқты көптеген сөздерді, 1948 ж. емле сөздігі *алауыздық, алажаздай, алакөлеңке, алакөз, аласапыран, алатаң, алағоржын, алтатар, алқара, алқызыл, арампейіл, аржақ, асырасілтеу, асықжілік, атсалысу, атүсті, ашықауыз, аяқалыс, аяқасты, ақжүрек, ақжарқын, бассау, басыбайлы, басыбүтін, беломыртқа, кішіжүз, кішіпейіл, неғылу, көкала* сөздерін бірге жазды. Бірақ кейін 1940 ж. орыс графикасына негізделген қазіргі жазуымыздың әліпбиі қабылданып, 1952 ж. негізгі емле ережелері түзілгенде құрама сөздердің мағынасы емес, олардың екі түбірден тұратын тұрпатына, өзара анықтағыштық қатынастағы грамматикалық белгісіне баса назар аударылды. Және ең сорақысы орыс тіліндегі дәл сол сөздің аудармасы бөлек немесе бірге жазылуына байланысты (*носовой платок – бет орамал*), (*железная дорога – темір жол*), сондай-ақ тұрақты тіркестер бөлек жазылатын орыс тілі орфографиясына сәйкес, эмоциялық-экспрессивтік, көркемдеуші сипатынан қол үзген, лексикалық атау дәрежесіндегі фразеологизмдер ретінде бөлек жазылды. Кейін 1983 ж. емле ережелеріне енгізіле бастаған түзетулер және 1988, 2000, 2006, 2007 ж. орфографиялық сөздіктер енді сол, өткенге қайта оралу, жіберіп алған олқылықтарды толтыру бағытында жүріп келе жатыр.

Мысалға бүгінгі көзі ашық, қагілез оқырман қазақ тіліндегі бірге жазылатын сөздердің мынадай формалды белгілерінің екшелгенін көрер еді **-лық, -қыш, -ар, -қы, -лар** ұластыруыш жұрнақтары және **хана, ара, аралық, басы, құмар, тану; хат, қап, гүл, бау, шөп, ақы, жай, жегі, тікен, жапырақ, тамыр** құрастыруыш сыңарлар арқылы біріккен сөздер жалпы бірге жазылатын сөздердің алдыңғы қатарын құрайды.

Соңындағы қосымшалар кедергі...

Қазақ тіліндегі сөздердің бірігуіне көбіне тіркес соңындағы қосымшалар кедергі болады екен: *алма ағашы, электр шамы, іс парағы*, т.с.с. Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы осындағы **ы, і** езуліктерін түсіріп, бір зат, термин атауы ретінде бірге жазуды ұсынады: *электршам, іспарақ, алмаағаш*. 1929 ж.

Қызылордада қабылданған емле ережесінде Т.Шонанұлының ұсынуымен, калька тәсілімен аударылған тіркестер тәуелдік жалғауынсыз жазылуы қабылданған еді. Ал 1934-1937 ж. М.Кемал түрік тіліндегі мекеме аттарын тәуелдіктің ІІІ жақ жалғауынсыз қалыптастыруға күш жұмсаған екен: *Тенизбанк, Ітібанк* т.б. Біздіңше, атаулардың номинативтенуі үшін, тіл экономиясы үшін, ұғымдардың танымдық сипатын күшейту үшін буын санын азайтып жазу, изафеттің 2-типін қолданысын шектеуде жазу қызметін пайдалану тиімді болмақ, яғни *іс қағазы* сөзін, мысалы, *ісқағаз* деп жазсақ, сөзді жинақылаймыз, екіншіден атауға ие болу процесін жеделдетеміз.

Кезінде 1929 ж. Қызылордадағы емле конференциясына қатысушылар “тілді тұтынушылар санасында біртұтас ұғым болып танылатын, екі сөзден тұратын, аралық қосымшасыз” сөздер бірігіп жазылады деген ереже шығарған. Бұл принцип 1929 ж. емле ережесінде де, 1940 ж. орыс графикасымен бірге түзілген емле ережесінің жобасында да, 1941ж. орфография сөздігінде де, 1948 ж. М.Балақаев құрастырған сөздікте де ұсталынды. Алайда сол сөздердің орыс тілінде бөлек жазылатын емлесінен (*народное хозяйство - халық шаруашылығы*, т.с.с.), орыс орфографиясында фразеологиялық тіркестердің бөлек таңбаланатындығынан, қазақ тіліндегі идиомалық атаулар мен лексикалық атаулардың арақатынасы сөзайналым процесі тұрғысынан дұрыс пайымдалмағандықтан бөлек таңбаланатын сөз қатары көбейді. Бұл мәселені одан әрі ушықтырды. Сондықтан емле ережемізге енгізілген түзетулер, емле сөздігіне енген өзгерістер, негізінен, бірге жазылатын сөздердің емлесін толықтыруға бағытталды, бір зат пен ұғым атауы болатын, қатар тұрып жұрнақтармен түрленетін тұрақты тіркестер соңғы 2007ж. сөздікте бірге жазылды: *ақкөңіл, ақкөңілді, ақкөңілділік, ақкөңілдену, ақниет, ақниетті, ақниеттену, ақниеттілік, ержүрек, ержүректену, ақжағалдану, ақжарқындылық, ақжүректену, ақжүректену, ақжүректік, ақниетті, ақниеттену, ақниеттілік, ақпақұлақтану, ақпейілді, ақпейілділік, ақпейілдену, алакөңілдену, алакөңілдік, алақолдық, алаяқтық, атқамінерлік, атсалысушылық, атүстілік, ашкөздену, ашкөздік, ашықауыздық, ашықауыздану, басбұзарлық, баскесерлік, бассауғалау, бозөкпелік, бойұрушылық, боркеміктену, босбелбеулік, боссөзділік, бұлаңқұйрықтану, шаласауаттылық, бірбеткейлік, бірмінезділік, бірсөзділік, дүниеқоңыздану, дүниеқоңыздық* т.б.

Қазақ емлесінің бір алуан қиындығын...

2) Қазіргі қазақ емлесінің бір алуан қиындығын ә әрпінің екінші буында жазылуы кұрайды. Мысалы, *ділда-ділдә, күстана-күстәна, ділмар-ділмәр, тілмаш-тілмәш, тәкаппар-тәкәппар, кінарат-кінәрат, мүбарак-мүбәрәк, нәпақа-нәпәқа, мүшайра-мүшәйра, мінажат-мінәжат, көгершін-көгаршын, әмәнда-әмәнда, дүбәра-дүбара (дүбәралық), дүдәмал (дүдәмалда-*

ну, дүдәмалданбау, дүдәмалданған, дүдәмалды, дүдәмалдылық)-дүдамал, жүдә-жүда, жүмлә-жүмла, күләпара-күлапара, күмәжнік-күмажнік, күмән (күмәні, күмәндану, күмәнданбау, күмәнданған, күмәнді, күмәнділік, күмәнсіз, күмәншіл) - күман, күнә-күна, кәмишат-кәмишат, кәусар-кәусәр, кінә-кіна, мәмпәси-мәмпәси, мәрмәр-мәрмар, нәмәрт-нәмарт, піллә-пілла, шүбә-шүба, іңгә-іңга, бәдәуи-бәдауи, кәртеміс-қартамыс, ажуа-әжуә, азар-әзер, баз-бәз, аппақ-әппақ, лазым-ләзім, қане-кәне, қазір-кәзір, тауба-тәуба, жәрәкімалла-жаракімалла, уәләят-уалаят, күлмән-күлман, күстәна-күстана, мүкәммал-мүкаммал, пәруай-пәруәй, пәруана-пәруәна, пәтуа-пәтуә, тәурат-тәурәт т.б. сөздері бірде **а**, бірде **ә** әрпімен жазылады, сондықтан қазақ емлесі бұларды босаң норма санайды. Соңғы буында **ә** әрпі жазылмайтыны туралы ереже алғашқы емле конференциясында (1924) кірме сөздерді не **а**, не **е** әрпі арқылы игеру керек деген ұстанымнан басталған еді (не *адабиат*, не *әдебиет*). Проф. Қ.Жұбанов *а/ә* дыбыстарының дүдәмалдығын анықтау алғаш қосымша жалғау әдісімен тексеруді ұсынды: “Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың **а-ә** екені дүдамал болса, немесе дүдамал болмай-ақ, анық **ә** дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандағыдай жуан айтылады да, **а** мен **е**, **қ** мен **к**, **ғ** мен **г** бір келетін қосымшаларда **а**, **қ**, **ғ** жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынына да **ә** жазылмай, **а** жазылады: *кітапқа* (*кітәпке емес*)” (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жайында зерттеулер. А., 1966.)

Сөйтіп, осы негізге орай қазақ орфографиясының алғашқы (1941ж, 1948ж.) емле сөздіктері бірінші буынның әсерінен екінші буында дүдәмал естілетін сөздерді **а** әрпімен таңбалады: *коғаршын*, *кіна*, *күман*, *шүба*, *іңга*, *күна*. Ал 1963 ж. бастап бұл сөздерге “тыныштық” болмады. Емле сөздігінің академиялық басылымы *күмән*, *куә*, *күнә*, *кінә*, *іңқар*, *шүбә* сөздерін **ә** әрпімен таңбалап, қосымшаларды жуан жалғады. Осы қатардан айырмасы жоқ *ділда*, *ділмар*, *ләззат*, *күстана*, *пәтуа*, *рәсуа*, *мінажат*, *дүбара*, *дүдамал* сөздерін **а** әрпімен заңдастырды. Тек 1988ж. III басылым *дүбәра*, *дүдәмал*, *күләпара* сөздерінің екінші буынына **ә** “түсірді”. Керісінше, алдыңғы екі басылымында жоқ *мүшәйра*, *әманда* сөздерін екі түрлі заңдастырды. *Мүшәйра* алдыңғы қатармен жіңішкеру бағытында тұрса, *әманда* сөзі тілдегі *аман* түбірімен тексеріліп, жуан нұсқасымен жазылатын болды. Сөйтіп, бір позицияда тұрып, *күстана*, *дүбара*, *мүбарак*, *мүбада*, *мүттайым*, *мінажат*, *күшала*, *нәпақа*, *кінәрат*, *мүшайра*, *дүдамал*, *әманда*, *пірәдар*, *пітуана*, *күлапара* сөздері әртүрлі таңбаланды.

Сөйтіп, 1963ж. емле сөздігінен бері жазылуы *күмән*, *күмәнды*, *күмәнсіз*, *кінәга*, *кінәсы*, *кінәмшыл*, *кінәсыз*, *шүбәлы*, *шүбәсыз* деп ұсынылып келсе де, бұлардың күнделікті жазу тәжірибесінде *күмәні*, *күмәнді*, *кінәсі*, *кінәшіл*,

шүбәсіз т.с.с. деп жазылуы қатеге саналмайтын болды. Кейін жазу практикасы мен сөздік арасында қайшылық туған соң, алдыңғысы ескеріліп, емле сөздігінің кейінгі басылымдары *ә*-мен қалыптандырыла бастады. 2001 ж. сөздік тек барыс жалғауын ғана жуан вариантта, басқа қосымшаларды жіңішке формада жалғауды ұсынды.

Бұл ереже осы қиындықтардан шығудың теориялық таянышын іздеген Н.Уәлиұлының негіздемесіне сүйенді: “Тегінде, жазудағы бірізділік үшін екі түрлі варианттың біріне тоқталған дұрыс. Бұл сөздерді дегенмен *шәй, жәй, жәйлау, күнә, шүбә, күмән* деп бірізді жазып, қосымшаларды жуан вариантта жалғау орынды да деп ойлаймыз. Жуан варианттағы қосымшалар өзінің негізгі грамматикалық қызметімен қатар, түбір морфемадағы фонеманың <*a*> екендігін көрсететін белгі /сигнал/ ретінде графикалық қосымша қызмет атқарады деп қарауға болады» (Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1988.).

Бүгінде жазу практикасы мен нормасы арасындағы қайшылықтан арылу үшін 2005-те орфографиялық сөздік атанған сөздерге тек барыс септігі мен көптік жалғауын жуан вариантта, қалған жалғауларды жіңішке вариантта жалғауды заңдастырды. Екінші буында [ә] естілетін түбірлер /ә/ - әрпімен жазылып, барыс, шығыс, көптік жалғауларынан және етістік тудыратын жұрнақтан (лан) басқа қосымшалар жіңішке жалғанатын болды. Яғни 2000 жылға дейін әртүрлі жазылып келген осы қиындық орфографиясының фонетикалық принципіне сай дыбысталуынша жазылады, яғни [күмәндәніп], [кінәләрің], [күуәләндіру] деп айтылатын сөздердің үшінші, соңғы буында /ә/ әрпімен жазылмайтынын қазіргі кез келген тілтұтынушы біледі: *куәлік, куәлі, куәсіз, куәсі, бірақ куәсіна, куәландыру, куәға, куәлар, куәдан; күмәнді, күмәнсіз, күмәнділік, күмәні, бірақ күмәндану, күмәнға, күмәндар, күмәніна, күмәннан; кінәлі, кінәсіз, кінәсі, бірақ кінәға, кінәлар, кінәсіна, кінәсінан, кінәдан, кінәлану, шүбәлік, шүбәлілік, шүбәсіз, шүбәсі, бірақ шүбәлану, шүбәға, шүбәсіна, шүбәлар, шүбәдан.*

Үндесім заңы...

3) **Үндесім заңы.** Қазақ жазуына құбыжық ретінде қарайтындардың енді бір уәжі – *қазір, кітап, мектеп, қате, қадір, қайтіп, қайтсе, күнәкар, кінәрат, бірақ, қызмет, құдірет, құзірет, қабілет* сөздерінің үндесім заңына бағынбай жазылатыны, сөйтіп, қазақ тілінің сөз сазын өзінің жазуы бұзып келе жатқаны. Ата буын өкілдері біледі: аталған сөздердің осы тұрпатта жазылуы орыс жазуына көшкенде емес, 1929 ж. латын жазуы тұсында белгіленді. Латын жазуы алдыңғы қазақ жазуларына (көне түркі, араб, төте жазу) қарағанда «өте» дыбыстық жазу болды. 1924 ж. Орынборда өткен конференцияда қазақ ем-

лесінің негізі үндестік заңынан шығарылды. Жазу сөздің үндесім нормасына жақын жазылатыны белгіленді. Бірақ, бір таңқаларлығы, ереженің 1-бабының 1-ескертуінде-ақ «*нікі* жұрнағы бар сөздерде, парсы тілінен басқа тілден енген кірме сөздерде үндестік сақталынбайды» және «үндестік заңына бағынбайтын сөздер айтылуы бойынша жазылады (*бірақ, кітап*)» делінді (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі, Орынбор, 1925.). Таңғаларлығы деп отырғанымыз, үндесіммен айтылмаған сөздер ендеше, осылай орта үндесім болып дыбысталғаны ғой. Яғни айтылуда бұл сөздер бейүндес емес: [қ'а'дір], [кіт'а'п], [қ'а'те], [м'үғ'әлім], [қ'а'зір], [б'ір'әк'], [қ'ізмет], [қ'а'б'лет], бірыңғай жіңішке немесе бірыңғай жуан емес, тіл ортасы қалпын сақтап айтылады.

Түркі халықтарының ішінде тілдің ата заңын қағазға бекіткен жалғыз қазақ халқы десек, осы қатарды да бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жазуға болатын еді. Бірақ олай болмаған. Ендеше алғашқы ережені қазақ тілінің үндестік заңын бұзған ереже емес, жуан үндесім мен жіңішке үндесім арасында аралық үндесім бар екенін жазу арқылы заңдастырған ереже деп танымыз.

Мәселе мынада. Сөз жеке тұрып болмаса түбір қалпында ғана жұмсалмайды. Ал сөздің түбір тұрпатын грамматикалық тұлғалары анықтайды. Мысалы *қадір, кітап, қате, мұғалім сөздері қадырлану, қадырлары өту, қадырына жету болмаса, кәдірлену, кәдірлері өту, кәдіріне жету; қытаптар, қытапқа, қытабы болмаса, кітәптер, кітәпке, кітәбі; қатасы көп, қаталасты болмаса, кәтесі көп, кәтелесті; мұғалымға, мұғалымдар, мұғалымы немесе мұғәлімге, мұғәлімдер, мұғәлімі* болып айтылмайды, я жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінде кездеседі.

1929 ж. емле ережесі қазақ жазуы тіліміздің басты заңдылығы – үндесім заңына табан тірейтінін, оны қазіргі ережедегідей сөздің соңғы буынына ғана қатысты емес, сөздің бүкіл өн бойына (түбір, қосымша) қатысты алатынында жатыр.

Дыбысталуына әсер етпесе, түсіріліп таңбалануы...

4) Сол сияқты **ы, і әріптерінің** сөз мағынасына, дыбысталуына әсер етпесе, түсіріліп таңбалануы да жазу тарихымыздың алғашқы кезеңдерінде негізделген, кейін қабылданбаған емле тұстары деп ойлаймыз.

Мысалға *қорытынды, тағылым, құрылыс, ауыру, қазына, лағынет, нақұрыс, хазірет, қатынас, қазына, меңіреу, саңырау, саңылау, самұрық, жауырын, қайырыл, мәжіліс, ғылыми, жапырақ, шаңырақ, мәлімет, қабылан, жұмырық, үңірей, мейірім, құдірет, айырым, қабілет, абырой, төңірек, қайырым, қоңырау, тағылым, сұмырай, мәміле, құбылыс, тақырып* сияқты сөздер бүгінгі жазарман үшін **ы** әрпімен жазамыз ба әлде, **и** әрпін түсіріп жазамыз ба деген қиындық тудырады.

А.Байтұрсынұлы араб жазуының дәстүріне сай **ы, і** әріптерін сөз мағынасына әсер етпесе, түсіріп жазуды ұсынды. Аталған мәселеге Қ.Жұбановтың ойы да А.Байтұрсынұлымен үндес болды. Алайда 1929 ж. емле конференциясында Е.Омаров пен Қ.Кемеңгерұлы **ы, ұ** әріптерін барлық позицияда таңбалауды дұрыс деп тапты.

Бірақ 1940 ж. орыс графикасымен бірге қабылдаған орфография ережелері “**ы** әрпі орыстың толық дауысты “**ы**” - сы есебінде және қазақтың қысаң “**ь**” - сы есебінде де қолданылады. Мысалы: *былтыр, қалық, орын, арық, рынок, рычаг*. Ескерту: “**ы**” әріптері дүдәмәл естілгенде я буын араларында алып тастағанда, сөз мағынасы бұзылмайтын болса, жазылмайды. Мысалы: *Смағұл (Ысмағұл емес), рет (ірет емес), Ахмет (Ахымет емес), магна (мағына емес), жұрт (жұрыт емес), жалт-жұлт (жалыт-жұлыт емес)* т.б.” деген емле қабылдады. Сөйтіп, қатардағы тілтұтынушы үшін қысаң езуліктердің мағына ажырату сипатын тану қиындық тудырды. Сөйтіп, орфографиядағы ала-құлалық басталды.

Алайда қысаң дауыстылардың барлық буында таңбалану емлесіне жұртшылық бірдей келісе қойған жоқ. Мысалы, Қ.Аманжолов “Қазақ жазу ережемінде ерекше көзге түсіп жүрген кемшіліктер **ы, і** әріптерінің таңбасын өте көп қолданып жатқандығымыз. Өліппе – миллион құралы. Сол миллиондардың ішінен “Япырай, осы **ы, і** әрпін азырақ қолдансақ қайтеді екен” дегенді үнемі естуіміз тегін емес. Шынында да, *жыйылысымызды* деген сөздің өзінде алты **ы** бар. **Ы, і**-ні неғұрлым аз жазуға тырысушылықты екінің бірінің жазуынан көруге болады. Айталық: *Дауылбай – Даулбай, Нұрпейіс – Нұрпейс, жиын, қиын... Шырақ* деудің орнына шрақ деп жазсақ қателесе қоймаймыз” деді. Бірақ проф. М.Балақаев бұл қиындықты шешу үшін “**ы, і** дыбысы естілген жердің бәрінде жазылады” деген ереже ұсынады.

Сонымен, ол – **ы, і** әріптерінің емлесіне қатысты бір-біріне қарама-қарсы екі бағытты көреміз. Бір бағыт жазуды нормалаудың алғашқы сатысында **ы, і**-лерді мүмкіндігінше қысқартып жазады және кейінгі кезеңдерде де, қысқартып жазуды негізгі мақсат етеді (мысалы, тәуелдік жалғауын қосқанда түбірдің соңғы буынындағы қысаңдарды *халық-халқы, көрік-көркі* немесе біріккен сөз жігіндегі екі дауыстының қысаңдарын түсіріп жазуды алыңыз: *өлі ара – өлара, алтыатар – алтатар* (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988), *ешкіемер – ешкемер, алтыаяқ – алтаяқ, саптыаяқ – саптаяқ, сарыағаш – сарағаш, сарыөрік – сарөрік* (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 2000ж.).

Екінші бағыт селбеспе (дәнекер, қыстырынды) дыбыс ретінде 2-3 дауыссыз дыбыс қатар келмейді, түбір мен қосымшаның (*фондыға, киоскіге*), сөз, буын аяғы **б, д, ғ, г** ұяңдарына аяқталмайды деп тағылым, абырой,

әділет, әбілет, жағылан, жебірейіл, жұдырық, қабылан сөздерінде **ы, і** әріптерін пайдалануды ұсынады. Сөйтіп, осындай бағыттардың үрдісінен **ы, і** әріптерін қысқартып жазудың мынадай сатылары болды:

I-саты. Соңғы буынында қысаң дауысты бар түбірге құрамында ашық дауысты бар қосымша жалғанғанда түбірдегі **ы, і** әріптерінің түсіріліп жазылуы. Мысалы, *бүйір – бүйрек, дәуір – дәурен, ерін – ернеу, бауыр – баура, бауыр – баурай, жиын – жина, қорық – қорқа, қойын – қойнау, мойын – мойнақ, қайыр – қайрақ, күйіс – күйсе, айыр – айран, үрік – үркек, қиын – қина, жалық – жалқау, жайыл – жайлау, жайла, қайыр – қайрақ, қайра, қорық – қорқақ, қорқу, қорқыт, сарын – сарна, зорық – зорға, ойын – ойнақ, ойын – ойна, жұрын – жұрнақ, түйін – түйнек, сарық – сарқы, жалық – жалқау, жайыл – жайла, көрін – көрнеу, жерік – жеркен, көрік – көркем, сары – сарғай, орын – орна, уақыт – уақтылы, қырық – қырқыншы, айыр – айрықша, ресім – ресми, алты – алтау, жеті – жетеу*. Бұл саты қазақ орфографиясында дау тудырмайды.

II-саты соңғы буында қысаң дауыстылары бар түбірге тәуелдік жалғауының III жағын жалғағанда **ы, і** әріптерінің түсірілуімен байланысты: *мойын – мойны, ауыз – аузы, дауыс – даусы, ерін – ерні, құлық – құлқы, бөрік – бөркі, көрік – көркі, мүлік – мүлкі, халық – халқы, ерік – еркі, қарын – қарны, сиық – сиқы, қайын – қайны, кеуіл – кеулі, қалып – қалты, әліп – әлпі, гұрып – гұрпы, қырық – қырқы, әріп – әрпі, мұрын – мұрны, сұрық – сұрқы, шырық – шырқы, қайын – қайны, нарық – нарқы, парық – парқы, ырық – ырқы, тәйір – тәйірі, тәрік – тәркі*. Бұл орфограммалар 1929 ж. емле ережелерінде қабылданғанмен, 1988 ж. Емле сөздігімізде ғана кодификацияланды. Бірақ қысаң дауыстыларды үнемдеп таңбалаудың осы сатысында проблема болды. Ол Н.Уәлиұлының айтуы бойынша, **ы, і** қысаңдарын редукциялап жазғанда семантикалық қарсылыққа ұшырайтын мына сияқты сөздерге қатысты: *ауыл – ауылы, көңіл – көңілі, бауыр – бауыры, жиын – жиыны, сайын – сайыны, жайын – жайыны, ақыл – ақылы*. Сондықтан емле сөздігінің 2000ж. басылымы екі орфограмманы да норма ретінде ұсынды. Алайда *ауылы, бауыры, көңілі, ақылы, жиыны* нұсқаларын заңдастырудың негізі бар деп білеміз.

III-сатыға біріккен сөз жігінде қатар келген екі дауыстының қысаң дауыстысын түсіріп жазу үрдісі алынады. Мысалы, 1988 ж. емле сөздігінде *саратан, сарауру, сарбалақ, сарбуын, сарбұға, саргідір, сарқұлақ, сарсолма, сарсу, сартабан, сартаңдақ, сартап, сартұқым, сарүйек, саршұнақ, өлара, алтатар*, 2000 ж. сөздікте *ешкемер, алтаяқ, саптаяқ, сарағаш, сарөрік, келсап, кертартпа, жақсат* (2000 ж.) сөздері **ы, і**-сіз заңдастырыла бастады. Жалпы, бұрын қазақ емлесі морфологиялық принципке құрылған, ал морфо-

логиялық принцип сөздің түбірін сақтап жазу деген ұғым біріккен сөздердің түбірін сақтап біріктіруді (кіріктіруді емес) заңдастырды. Алайда әсіресе екі түбір жігіндегі қос дауыстының (*алааяқ*) немесе қысаң мен ашық дауыстының (*сарыала*) біреуін, оның ішінде ашық дауыстыны ғана таңбалау (!) үрдісі көбейді. Осыны ескеріп, емле сөздіктері қысаң дауыстыны және екі ашық дауыстының біреуін түсіріп жазуды нормалай бастады. Бұл қазақ орфографиясының түбір, не түбір мен қосымша жігінде фонетикалық принципті ұстанатынынан шықты. Алайда біріккен сөздің жазба тұрпаты сөздің этимологиясынан ақпарат беріп тұруы шарт деп санаймыз. [сармай], [сарсазан], [сарсуу] деп айтылатын сөздердің сары түбіріне қатысын жазу ғана сақтап, тіл қойнауына апара алады. Сондықтан *сарымай, сарысазан, жақсыат, келісап* деген орфограммалардың заңдастырылуы заңды болар еді дейміз.

IV-саты. /ы/ - әрпін үнемдеп жазудың келесі сатысы бітеу буын аралығында келген қысаңдарға байланысты: Мысалы: *қызмет, сахна, сіңлі, ресми, рақмет, құрмет, емле, мемлекет, ауру, бағлан, тарлан, жарлық, жирен, зәулім, қайрылу, құрлық, лоблу, мақлұқат, мақрұм, мақрұк, мәслихат, саңдақ, тәурат, емеурін, саңлақ, медресе, бұйрық, құрлық, мағлұм, мағлұмат, айрық, айрықша, даурық, қайрақ, сәулік, самаурын, қайны, салбурын, наурыз, бұрыл, тегеурін, мойнақ, мейлінше, арлан, гибрат, гұрлы*. Сонда фонемалық (ақпараттық) мәні жоқ, таңбаланбауы мазмұнға нұқсан келтірмейтін әріптерді түсіріп жазу болашақ жазу бағыттары үшін негізгі үрдіс болу керек дейміз. Енді қысаңдар түсірілмей жазылатын жоғарыдағыдан айырмашылығы жоқ мына сөздерге назар аударайық: *сүмірей, кекірік, құбыла, топырақ, айырыл, жымырай, әзірейіл, бекіре, қазымыр, аңызақ, еңіре, ақырет, қымыран, мағына, дәрігер, қорытынды, әділет, ақырын, атырап, әбілет, емірен, жағылан, жамыра, жебірейіл, жұдырық, запыран, кекілік, көкірек, қойылым, қаңыра, қапырық, құмыра, тоқыра, мекіре, құбыла, мәжіліс, тоқырауын, құбылыс, шақырым, ықылым, ыңыран, ысырап, ібіліс, оқыра, омырау, саңылау, тәжірибе, текірек, шатыраш, шежіре, шүңірей, ықылас, ықылық, ғылыми, бүкірей, иірім, ерітінді, басылым, көрініс, жұмырық, сауырын, жайылым*.

Қазақ тілінде тірек дауыссыз ретінде дауыссыздардың жуан езулік үндесім варианты алынатынын еске алсақ (**бы, ғы, ды, жы, зы**) және сондай шепте түсіріп жазылу қазақ жазуында бар үлгі болғандықтан, 3 буыннан артық ашық буынмен келетін, екінші буындағы дауыссыз бен үнді арасындағы **ы, і** езуліктері таңаланатын сөздерді ықшамдап, **ы, і** әріптерінің дөнекерінсіз, бітеу буынмен таңбалауға болады деп ойлаймыз: *тағлым, мейрім, қайрым, аброй, ажрасу, айрылу, ақрет, атрап, атрау, ауру, базна, баслым, қаблан, қаблет, қағлез, қазмыр, қазна, жаурын, қапрық, қасрет, қатнас, қортынды, қослыс* т.б.

Әрине, бұл – ойда жүрген, ойласуға шақырған пікірлер. Сөз соңында жоғарыда аталған емле қиындықтарына тап болған тұста 2007 жылы «Арыс» баспасынан шыққан қазақ тілінің «Орфографиялық сөздігін» басшылыққа алуды ескертеміз. Және емлеміздің басқа мәселелерін де бұдан былай баспасөз бетінде көтеріп отыратынымызды естеріңізге саламыз.



Бейбіт ИСХАН

*Абылай хан атындағы
Қазақ Халықаралық
қатынастар және
әлем тілдері
университетінің
доценті, филология
ғылымдарының
кандидаты*



Емле ережелерін жасауда ыждағаттылық қажет

Қазақ тілі дыбыстық жүйесінде қанша дыбыс бар екенін Ахмет Байтұрсынұлы бұдан жүз жыл бұрын анықтап, нақтылап, дәлелдеп кеткеніне және соның негізінде латыншаланған қазақ әліпбиі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғында жасалып қойылғанына, ол әліпби қазақ жұртына он-он бес жылдай (1926-1940) тәп-тәуір қызмет еткеніне қарамастан, біз сол латынша әліпбиімізді сәл жетілдіріп пайдалана беруге бармай, «белесебетті қайта ойлап шығарғандай» болып жаңа әліпби құрастырдық. Бірақ оның кемшін тұстары жеткілікті екенін қоғам жаппай айтып жатыр. Біздің ойымызша, оның басты кемшілігі – ұлттық тілдің өзіндік өзгешелігін ескермеуде жатыр. Енді осы әліпбимен емле ережелерімізді бір оңтайға келтіріп алсақ та, аз олжа емес сияқты.

Белгілердің бірі әрі бірегейі дыбыстық жүйесі

Ұлттық тілді өзге тілдерден ерекшелейтін басты белгілердің бірі әрі бірегейі – дыбыстық жүйесі. Ол ұзақ дамуды өткеріп, басқа тілдерден бөлектеніп, өзінше болып қалыптасады да, ондағы дыбыстардың өзіндік тіркесуінен ұлттық тілдің өзіне ғана тән сөздік құрамының барлық сөзі жасалады. Сондықтан да қандай тілдің болсын, әбден қалыптасып, шыңдалған

дыбыстық жүйесіне жат дыбыстар өз бетімен жеке-дара ене алмайды. Ене қалса, сіңісіп кетуі – өте сирек құбылыс (мысалы, қазақ тіліне араб тілінен енген «ә» дыбысы). Олар тек бөтен сөздер арқылы ғана сол сөздердің иесі қалай айтып-жазса, сол қалпында екінші тілде де солай болуы талап етілген жағдайда ғана орныға алады. Ол үшін, ең әуелі, басқыншы тіл (ұлт) өз сөздерін бұлжытпай айтуды міндеттеп, солардың құрамындағы өз дыбыстарын екінші тілдің дыбыстық жүйесіне телиді. Қазақ тіліне бағытталған бұндай басқыншылық қитұрқы саясат орыс тілі тарапынан болды және күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Ұлттық тілді тұтынушылар арасынан «неге бөтен сөздерді бұлжытпай айтуымыз керек?» деген күдік-күман, наразылық туындап кетпеуі үшін латын, грек, ағылшын, француз т.б. тілдерден орысшаланып алынған, яғни орыс тілінің дыбыстық (фонетика), құрылымдық (грамматика) заңдылығына негізделініп айтылып-жазылатын кірме сөздерін «біз оларды өзгертпей алғанбыз, өйткені олар «халықаралық терминдер» деп бізді алдаусыратып, тіпті арбап сендірді.

Пайымдап қарасақ, «халықаралық термин» деген ұғым посткеңестік елдерден басқа бірде-бір елде (тілде) жоқ екеніне көз жеткіземіз. Орыстандыру саясатына уланған біздің солай деп ойлап жүрген сөздеріміздің баршасы – бізге кезінде араб-парсы тілінен қазақшаланып енген «*ғылым, ғалым, ілім, ұстаз, мұғалім, шәкірт, кітап, дәптер*» т.б. сөздер секілді орыс тіліне де латын-грек тілінен орысшаланып сіңген, қазір нағыз орыстікі болып кеткен сөздер екен.

Рас, орыс тілінің сөздік құрамындағы кейбір сөздер латын-гректік түбірге 100 пайыздай сәйкес келіп қалатын кездері болады, алайда бұл – орыс тілі еуропалық тілдердің барлық сөзін еш өзгеріссіз алған дегенді білдірмейді. Орыс тілі үнді-еуропа (флективті) тілдері тобына жататын болған соң, дыбыстық жүйесі мен тілдік құрылымы оларға қазақ тілінен гөрі біртабан жақын. Сондықтан да кейбір сөздердің грек-латынша дыбысталуы орыс тілінің табиғатына толық сәйкес келіп, еш өзгертілмей алынған.

Егер жат жұрттық сөздер белгілі бір заманның саяси ықпалымен жасалған ереже-қағидалар негізінде тілге зорлықпен енетін болса, тілдің табиғи жүйесіне сәйкес келмейтіндігінен, бәрібір олардың бөтендігі әрқашан сезіліп тұрады. Керісінше, халық орыс сөздерін қабылдағандай, айтып-жазса (*ағылшын, орыс, неміс, кәріс, жапон, шешен т.б.*) онда олардың бөгделігін арнайы үңіліп зерттеген маман адам (лингвист) болмаса, кез келген жан аңғара бермейді.

Ал қазіргі қазақ тілі сөздік құрамындағы ХХ ғасырдың екінші ширегінен (1938 ж.) бастап орыс тілінен және осы тіл арқылы басқа да шетел тілдері-

нен «халықаралық термин сөздер» деген жалған желеумен орысшаланып, тіліміздің табиғи заңдылықтарына бағынбай, түр-тұлғасын еш өзгертпей сан мыңдаған сөз енді. Оларды нағыз қазаққа айту да, жазу да қиын. Сол «термин сөздер» үнемі түбір қалпында қолданылмайтыны да, оларға әртүрлі қазақша қосымшалар жалғауға тура келетіні де баршаға белгілі.

Әдетте қазақ тіліне жанашырлардың арасында жат тілдік дыбыстары бар сөздер ғана тілдің табиғи бітім-болмысын бүлдіреді деген түсінік бар. Шынында да, олардың ойраны қазақтілді кез кезген жанның көзіне бірден шалынады. Ал жат тілдік сөздер құрамындағы қазақ тіліне де тән дыбыстардың өзгеше, мәселен, орысша тіркесуінің тіл бұзарлық әлеуеті (потенциялы) жат тілдік дыбыстардан да ерекше күшті. Бірақ біз «орыс-қазақ» әліпбиімен сауат ашып, сосын орыс тілінің сөздері мен орыс тілі арқылы орысшаланып енген өзге тілдердің сөздері орысша қалай жазылса, қазақша да солай болуын талап ететін қазақ тілінің «жасанды» емле ережелерін жаттап өскендіктен, олардағы қазақ тілі табиғатына жат дыбыс тіркесімдерінің тіл бұзарлық ойранын сезе бермейміз. Айталық, «г» дыбысы мен «а» дыбысының тіркесі қазақ тіліне жат. Сол себептен «газ» сөзінің қазақтың өз сөзі емес екенін кез келген қазақтілді қазақ бірден аңғарады.

Табиғи ерекшелігі қатаң ескерілуі керек

Сондықтан да латын негізді әліпби бойынша қазақ жазуын қалыптастыруда оның өзіндік табиғи ерекшелігі қатаң ескерілуі керек. Осыған орай оның төл дыбыстары мен олардың өзара тіркесімі мәселесіне арнайы тоқталар болсақ, бұл орайда, ең әуелі, қазақ тілі дыбыстық жүйесінің табиғатына қатысты басты-басты заңдылықтарды анықтап, екшеп алғанымыз жөн болар. Біздің зерттеп-зерделеуімізше, олар – мыналар:

1. Қазақ тілінің өз сөздерін дыбыстап айтуға арналған төл дыбыстары бар. Олардың дыбысталуы дыбыс шығару мүшелерінің сан мыңдаған жыл бойы қалыптасқан артикуляциялық (дыбыс шығаруға ауыз-көмей мүшелерінің қатысуы, дыбыстардың жасалу орны) және акустикалық (дыбыс шығару кезінде демнің өкпеден шығу жолы мен қарқыны) заңдылықтарына негізделген;

2. Қазақ тілі дауысты дыбыстары жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасып келеді. Сол себептен буын үндестігі – қазақ тілінің басты заңы болып есептеледі;

3. Қазақ тілі дауысты дыбыстарының ішінде «о» дыбысы түбір марфеманың тек алғашқы буынында ғана қолданылады. Басқа дауысты дыбыстар барлық буында айтылады, демек жазылуға тиіс. Бұл заңдылық, әсіресе күні бүгінге шейін «емлелік жасанды ережеге» қор болып, жазылуы мен айтылымы арасында үлкен айырмашылық пайда болған «ә» дыбысы мен

еріндік дауысты дыбыстарға (ұ, ү, ө) және осы дыбыстар екінші-үшінші буындарда қолданылатын сөздердің жазылуына тікелей қатысты.

4. Қазақ тілі бүкіл түркі тілі сияқты жалғамалы (агглюнативті) тілдер тобына жатады. Демек, түбір сөзден афикстік морфемалар арқылы туынды сөздің жасалуы және олардың түрлі грамматикалық мағыналарға ие болып түрленуі – оларға жалғанатын қосымшалардың жуан түбірге жуан, жіңішке түбірге жіңішке жалғанып, үйлесіп келуі арқылы жүзеге асады;

5. Қазақ тілінің тағы бір өзіндік бір заңдылығы – еріндік дауысты дыбыстардың да үндестігі. Бұл заңдылық қолдан жасалған айтылым сөздігінде ғана ескерілмей, емле сөздігімізде де көрініс табуы керек.

6. Қазақ тілінде еріндік дауыстылар (о, ө, ұ, ү) ғана өзінен кейін келетін қысаң «ы» мен «і» дауысты дыбыстарын еріндікке айналдырады деп жасанды ереже шығарғанша, олардың орнына жаңа емле ережемінде еріндік дауыстылар жазуымыз керек. Бұл заңдылық үнді дауыссыз дыбыс «у» дыбысына да тікелей қатысты. Қазақ тіліндегі «У» дауыссыз дыбысы өзінің алдында да, өзінен кейін де «ү» мен «ұ» еріндік дауыстыларының айтылуын талап етеді. Демек, жазған кезде, болашақ емле ережемінде осыны да мұқият ескеруіміз керек.

7. Қазақ тілінің түбір морфемасы құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайтыны сияқты екі түбір морфема біріккен кезде екі дауысты дыбыс қатар тұра алмайды. Сондықтан оларды біріктіріп жазатын болсақ, біреуін түсіріп (қаларалық), не болмаса оларды тіркес сөз ретінде (қала аралық) ғана жазу керек.

8. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, қазақ тілінің түбір сөздері мен туынды сөздері, сөз түрлендіруші жұрнақты сөздері буын үндестігі (сингармонизм) заңына бағынып айтылады және жазылады;

9. Қазақ тілінің үнді дауыссыз дыбыстарынан «м» мен «н» ғана сөз басында қолданыла алады. «ң» үнді дауыссыз дыбысы ғана емес, сондай-ақ «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыз дыбыстарынан да сөз басталмайды, демек олар жалаң түрде, яғни «ы», «і», «ү», «ұ» дауысты дыбыстарынсыз жазылмауы да керек;

10. Қазақ тілі сөздері қос дауыссыздан басталмайды.

11. Қазақ тілі сөздерінде үнді мен қатаң дауыссыз дыбыстардың (й+т, л+т, н+т, р+т) тіркесімі бар болғанмен, сөз соңында екі дауыссыз дыбыс айтылмайды.

12. Сөз ішінде (түбір морфемада) бірдей екі дауыссыз дыбысты қосарлап айту қазақ тілінің табиғатына тән емес.

13. Қазақ тілінде «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды.

14. Қазақ тілінде сөз екпінi (екпiндi буын) деген нәрсе жоқ, ол қазақ тілі сөздерінің лексикалық мағынасын өзгерте алмайды. Сол себептен екпін барлық буынға бірдей түседі және екпінді, екпінсіз делініп дауысты дыбыстар ерекшеленбейді. Демек, орыс тіліндегі екпінсіз айтылатын дауысты дыбыстар орысша қалай айтылса, қазақша да солай айтылып-жазылуы керек. Мәселен, мамонт – мамынт, портал – партал, ректор – іректір, топография – тамағырап(ы)йа, трактор – тірәкт(і)р т.б.» делініп.

15. Орыс тіліндегі «и», «у», «ы» дыбыстары осы әріптермен таңбаланып жүрген қазақ тілі дыбыстарына мүлдем сәйкес келмейді. Осы әріптер қолданылатын орыс тілі сөздері қазақ тілі дыбыстарымен алмастырылып, яғни қазақшаланып жазылуы керек.

Қалыптастыру кезеңі қатаң ескеруді қажет етеді

Қазақ тілінің осы аталған ерекшеліктеріне енді ретіне қарай тоқталайық. Өйткені қазақ тілінің өзіндік осы ерекшеліктері мен табиғи заңдылықтары латынша әліпбиге көшкеннен кейінгі қазақ жазуын (емлесін) дайындау, қалыптастыру кезінде қатаң ескеруді қажет етеді.

Сондай-ақ жіңішкелік белгісіне немесе екі дауыссыз дыбысқа аяқталған орыс сөздеріне қосымша әртүрлі жалғанып жүр. Себебі қазақ тілінде түбір морфема мен негіздік морфеманың (туынды сөз) басында да, аяғында да екі дауыссыз, әсіресе екі қатаң дауыссыз қатар айтылмайды, сондай-ақ бір дыбыс түбір сөз құрамында қатарынан екі рет айтылмайды. Демек, «Сарыарқа», «қалааралық», «махаббат», «ләззат» т.б. сөздердің жазылуы қате. Өйткені жоғарыда ескерткеніміздей, қазақ тілінің түбір морфемасы құрамында екі дауысты дыбыс қатар тұра (дыбыстала) алмайтыны сияқты екі түбір морфема бірігіп, бір лексикалық мағына беретін тұтас сөз ретінде қолданылған кезде екі дауысты дыбыс қатар тұра алмайды. Сондықтан оларды біріктіріп жазатын болсақ, біреуін түсіріп (қаларалық), не болмаса оларды тіркес сөз ретінде «қала аралық» деп жазуымыз керек.

Егер өзгетілдік сөздер «ст», «зд», «дж», «кс», «зм», «рс» т.б. дыбыс тіркесімімен аяқталса, қазақ тілінде олардың арасына «ы», «і» қысаң дауысты дыбыстары қосылып айтылады. Мысалы: *миннистір, коледіж, кодекіс, экстремизім, курыс* т.б.

Міне, қазақ тілінің осы сияқты т.б. заңдылықтары, тіпті Халел (өз атын көп жағдайда «Қалел» деп жазған. авт.) Досмұхамедұлы «Сингармонизм түрік (түркі. авт.) тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті» деп ұлықтаған тіліміздің буын үндестік заңы ескерілмей дайындалған емле (орфография) ережелеріміз оның жазба тілін ғана емес, жанды (ауызша) тілінің өзін де табиғатынан алшақтатып барады. Сол себептен қазақтілділер қазақ тілінің

жаттілдік сөздерді қалай жазу керек екені туралы қазіргі емле ережелерін жатқа білсе де, қазақ тіліне өзгетілдік дыбыс тіркесімдерімен енген сөздерді әркім өзінше дыбыстап, өздері дұрыс-ау деп ойлаған қосымшаларды жалғап жүр. Өйткені қазақ тілінің қазіргі емле ережелерінің көбісі орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден орысшалашып енген сөздерді сол қалпында алып, оларға қайтсек, қазақша қосымшалар жалғаймыз деп жасалған ережелерге толы. Оған қазіргі жазба тіліміздің материалдарынан көптеген мысал келтіруге болады.

Орыс тілі әліпбиі және оның тілімізге өзгеріссіз енген сөздерін жазу ережелерінің ықпалынан болар, қазақ тілінің төл сөздерін айтып-жазуда да кінәратты жақтар баршылық. Мәселен, қазақ тілі дауыссыз дыбыстары және олардың сөз құрамындағы өзге дыбыстармен тіркесімі біраз мәселені қайта қарауды қажет етеді. Қазақ тілінің кейбір дауыссыз дыбыстары сөздің барлық орнында (позициясында) келе беретін болса, енді біреулері сөз басында айтылмайды. Сондай-ақ «з», «ж» дыбыстарынан басқа ұяң дауыссыздар сөз соңында қолданылмайды. Оның өзінде «ж» дыбысымен бар-жоғы «тәж» және «бәж (бәж салығы)» деген екі сөз ғана аяқталады. Енді бұған өз ереже-қағидасымен қазақ тіліне еш өзгеріссіз енген сөздердің айтылым-жазылым мәселелерін қоссақ, онда оның (қазақ тілінің) өз табиғатынан біртіндеп алшақтап бара жатқанын анық аңғарамыз.

Қазақ тілі жазуында (графикасында) үнемділік заңын сақтаймыз деп тағы бір өрескел қателікке жол бердік. Нәтижесінде «м» мен «н» үнді дауыссыздары секілді «р», «й», «у», «л» үнді дауыссыздарын да сөз басында жазатын әрі айтатын болдық. «Ң» үнді дауыссыз дыбысынан сөз басталмайтыны секілді бұл дауыссыздардан да сөз басталмайды, сондай-ақ қос дауыссыздан басталатын және қос дауыссызға аяқталатын шет тілдік сөздердің жазылуы қазақ тілі заңдылығы бойынша өзгеше. Өйткені әр тілдің өзіне тән дыбыстары, олардың тіркесуі, сондай-ақ олардың сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында келуі тәрізді өзіндік заңдылықтары бар.

Қазақ тілінде сөз соңында «йт», «нт», «рт», «лт» (айт, жент, құрт, кілт, т.б.) сияқты үнді мен қатаң дауыссыздар тіркесімі бар болса да, басқаша тіркесіммен айтылмайды, демек жазылуы да мүмкін емес. Ал сөз ішінде үнді дауыссыздар өздерінен кейін келетін дауыссыздардың барлығымен тіркесе береді, солай болғанымен, біздің ойымызша, «қм», «рм», «сл», «мл», «см», «др», «хн», «қр» дыбыс тіркесімдерімен жазылып жүрген кейбір «кірме» сөздердің (*рақмет, құрмет, мемлекет, ислам, медресе, сахна, мақұрұм, ресми, емле т.б.*) аражігіне, тіліміздің өзіндік табиғи бітім-болмысын сақтау мақсатында ешқандай жазу үнемділігін ескермей-ақ, «ы/і» қысаң дауысты дыбыстарын жазып-айтуымыз қажет сияқты. Мәселен,

«ырақымет», «құрымет», «мемілекет», «ыйсылам», «медіресе», «сақына», «мақұрым», «іресім(і)й», «еміле» деп жазсақ, қазақ тілі айтылымына (орфоэпия) барынша жақындай түсетіні анық.

Екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің қазақ тілінде дыбысталуы

Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тіл болғандықтан, оған өзге тілден (орыс тілінен) енген сөздердің соңындағы қосарлы дауыссыздарға баса назар аударған жөн. Бұл жерде екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің қазақ тілінде дыбысталуында жүзеге асатын эпитеза, эпентеза, диэреза заңдылықтарын ескеру қажет.

Протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылса [95, 260], эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады. Сол себептен сөз соңы екі дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздердің соңына дауысты дыбыс қосып айтуды тіл білімінде эпитеза деп атайды [96, 404 б.]. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген *киоск*, *танк*, *пропуск*, *диск* деген сөздер *киоска*, *танка*, *пропуска*, *диска* түрінде айтылады және жазылады. Ал қазақ тілінде бұл сөздердің жазылуы орысша түрінде сақталғанмен, олар айтылуда *киоскі*, *таңкі*, *пропускі*, *дискі* түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады. Мысалы, *киоскіден*, *таңкіге*, *пропускіні*, *дискіні*. Бұл жерде өзбек тіліндегі «а» әрпі «ә» болып оқылатынын және қазақ тіліндегі сияқты «к», «г» дыбыстары оларда да жуан дауыстылармен тіркесе алмайтынын ескеру қажет. Демек, оларда «киоск» сияқты сөздердің айтылуы - күйөскә.

Сөз аяғындағы қос дауыссыздардың жазылуына бірдей қарауға болмайтыны сияқты екі қатаң дауыссыздан басталатын жаттілдік сөздерді жазуда да ескеретін тағы бір үлкен мәселе бар. Мәселен, қатаңнан кейін үнді келетін *кредит*, *кристал*, *климат*, *президент*, *прокурор*, *пленум* сияқты сөздердегі «к», «п» дыбыстарынан кейін «ы», «і» қыстырма дауысты дыбыстарын қоспай-ақ, үнемдеп жазуға болатын болса (өйткені орысша дыбыс тіркесімін сақтап жазсақ та, нағыз қазақ «ы/і» дауыстыларын қоспай, бәрібір айта алмайды), *стратегия*, *скат*, *спикер*, *сцена* сияқты екі қатаңнан басталған сөздерде міндетті түрде протеза құбылысы (ы,і-мен жазу) ескерілуі қажет, себебі екі қатаң дауыссыз дыбысты сөз басында айтуға қазақ тілінің дыбыс жасау (артикуляциялық) мүмкіндігі жоқ. Әлбетте, біртіндеп орысқа айналып бара жатқан «сәбіременій» қазақтың оған тілі келеді.



**Нұрлан
ШҮЛЕНБАЕВ**

*А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі
институты
Терминология
бөлімінің ғылыми
қызметкері*



Терминдерді қалай дұрыс біріздендіреміз?

Терминологияны бұрыс, жүйесіз құру, оны мұқият және ретті қолданбау салдарынан пайда болған терминологияның қанағаттанарсыз жағдайы кейіннен кейде практикалық қателерге алып келеді, күмәнді және қате түсініктер жасауға ықпал етеді, оқырманнан артық уақыт пен еңбек шығынын талап етеді. Терминологияны реттеу жөніндегі жұмыстар терминология жұмыстары қағидаттарының тиісті білімдерінсіз орындалған жағдайда қажетті нәтиже бермейді.

Терминологияны біріздендіру

Академик Терпигорев «Ғылыми-техникалық терминологияны әзірлеу мен жетілдіру бойынша нұсқаулық» еңбегінде: «Терминологияның тағы бір кемшілігіне бір түсінікке бірнеше терминді қолдану (терминдер синонимиясы) болып табылады. Термин-синонимдерге мынадай мысалдар келтіруге болады: «жанды күш» және «кинетикалық энергия», «күштер жүйесінің бас векторы» және «қорытындылаушы күш» (теориялық механика), «көлденең күш», «кесу күші», «үгілу (жарылу) күші», «ығыстыру күші», «қиюшы күш» (құрылыс механикасы). Жалпы тіл сөздерінің көпмағыналылығы мен синонимиясы тілдің икемділігі мен байлығына ықпал етіп, заңдылық құбылыс болған жағдайда терминдердің көпмағыналылығы мен

синонимиясы терминологияның елеулі кемшілігі саналады. Көпмағыналы терминдер терминологияның дәлсіздігін тудырады, практикалық қателерге әкелуі мүмкін, ал термин-синонимдер терминологияны қажетсіз баяулатады, мамандар арасында бір-бірін түсінбеушілікке, ерекше терминологиялық диалектілердің тууына алып келеді» [1; 4].

Терминологияны біріздендіру барлық аталған кемшіліктерді жоюды мақсат етеді. Бұл кемшіліктерді кейбір сәтсіз терминдерді қарастырып және оларды басқаларымен ауыстырумен шешуге болмайды. Белгілі бір саланың терминологиясын біріздендіру үшін белгілі бір пәннің түсініктер жүйесіне сәйкес келетін терминдерді жүйеге келтіру қажет.

Көптеген пәндерде түсініктер жүйесі жоқ болғандықтан, терминологияны біріздендіру жұмысын да аталған пәнді түсініктер жүйесіне, яғни, олардың арасында байланыс орнату, топтастыру мен анықтамалар құрудан бастауға тура келеді.

«Сондықтан, терминологияны біріздендіру мен әзірлеу бойынша сәтті жұмыс үшін, жалпыдан жалқыға бару үшін, жалпы (түрлік) ұғыммен бірге (мысалы, коррозия) сол түсініктің түрлеріне (химиялық коррозия және электрхимиялық коррозия), ішкі түрлерге (газдық, сұйық, атмосфералық, топырақтық), топтарға және т.б. бөлінуін беру арқылы түсініктердің ғылыми негізделген топтастырылуы мейлінше қажет», - дейді академик Александр Терпигорев [1; 5].

Әдетте сөздіктерде бірізділік қағидасы, яғни, сөзтізбедегі тірек сөз (түбір сөз) қалай аударылып берілсе, одан жасалған туынды сөздер де сол негізді сақтап тәржімеленіп (ұялату әдісімен) берілгені дұрыс. Сонда терминдердегі бірізділік, реттілік сақталады әрі сөздіктен кез келген сөзді іздеген адам бірден тауып алады. Ал бір орысша сөз бірнеше нұсқада немесе оның туынды түбірі басқа сөзбен аударылып берілсе, нағыз шатасу орын алады да негізгі сөздің туынды түбірінің қалай аударылғанын табу қиындық тудырып жатады. Тағы айтарым: «орыс тіліндегі бір сөзге қазақ тілінен бір ғана сөзнұсқа беру» қағидасы сақталса, сөздік қорымыз да байитын еді әрі сөздерді сөздіктерден ешқандай қиындықсыз тауып алуға болар еді.

Ғылыми атақтарды біріздендіру жайында ғалым М.Серғалиев: ... баспасөз беттерінде «педагогика ғылымдарының докторы», «психология ғылымдарының кандидаты» деу қазақ тілінің заңдылықтарын сақтамағандық болады. Бірде автордың дәрежесі «педагогикалық ғылымның докторы» деп те жазылды. Қазақ тілінде көптік мағынаны сөздің жекеше тұрған күйімен де беруге болады. Сондықтан педагогика ғылымы (ғылымдары емес) академиясы», «психология ғылымының (ғылымдары емес) докторы» түріндегі атауларды қалыптастырған мақұл», - дейді [2; 56].

Бүгінге дейін терминдерді жазуда да ала-құлалық сақталып келеді. Термин қолданыстағы бірізділіктің жоқтығы жайында жиырмасыншы жылдары Сәкен Сейфуллин «Оқу-білім майданында» мақаласында бір адамдар «Халық ағарту комиссариаты» деп жазса, басқалары «Оқу халық комиссариаты» деп жазатынын, бұл атауды ретке келтіру қажет екенін айтады [3; 67].

1991 жылы «Аламан» жинағын құрастырушылар «Бұқарадағы Көгілташ медресесенің салынуы туралы әпсана» деп тақырып қойып, кітап соңындағы түсінікте *предание* – *аңыз* деп көрсетіпті. Х. Досмұхамедұлы мұны «В.В. Бартольд-Туркестанские друзья и почитатели» жинағында «легенда» түрінде берген [4; 193-196].

Ғалым С.Қасқабасов қазақ фольклорын жүйелеу, біріздендіру барысында «легенда» ұғымына «әпсана-хикаят» терминін алуды жөн санайды. Әпсана-хикаяттың мақсаты – баяғыда болған не болатын бір керемет оқиғаның әрекетті немесе жағдайды көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру [5; 153-154].

«Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін біріздендіру деп түсінетініміз белгілі. Біріздендіру жұмысы, ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс» [6; 124-б.].

Әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен...

Біріздендіру (унификация) – әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Тілдегі сөздерді сөздіктерде бірізді берудің мынадай екі жолы болуы қажет:

1. Көлбеу (горизонталды) біріздендіру. Біріздендірудің бұл түрі бойынша аударылған кірме сөзге берілген бірнеше жарыспалы нұсқаның Терминком қабылдағанын ғана сөздікте беру. Ол былайша қолданыс табады:

Публицистика – *публицистика, беренсөз, замансөз, қоғамсөз, көсемсөз, мәндісөз*, немесе Принцип – принцип, **қағидат**, қағида, ұстаным.

2. Тік (вертикалды) біріздендіру. Бұл біріздендіру жолы бойынша аударылып берілген кірме сөздің түбірлес сөзі де, ол сөз қатысқан тіркес сөз де негіз сөз қалай аударылса, сол нұсқада аударылуы қажет. Бұл жағдайда да Терминком бекіткен нұсқа алынуы қажет. Ол мынадай көрініс табады:

Публицистический – *публицистикалық, беренсөздік, замансөздік, қоғамсөздік, көсемсөздік, мәндісөздік*.

Публицистика информационная – *ақпараттық публицистика, ақпараттық көсемсөз*

Публицистика художественная – *көркем публицистика, көркем көсемсөз*

Публицистический рассказ – *публицистикалық әңгіме, көсемсөздік әңгіме*
 Публицистическая повесть – *публицистикалық хикаят, көсемсөздік хикаят*

Принципиальный – *принципті, қағидатты, қағидалы, ұстанымды*

Принцип абстракции – *абстракция қағидаты, абстракция принципі, абстракция қағидасы, абстракция ұстанымы*

Принцип двухзначности – *қайшылық қағидаты, қайшылық принципі, қайшылық қағидасы, қайшылық ұстанымы*

Ескерту: мұнда белгіленген сөз терминком бекіткен нұсқа саналады, сондықтан сөз қолданыста, сөздіктерде сол термин ғана қолданылуы тиіс және басқа жарыспалы сөздерді берудің еш қажеті жоқ.

Жалпы біріздендіру жұмысы терминді Терминком бекіткенге дейін жүргізілуі қажет. Ол үшін мынадай жұмыстар жүргізілуі тиіс:

- терминологияның бұған дейінгі сандаған принциптерін жинақтап, нақты да тиімді, заман, қоғам талабына, сұранысына сай саны ықшамды қағидаттар жасау;

- Терминком терминді бекіткенге дейін талқылайтын ғылыми-әлеуметтік орта қалыптастыру;

- біріздендіру жұмысын Терминком бекіткенге дейін жүргізуді, яғни Терминкомның тек бірізденген сөзді (терминді) бекітуін іске асыру;

- Терминком бекіткен терминдер мен атауларды мерзімді баспасөзде жиі жариялап тұру ісін жолға қою;

- бекітілген терминдерді насихаттау жұмыстарымен айналысу;

- Терминком бекіткен терминдердің тек ғылым саласында, ғылыми стильде ғана қолданылуын қадағалау, яғни терминқолданыста жарыспалылықтың, синонимділіктің, көпмағыналылықтың, қарапайым немесе жаргон сөздердің болмауын назарда ұстау;

- жарыспалылық, синонимділік, көпмағыналылық тек қана көркем әдеби, ауызекі, т.б. тілде қолданылатыны жайлы түсінік жұмыстарын жүргізу;

- мемлекеттік органдардан, мекемелерден, жарнама иелерінен терминдерді дұрыс жазу, қолдануды талап ету.

Туыстас түркі тілдерден терминалмасу, түркі тілдестердің бірыңғай ортақ терминологиялық қорын қалыптастыру, туыс тілдер арасындағы терминдерді біріздендіру ісімен шұғылдану да – заман талабы.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін Терминкомның құзыретін арттыру керек. Терминком тек терминдерді бекітіп, реттеп отыратын ғана емес, солардың дұрыс қолданылуын бақылап отыратын да орган болуы қажет. Және де термин шығармашылығымен айналысып жүрген ғалымдар сол Терминкомның мүшесі болуға тиіс. Ол мүшелер әр аймақта, жергілікті жердегі ісқағаздарында, жарнамаларда, БАҚ-тарда, т.б. терминдердің Тер-

минком бекіткен нұсқаларының қолданылуын, термин қолданысында жарыспалылықтың болмауын талап етуге құқылы болғаны жөн.

Терминжасам процесі асығыстықты көтермейді

Соңғы жылдары аударылған немесе жасалынған терминдердің көпшілігі тілімізге сіңісіп кетті, ал кейбірі жалпы қолданысқа түсе алмады. Кезінде терминжасам процесінде асығыстыққа, науқаншылыққа да жол берілді.

Терминге қатысы жоқ, маманданбаған адамдар термин шығармашылығымен айналысып кетті. Ағымдағы жылы Елбасы бас болып, жалпы қазақ қоғамы мен Терминком қостап бұрынғы, кейбір терминдердің халықаралық атауын қайта қайтару жайы сөз болуда. Бұған байланысты «Терминком kz» порталының мәліметі мынадай:

- 1971-1991 жылдары бекітілген терминдер саны – 2748 (оның ішінде шет тілдік атауы сақталғаны – 41.0 %, қазақ тіліне аударылғаны – 19.7 %, шет тілі және қазақ тілі сөзінің араласқаны – 39.3 %

- 1992-2016 жылдар аралығында бекітілген терминдер саны – 15963 (оның ішінде шет тілді атауы сақталғаны – 35.3 %, қазақ тіліне аударылғаны – 23.3 %, шет тілі және қазақ тілі сөзінің араласқаны – 41.4 %;

- тек соңғы жылдары терминком 8000 мың жаңа термин бекіткен.

Аталған мәліметте Терминком *фонтан, фортепиано, хирург, композитор, балкон* ретінде бекіткен терминдердің халық арасында, тиісінше, *субұрқақ (бұрқақ, шаптырма), күйсандық, оташы, сазгер, қылтима* болып қолданылып жүргені сөз болады. Бұл типтегі сөздер енді қайта қаралады делінген. Бұрын қазақ тіліне *мұрағат, мұражай, мәселе, үдеріс, апат* болып аударылған *архив, музей, проблема, процесс, авария* сөздеріне бұрынғы халықаралық атауы қайта қайтарылып бекітілді. Сонымен қатар, Терминком бекіткен, мысалы, *ұйық (носки), компас (құбылнама), көзек (глазок), салтыншақ (брелок), тәсім (схема)* сынды көптеген атаулар халық арасында қолданыс таппағаны, оларды қайта қарастыру қажеттігі айтылған. Сондай-ақ, ағымдағы жылы *әнұран (гимн), пайыз (процент), иегер (лауреат)* сөздерінің де қайта талқыланатыны хабарланған. Сонымен, тәуелсіздік жылдары қазақ тіліне аударылған біршама сөздерге халықаралық атауы қайта берілетін болады. Бұдан терминжасамда кезінде науқаншылыққа, асығыстыққа жол берілгендігі байқалады.

Тілдегі сөздерді қолдануда ғылыми стиль мен көркем әдебиет, ауызекі, т.б. стильдер қоланылатыны белгілі. Олай болса, ғылыми стильде тек Терминком бекіткен терминдер ғана қолданылуы қажет, өйткені терминге жарыспалылық, синонимділік – жат нәрсе. Ал бұл ұғымдар тек көркем әдебиет, ауызекі және т.б. стильдерде қолданылуы заңды құбылыс болуы

тиіс, өйткені жарыспалылық, синонимділік, көпмағыналылық әдеби тілдің сөздік қорын байытып, терминжасаудың негізгі көзі саналады, Мұнда әдеби тілден терминге өту үрдісі жүретін болады. Әдеби тілінде синоним, жарыспалы сөздер неғұрлым көп тілдер бай тіл болып саналады. Ендеше, ол сөздердің термин болу, терминдену мүмкіндігі жоғары. Сонда біздің айтарымыз, ғылым тілінде, ғылыми стильде тек Терминком бекіткен сөз ғана қолданылуы керек те, сөздердің жарыспалы нұсқалары, синонимдер, көп мағыналы сөздер басқа әдеби стильдерде (көркем әдебиет, ісқағаздары, ауызекі) қолданыла берілуі қажет.

Мысалы, *публицистика* сөзін Терминком *публицистика* ретінде бекітсе де, оның әдеби және ауызекі т.б. тілде *беренсөз, замансөз, қоғамсөз, көсемсөз, мәндісөз* жарыспалы нұсқалары (әсересе, жазушылар, журналистер арасында айтылатын «көсемсөз» сөзі) құлаққа жағымды да естіледі, сөзжасам талаптарына да сай, жиі қолданылады әрі ол заңды да. Өйткені тіл – тұтынушысы бар жанды құбылыс іспетті. Бұл сөздердің де бірін келешекте терминком *публицистика* сөзінің аудармасы, яғни термин сөз ретінде бекітуі де мүмкін. Олай болса, терминком бекіткен сөз ғылыми стильде, ал бекітпеген өзге жарыспалы сөздер басқа стильдерде қолданыла берілуі – үздіксіз процесс.

Әдеби тіл сөздерінен өзге тілде қарапайым, арго, жаргон сөздер бары да рас. Бүгінде ауызекі тілде қолданылып жүрген *қылтима, шаптырма, шомылма* сөздерін түсінбейтін жұрт оларды «Терминком бекіткен» деген жалған ақпараттар таратып қалады, Бұған айтарымыз: Терминком ондай сөздерді бекітпейді және бұл сарындас сөздер жаргон сөздер ретінде халық арасында қолданыла береді әрі әдеби тіл элементі болып саналмайды. Тіпті ондай сөздерді терминжасам қағидатынан бейхабар біреулер әдейі жазып қолдануы да мүмкін. Балкон сөзінің тілде *қылтима, самалдық, балахана* нұсқалары қолданылып жүр. Бірінші сөз жаргон сөз болса, кейінгі екі сөздің болашақта құрылыс термині ретінде қабылдану мүмкіндігі бар.

«Түсіндірме сөздікте» *балахана* сөзіне мынадай анықтамалар берілген: Балахана зат. 1. *Үйдің екінші қабатында болатын төбесі ашық құрылыс бөлігі, балкон. Балаханада жатқан қарт осы жорықта дертке шалдықты* (Д.Досжанов. Тұлпар). Лянжау үйлері қора ішінде, сыртқы қабырғалары тесіксіз тұтас, көбінің төбесінде «балахана» аталатын қондырмалары бар (С.Мұқанов. Алып адым.). 2. *Балалар бөлмесі.* Оң жақ қатарда өзге балалары мен күтушілер тұратын *балахана* (С.Мұқанов. Аққан жұлдыз). 3. *Көші-қон кезінде түйенің үстіне салынатын қом.* Сейтбектің бәйбішесі таяқ тастам жерге жүруге қаншама әзірленіп, ақ бас атан қомданып, балахана артқызып, басын бір қызға жетектетіп, артынан екі жігітке айдататын (М.Мағауин. Аласапыран). Өңмеңдеп келе жатқан үзік керуен қалт кідірді.

Соңғы түйедегі балаханадан тағы сарнаған жат үн шықты (Д.Досжанов. Жібек Жолы) [7; 671].

ТС-те субұрқақ сөзі былайша берілген: Субұрқақ зат. *Қысым күшімен құбырдан, түтіктен не басқа бір көзден жоғары атқылайтын сұйықтық шапсымасы*. Римнен аттанарда Требус бұрқағындағы ауызға шақа ақша-монета тастап кетсеңіз, бұл жерге қалайда қайтып ораласыз деген сенім-наным бар (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті, сондай-ақ шаруашылық субъектілері өкілдеріне субұрқақтар мен сужылғаларын тиісті деңгейде ұстап тұру тапсырылды («Алматы ақшамы») [8; 119].

Сөздікте *балкон* сөзінің баламасы ретінде ауызекі тілде қолданылып жүрген *қылтима* сөзі емес оның «*өкпелегіш*» (сын.е.) мағынасы берілген. Бұрқақ сөзі «*жел*» мағынасында беріліпті. Ал самалдық сөзі «Самалдық зат. этн. 1. *Ұзақ сапардан адам әкелген сәлемдеме, сый-сияпат*. Самалдық зат. өс. 2. *Көкөніс дақылы*» деген анықтама берілген.

Қазіргі таңда Терминком қайта қарастырғалы жатқан *архив, музей, процесс, авария* сөздерінің тілде, тиісінше, *мұрағат, мұражай, үдеріс, апат* сияқты сәтті аудармалары тілде, халық арасына барынша сіңісіп қалған еді. Алайда біреулерге ұнамады деп оларды қайта бұрынғы нұсқасына көшіру де дұрыс болмас деп ойлаймыз. Ал олай болған жағдайда олар әдеби тілде жарыспалы түрде қолданылып жүрері ақиқат.

Қағидаттар ұсынымы

Терминжасам қағидаттарының мынадай түрлерін ұсынуға болады:

1. «Ана (қазақ) тілінің өз, ішкі мүмкіндігін пайдаланып терминжасау қағидаты. Ол былай жүзеге асады: а) кірме сөзге тілімізден қажетті жаңа балама сөз (*айтылым, жасалым, көптесім, мәндесім, қарсыласым, аттасым, әдістеме, буынтаным*) табу; ә) байырғы көнерген сөздерге (*құн, бәйге, тұсаукесер, жасақ, айдауыл, қарауыл, алқаби, шолғыншы*) жаңа терминдік мағына үстеу арқылы термин жасау; Мұнда тілдегі ертегілерден, тұрмыс-салт жырлары, қисса дастандар, тіпті ауызекі тілдегі сөздерді де алуға болады; б) кірме терминдерді сөзбе-сөз (калькалау) аудару.

2. «Туыстас түркі тілдерінен термин алу (ұшақ, т.б.)» принципі. Бұл ортақ түркілік терминологиялық қор қалыптастыруға, түркі тілдерінің ықпалдасуына септігін тигізері сөзсіз.

3. «Кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшелігін ескере отырып қабылдау (*режім, релис, зауыт, сиез*)».

4. «Аударуға келмейтін және дүниежүзінің бірнеше тілдеріне ортақ жалпы халықаралық терминдерді аудармай беру (*музей, архив, композитор, пианино*). Бұл бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселеге айналды.

5. Қысқарту тәсілі (әріп, буын, сөз) арқылы сөз жасау.

Бүгінде тіліміздегі терминдер тар мамандық, сала, ұлт шеңберінде ғана біріздендірілу сатысында. Ал туыстас, халықаралық тілдер арасындағы біріздендіру ісі дұрыс жолға қойылмай отыр.

Аталған жұмыстар бойынша да халықаралық байланыстар орнату қажет. Сол арқылы түрлі ақпараттар алынады. Комиссиялар құрылып, олардың сол жобалар бойынша алыс, жақын шетелдерге іссапарларын ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Терминологиядағы осындай жұмыстар жүргізілгенде ғана терминдер бірізді әрі ретті қолданылатын болады. Ол кезде сала мамандарының, тіл тұтытынушылардың шатасуына ешқандай негіз болмайды. Кірме сөздің нақ та ықшамды аудармасы немесе жасалып бекітілген жаңа терминнің үлгісі тілдік қолданысқа түсіп, терминдік қорды байыта түсері сөзсіз.

Өкінішке орай, пәрменді түрде жасалып жатқан жаңа терминдер мен атауларды реттеуге, біріздендіруге, оларды сөздіктерде беріп, көпшілікке жеткізуге келгенде шалағайлық танытып жатамыз. Ұқыптылық, біріздендіру, реттеу, жүйелендіру жағы кемшін түсіп жатады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Руководство по разработке и упорядочению научно-технической терминологии / под ред. академика А.М. Терпигорева. Издательства академии Наук СССР. – Москва, 1952. – 245 с.

2. Серғалиев М.С. Оқу-ағарту жұмысында қолданылатын терминдер мен ұғымдар жайында // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. – 216 б.

3. Әбдірахманов А. Тіл мәдениеті және терминология // Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым. 1972. 82-б.

4. Досмұхамедұлы Х. Легенда о постройке медресе. Когельтоли в Бухаре // Х.Досмұхамедұлы. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., Ғылым, 1984.

6. Құрманбайұлы. Ш. Терминология мәселелері. 2-кітап. – Астана: С-Сервис ЖШС, 2006. – 228 б.

7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық // Құрас. Ғ.Қалиев, С.

8. Бизақов, Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. 2 т. А.Б. – 744 б.

9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық // Құрас. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. 13 т. – С-Т. 752 б.



Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ
«Ана тілі» газетінің
жауапты хатшысы



Ономастика мамандарын даярлау маңызды

Тарихи атауларға бейжай қарамайық. Тәуелсіздігіміздің бізге берген жақсылықтары көп. Солардың бірі де бірегейі – тарихи атаулардың қалпына келтіріле бастауы, ортамызға оралуы. Әлі де оралмағандары қаншама, десек те мәселе бірте-бірте шешімін табады деген ойдамыз. Жалпы тарихи атауларға шын мәнінде көненің көзі деп емес, өткеннің ұлағатты сөзі деп те қарауымыз керек. Ал сөз дегеніміз, атау дегеніміз бұл жатқан бір тарих.

Онда ата-бабамыздың үні, яғни дәуір дауысы, заманның ұлағаты бар. Сол себепті де тарихи атауларға бейжай қарауға болмайды. Бұл орайда ортаға салатын бірнеше маңызды мәселелер аз емес. Ең алдымен мемлекет ретінде мекен етіп жатқан географиялық кеңістігімізде, республикамыздың аумағынан тыс жерлерде қазақ халқына қатысты тарихи атаулардың бастауы жиналып, толыққанды зерттелмей, ғылыми айналымға түспей келе жатқандығы. Тарихи атаулар елімізден бөлек, шекаралас аймақтарда, атап айтқанда Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге елдерде, алыс-жақын аймақтарда ұшырасады. Мұның барлығы терең зерттеліп, ғылыми айналымға түссе, ұлттық кодымызды тануға жол ашылады.

Әртүрлі дәуірлер мен ғасырларда, белгілі

бір тарихи кезеңдерде пайда болған атаулар сол кездегі геосаяси жағдайдан, элеуметтік-мәдени өмірден жан-жақты хабар береді. Ата-бабаларымыздың табанының ізі қалған, ғұмыр кешкен мекендерде, халық жадында, тарих беттерінде көптеген атаулар сақталған. Оларды ұлттық таным көкжиегін кеңейту мақсатында зерттеудің өз қажеттілігі бар. Қазаққа қатысты тарихи атауларды, тіпті бүкіл әлем бойынша іздесек, несі айып? Сөздің мағынасы мен ретіне, қолданысына, шығу тегіне қарай, ғылыми тұжырымдарға сүйеніп отырып, зерделеу – өзекті мәселе. Бүгінде елімізде шет тілдерін, атап айтқанда ағылшын, түрік, араб, парсы, қытай, жапон және өзге де тілдерді жетік білетін мамандар аз емес. Олардың арасында ғалымдар, тарихшылар да бар. Осындай мамандарды тарта отырып, ономастикалық, топонимикалық бағыттарды зерттейтін ғылыми орталық құруымыз керек.

Бірегейлігіміздің көрінісі тарихи атау

Мәселен, Еуропа, Азия елдері бойынша кездесетін тарихи атаулардың этимологиясын, атаулар сырын зерттеп, ғылыми жинақ, сөздік ретінде шығарылса, ғанибет болар еді. Шынтуайтына келгенде, әрбір тарихи атау – ұлттық санамыз бен бірегейлігіміздің, тұтастығымыздың көрінісі. Тарихи атау арқылы жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға болады. Оны санамызда қайта жаңғырту ұлттық болмысымызды танып-білуге жол ашады. Қазақтың әрбір атауы жайдан-жай қойыла салмаған. Мұқият зерделесек, ол белгілі бір тарихи жағдайларға, эпостық жыр-аңыздарға, би-шешендер мен батырлардың, қосылмаған ғашықтардың, еліне қамқор болған айтулы тұлғалардың құрметіне, жердің табиғи-биологиялық ерекшелігіне және т.б. қатысты қойылып отырған.

Еліміздің ономастика, топонимика саласына байланысты мәселелерді тілге тиек еткенде, мына бір мәселені де айта кетуіміз керек. Ол – жоғары оқу орындарында ономастика саласының мамандарын даярлау бөлімдерін ашу. Себебі бұл салада елімізде кәсіби мамандардың аздығы байқалады. Бұл мәселені көбіне-көп география, филология салаларының мамандары зерттеп жүр. Ал ономастика дегеніміз бұл бірнеше ғылым салаларының түйіскен жері. Онда тарих та, география, филология, геология да көрініс табады. Географтар сөздің этимологиясын, лингвистикалық мәселелерін біле бермеуі мүмкін, ал филологтар керісінше жер-су атауларының географиялық мәселелерін жете танымауы мүмкін. Ал бұлардың барлығы атауларды зерттеуде үстіртіндікке әкеліп соғады.

Тіл білімінің күрделі саласы

Ономастика – тіл білімінің күрделі саласы. Ол грек тілінен аударғанда (ὀνομαστική) «атау беру өнері» деген ұғымды білдіреді. Атаулардың шығу тарихын, олардың ұзақ уақыт бойы қолданыста болуынан трансформацияға ұшырауын зерттейді. Ономастика, ономатология, ономасиология, топономастика, антропонимика, астронимика, зоономика, каронимика, космоника болып сала-салаға бөлінеді. Ономастикалық зерттеулер әртүрлі халықтардың миграциясы мен түпкі атамекенін, мәдени және тілдік қарым-қатынастарын, тілдердің байырғы қалыбы мен олардың диалектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Ғылым үшін құнды деректер ұсынады. Демек ономастика кешенді сала болғандықтан оның мамандарын даярлаудың қажеттілігі осындай мәселелермен айқындалады.

Бүгінгі таңда еліміздің әр облыс, аймағы бойынша дайындалған ономастикалық-анықтамалық жинақтар бар екені белгілі. Бірінде тарихи материалдар көбірек болса, енді бірінде анықтамалық тұрғыда ғана қысқаша берілген. Кейбіреулер, тіпті орыс тілінде ғана дайындалған. Яғни барлығы бір жүйеге, бір ізге түспеген. Көлем, баспа табағы да әртүрлі. Енді осылардың барлығын жүйелеп, бірнеше томдардан тұратын, жаңа деректермен толықтырылған сүбелі жинақтар етіп неге шығармасқа? Мұндай жоба қолға алынса, асығыстыққа жол беруге болмайды. Ол бірнеше жылға созылса да, сапалы, елдің көңілінен шығатындай болуы керек. Аталған көптомдықты дайындауға тек қана ғалымдар емес, жалпы халықты да қатыстыруға болады. Елбасы айтқандай, әр азамат өзінің туып-өскен жерін, ондағы жер-су атауларының тарихын жазып берсе, мұның өзі үлкен материалға айналар еді. Сөйтіп, «Рухани жаңғыру» аясында еліміздің ономастикасы да жаңғырады.

Әлбетте, ономастикалық мәселелер тек ғылыми-зерттеулермен шектеліп қалмауы керек. Тарихи атауларды жас ұрпаққа кеңінен насихаттауға айтарлықтай көңіл бөлініп отырса, нұр үстіне нұр. Киелі мекендерге экскурсиялар ұйымдастыру, жергілікті жердің ерекшеліктерімен таныстыру, т.т. Мәселен, Орал өңірінің оқушыларын оңтүстіктің тарихи мекендерімен, Ақмола өңірінің оқушыларын батыс өңірінің тарихи жерлерімен таныстырса, бұл олардың бойында ұлттық сананың қалыптасуына оң әсер етеді. Оқушылар өз облыстарын ғана танып білмей, бүкіл Қазақстанның тарихи жерлерін біліп шығар еді. Отанға деген патриоттық сезім осындай шаралар арқылы қалыптасады.

Президенттің «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жазылғандай: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған,

есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

Мақтанышпен баулысақ

Иә, шын мәнінде жай сөзбен ғана: «Сен еліңнің патриоты бол» дегеннен нәтиже шықпайды. Патриоттыққа кеудеге мақтаныш ұялататын дүниелермен баулысақ, құба-құп. «Атамекен», «Туған жерге саяхат» және т.б. жобаларды неліктен қолға алмасқа? Шыны керек, оқушыларымыз жазғы демалыста қайда барып, не істерлерін білмей жүреді. Уақыттарын босқа өткізеді. Жергілікті жерлердегі әкімдіктер, білім, мәдениет басқармалары осы саяхаттық, экскурсиялық жобаларды неліктен ұйымдастырмасқа? Әр оқушы бір тарихи атаудың мағынасын біліп және сол жерді өз көзімен көріп қайтса, өмір бойы есінде қалмай ма?

Ономастиканың тағы бір мәселесі – Кеңес уақытында пайда болып, күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан көптеген атаулардан арылу. Мәселен, бір ғана Ақмола облысының өзінде Юбилейное, Московское, Костычево, Донское, Маяк, Савиновка, Ярославка, Знаменка, Сочинское, Наумовка, Филипповка, Дмитриевка және т.б. атамекенімізге қатысы жоқ көптеген атаулар кездеседі. Бұлардың есімі әлемге әйгілі қайраткерлер, ақын-жазушылар болса бір жөн, көбі заманында әйтеуір сол жерге атау беру керек болған соң қойыла салғаны байқалады. Тың игеру жылдарында, сондай-ақ жер аударылған халықтардың қоныстана бастағандарынан кейін пайда болған атаулар ғой. Осындай әрқилы орысша нұсқалар, әсіресе солтүстік өңірлерде көп кездеседі. Оңтүстік облыстарда бірен-саран ғана болмаса, жиі ұшыраспайды. Жер, елді мекен атауларын қазақыландыру бағытындағы жұмыстар соңғы жылдары саябырсып қалды. Бұл тұста ескеретін нәрсе, атау беруді ешуақытта науқаншылдыққа айналдыруға болмайды. Бізде көбіне-көп, тарихи атауларды жаңғырту емес, кейінгі кезеңдерде ғұмыр кешкен кісі есімдерін беру үрдісі белең алып кетті. Егер есімі берілетін тұлға халыққа белгілі болса, сол жерге, аймаққа еңбегі сіңген азамат болса, бір басқа. Әрбір атау ғасырларға жалғасып, дәуірлерге ұласатын болған соң оның салмақты болғаны дұрыс.

Өзге тілдегі жазулар

Ендігі бір атап өтерлік жайт, қазір қалалық жерлерден байқайтынымыз, сауда-саттық орталықтары, шетелдік мекемелер, компаниялар, түрлі фирмалар, кәсіпорындар жаппай шетелдік сөздермен аталуда. Бейне бір -шетелде жүргендейсің. Сонда мемлекетіміздің ұлттық келбетін, бет-бейнесін қалай қалыптастырамыз? Кез келген атау белгілі бір дәрежеде сол елдің идеологиясын, тарихи-мәдени аспектілерін білдіріп тұруы керек.

Оны көріп, жадына түйіп өскен жас ұрпақ та күні ертең өз елінің атауларын мақтаныш тұтады. Ал бізде, өкінішке қарай, шетелдік атаулар көбейіп барады. Мемлекеттік тіл тұрғысынан алғанда бұл дұрыс емес. Ең бірінші кезекте мемлекеттік тілдегі атауларға басымдық берілуі керек. Мұны заңдық тұрғыдан шешетін уақыт келді. Өйткені бұл елдігіміздің бет-бейнесін сақтауға бағытталған мәселе. Қазақстанға келген кез келген турист алдымен қаладағы атауларға мән береді. Елдіктің бет-бейнесі мемлекеттің өз тілінде жазылған атаулары арқылы танылатынын естен шығармайық. Осы жағына көбірек назар аударғанымыз дұрыс.

Қорыта келгенде айтарымыз, ономастика саласының өзекті мәселелеріне жете көңіл бөлуіміз керек. Оның дұрыс бағытта зерттелуі, тарихи атаулардың қалпына келтірілуі, мамандар даярлау орталықтардың ашылуы, ономастика мәселесіне ұлттық мәселе ретінде назар аударылуы – барлығы да Тәуелсіздігіміздің нығаюына, мемлекет іргетасының берік болуына едәуір үлес қосары анық.



Мұқтар ӘБІЛСЕЙІТ

*Х.Досмұхамедов
атындағы Атырау
мемлекеттік
университетінің
профессоры, тарих
ғылымдарының
докторы*

Рухани жаңғыру және Алаш зиялылары

Алаш өлмес, көркейер...

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін, – деп Мағжан Жұмабаев жырлаған Алаш арыстары бүгінгі Қазақ тәуелсіздігін көрмегенімен, оның таңы түбі ататынына сенді. Сол үшін Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» (Орынбор, 1909), Байбатыр Ержанұлы «Тұр, қазақ!» (Қазан, 1914) және Әбілқасым Арғыни «Жатпа, қазақ!» (Ташкент, 1917) еңбектерін арнап, елдің рухын оятты. Нәтижесінде, алаштықтар артына ертеңгі ұрпағына болашақ бағыт-бағдар ретінде мол мұрасын қалдырды, «Керегеміз ағаш, ұранымыз Алаш» деп барша қазаққа ортақ идеологиялық ұстанымын орнықтырды.

2008 жылы 29 мамыр күні Астанада қазақтілді басылым редакторларымен кездесуінде Н.Назарбаев: «Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің қазіргі жедел жаңғыру, яғни, модернизация бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді, – дей келе



олардың алдына қойған мақсат-мүдделері арқылы өткенімізді саралап, болашағымызға назар аударды. Замана қай уақытта да жүріп өткен жолынан сабақ алып, оның маңызды тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігін, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын танудың маңыздылығын, оларды қастерлеуді айқындап келеді. Нәтижесінде, Алаш тарихын, оның қайраткерлерінің ұлт игілігіне сіңірген еңбектерін адамзат құндылықтарына айналдыру барысында қыруар жұмыстар жасалды. Бұл арада соңғы жылдары жарық көрген Алаш зиялыларының еңбектерін, оларды зерделеуге бағытталған сүбелі тарихи зерттеулерді, түсірілген кино-фильмдерді, документальды фильмдерді, С.Сәдуақасовтың сүйегінің елге әкелінуін және де өзге шараларды ата-сақ түсінікті болады. Тарихшылар К.Нұрпейістің, К.Есмағамбетовтың, М.Қойгелдиевтің, Д.Аманжолованың монографиялары алаштануды жаңа сатыға көтерді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Бақытжан Қаратаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Тұрар Рысқұлов, Бақтыкерей Құлманов және өзге де тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтерінің зерделеніп, оқырманға жетуі – тарихи сананың жаңғыруына септігін тигізді. Мұның барлығы – ел тәуелсіздігінің арқасы. Дегенмен Алаш зиялыларының орыс империясы, кейінгі кеңестік тоталитарлық билік заманында еш қамықпай ұлт қамы үшін жасаған игі қадамдарын, саяси ұстанымдарын толыққанды сезіне қоймағанымыз жасырын емес. Кей жағдайда олардың терең ойларына бойлай да алмадық.



Ұлт жадының тұғырнамасы

Мұны «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан айқын байқауымызға болады. Осы жолы Елбасы еліміздің саяси экономикалық тұрақты дамуы үшін «біздің санамыз ісімізден озып жүруі» керек дей отыра: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын бо-

лашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», – деп ұлттық санаға айрықша маңыз берді. Ұлттық сана жер бетіндегі әрбір ұлттың жаһандану заманында өзгеге жұтылмауының, өз ерекшелігін сақтап қана қоймай, әлемдегі лайықты орнын айғақтайтын негізгі кепіл. Біздіңше, ұлттық сана ғана ұлтты ауызбірлікке, тұтастыққа, оның мәңгіліктігіне жол бастайды. Кешегі тарихқа көз жіберсек Алаш ардақтылары Орынбор генерал-губернаторлығына қарасты Торғай, Орал, Омбы генерал-губернаторлығына қарасты Семей, Ақмола, Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Сырдария, Жетісу облыстарына шашырай орналасқан барша қазақты қосуға күш салды. Байқасаңыз, 1917 жылы желтоқсан айында Алашорда өкіметі ресми жарияланған тұста қазақ зиялылары Ұлт кеңесін құрып, оған барлық қазақ облыстарынан белді азаматтарын енгізді. Алашорда, алдымен, ұлттық бірлікті ту етті. Сондықтан қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты 1917 жылы шамамен 2 665 441 қазақ өмір сүрген Сырдария мен Жетісуды, яғни Түркістанды Алашордаға қосу аса маңызды мәселе болды. Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай қол қойған жеделхатта: «Екінші жалпы қазақ-қырғыз сиезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп, өз алдына автономия етуге қаулы қылды», – деп жазылса, сәл кейін М. Шоқай Сырдария халқына үндеуінде «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас» деген тоқтамға келеді. Осылайша, Алаш зиялылары патша өкіметінің құлауын, елдегі революциялық төңкерістерді ұлт мақсатына пайдалануды көздеді. Ал ұлт мақсаты ел болу еді. Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіруді көздеген зиялылар қазақ жеріндегі өзге де ұлттарды бір мақсатқа жұмылдыру үшін Алашорда Уақытша Ұлттық кеңесінің 25 мүшесін бекіткенде оның 10 мүшесін қазақтар арасындағы орыс және басқа ұлттарға қалдырды. Мұны біртұтас мемлекетті құрудағы ішкі үйлесімділік пен қалың көпшілікті ортақ мүддеге бағыттаудың үлгісі деп бағалаған жөн.

Бүгінгі рухани жаңғыру Алаш зиялыларының арман мүддесін, алдына қойған мақсат-міндеттерін іс жүзіне асырып отыр. Бағдарламалық мақаладағы тұтас халықтың қазіргі замандағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру – ұлтымыздың мәңгіліктігінің негізгі кепілі. Ол табиғи байлықпен емес, адамдарының білім және ғылымдағы, өнердегі бәсекеге қабілеттілігімен айқындалады. Бір сөзбен айтқанда, ұлтымыздың кескін-келбеті, этностық бірегейлігі, тілі мен ділі – аса маңызды мәселе. Украинаның даңқты ұлы

А.Шульгин М.Шоқай туралы зерттеулерінде: «Алдына қойған мақсатын орындап, азат Түркістанға басшылық етуді жазғанда М.Шоқай Ататүрік ізімен жүретін еді, бірақ оған түгелдей еліктемес те еді. Ол азат Түркістанның кескін-келбетін сақтай отырып, басқа мемлекеттермен бәсекеге қабілетті болу үшін батыс елдерінен көп нәрселерді үйренуі тиіс деп ойлады» деген тоқтам жасаған-ды. М.Шоқайдың мақсаты Қазақстанның алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылу жоспарымен сәйкес келеді. Биік мұратқа ұмтылған ұлттардың бәсекеге қабілеттілігі ғана елдің дамуына жол ашады. Әрине, бұл арада білімнің атқарар қызметі зор. Мұны Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Білім жарысы» деп бағалап, «Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды» деген түсініктемесін береді. Оны жалғастырған Халел Досмұхамедұлы: «Қазақ-қырғыз жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр». Мәдениеттің негізі – білім. Білім тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады», – дей келе, «Аурупа жұрттарының ғылым тілі қылып алған тілі – латын тілі. Латын тіліндегі терминдерді ешкім қалдыруға ниет қылған жоқ, қалдыруға қолдан да келмейді. Ғылым ұлғайған сайын латын терминдері де ұлғайып барады», – деп замана ағымын сезінгендей болды. Уақыт Алаш ардақтыларының терең түсінігін ақтады. Елбасы мақаласынада: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», 2017 жылы 20-25 маусым аралығында Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында: «Бұл – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін әрі әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам... Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі бірлігімізді нығайтып, рухани жақындастыра түседі» деп түйінді ой қорытты. Ол жаңа әліпбидің маңыздылығын айғақтайтын тарихи шешім болды.

Шексіз зерденің иесі

Тәуелсіз елдің тұғырының беріктігі білім нәрімен сусындаған өскелең ұрпақтың туған елге деген сүйіспеншілігіне тікелей байланысты. Елбасы: «Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды» дей келе, «Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ одан да маңыздырақ мәселені –

өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға әсте болмайды» деген тұжырымымен көпті тағы бір толғандырып тастады. Бұл арада жаһандық әлеммен қабыспайтын ұлтымыздағы кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу туралы мәселе арнайы көтерілді. Елбасы оны ашық айтты. Мұндай керітартпалық қасиеттер заманында алаштықтарды да толғандырып еді. Мәселен, Абайдан бастап, М.Дулатовтың «Дау құмар», «Сол қыздың атын ұмыттым», «Досмайыл қажыға ашық хат», «Балаларға жұққаны» атты мақалаларында көтерілген ел ішіндегі шындықтар саналы адамды ойландырмай қоймайды. М.Шоқай өзінің не жеке топтың мүддесіне қызмет ететіндерді жалпыұлттық деңгейдегі қайраткерлер сипатына жатқызбай, ой-өрісі шектеулі, пендешілікті медет тұтқан адамдар деп санаған. Ол «Жалпыұлттық мүддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзілім жолында құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» дейді. Яғни, жалпыұлттық мүдде бәрінен жоғары тұруы тиіс.

А.Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басында-ақ қазақ байларын қаржыны білім мен ғылымға салуға шақырды. Мақсат Еуропаның игі істерінен, әлеуметтік-экономикалық дамуынан үлгі алу болатын. Ол Ақаңша: «Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе, намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді. Ауылын шауып, адамын сабаса, жауын мұқатып, мақсатына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын?! Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Еуропа байларындай басы бүтін бере алмайды... Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз» деген жолдармен түсіндіріледі. А.Байтұрсынұлының ашық ойлары «Қазақ» газетінде талқыға ұласты, оны қолдап қаржы бөлген қазақтар қарасы байқалды.

Ақаңның ойымен астасып жатыр

Бұл да – бүгінде біз үшін өзекті мәселе. Бағдарламадағы: «Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады» деген жолдар Ақаңның ойымен астасып жатыр. Елбасының қаржысы бар әлемдегі қазақтарды ел экономикасына шақырып, тікелей қолдау көрсетуі

сол Алаш ісінің жалғасы іспеттес. Бұл мәселе Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайында да көтеріліп, қолдау тапты.

Бағдарламада жаһандану заманында ұлттың болмысын сақтау өзекті мәселе екені ашық айтылған. Бұл арада ұлттық болмыс, ұлттық код – ажырамас ұғым. Олардың сақталуы әр ұлттың мәңгіліктігінің кепілі. Оны түсінген шығыстың ойшылы, Нобель сыйлығының иегері М.Иқбал: «Езілген ұлттардың менін, болмысын ұмыттыру, оларды тарих бетінен жойып жіберудің астыртын жүргізген әдісі мен ойыны» екенін айтып, «...менін жоғалтқысы келмейтін ұлт өзінің өткені, бүгінгі мен ертеңі арасындағы қан тамырларын үзіп алмауы» керектігін және әрбір ұлт «қуатты тарихи сана арқылы төл тарихымен үлкен махаббат арқылы тұтастықта болу керек» деп ескертеді.

Кешегі заман мен бүгіннің түйген тәжірибесі елін, туған жерін сүю ғана, оның көркеюіне жол ашады, ұрпақтар сабақтастығын одан әрі дамытады, оны мекендейтін барша ұлтты бір мақсат-мүддеге бағыттайды. Оса арада рухани жаңғырудың еліміздің идеологиялық тірегі екеніне көңіл аударғымыз келеді. Олай болса, Алаш зиялылары көтерген идеялар толығымен бүгінгі қазақ тәуелсіздігімен терең тамырласып жатыр.



**Айнаш
СЕЙСЕКЕНОВА**
*Қазақ экономика,
қаржы және сауда
университетінің
«Қазақ және шет
тілдері» кафедрасының
доценті*

Таңдау өзгергенде — тағдыр өзгереді

Әркімнің толып жатқан арман, тілектері болады. Бір ғана тілектің орындалуы үшін қаншама күш шығындалады. Ал, егер оның орындалуы сізге мүлде қажет болмай шықса ше? Сондықтан да, Шәкәрімнің «Ар ілімін» «затшылдық көзін байлаған, адастырып айдаған» хайуаннан адамға айналуы игеру ілімі десе де болады.

Өмірде адам неше түрлі өзіне және басқаға көп зияны тиетін нәрселерді қалауы мүмкін. Адамдар кейде баладан бетер қылықтар жасайды. Бала егер бір ойыншықты көрсе керек, керек емесіне қарамай алғысы келеді. Тіпті ол біреудің ойнап жүрген ойыншығы екеніне қарамастан соны иеленгенше тынышталмайды. Тілек орындалған соң, ол ойыншық мүлде оған керек болмай шығады.

Біздің тілектер ойшыл сөзімен айтсақ, жар-жаратушының әлемдік үйлесім туралы заңдылығына байланысты орындалады. Егер ол тілектер осыған сәйкес болса, олар орындала бастайды. Мысалы, сіздің тілегіңіз екінші адамды бақытсыз ететін болса ше? Қазір доллары барлар оның бағасының өсе түскенін қалайды, ал, оның бағасының өсуі миллиондарға жоқшылық зардабын тартқызуы мүмкін. Ал, жоқшылық зардабын тартқан адамдар жоқ жер-



ден жанжал, соғыс болуын тілеп тұратынына соңғы кездегі оқиғалардың өзі куә. Сонда нақақтан төгілген қан мен көз жасқа кім жауап береді? Көрдіңіздер ме, оңған тілектер болу үшін оң ойлаудың зәрулігі қаншалықты екенін? Ендеше тілектерге талдау жасау керек. Жар-жаратушыға адамның бәрі қымбат. Әсіресе, әлсіздерге мейірімі шексіз. Сондықтан, көптеген шығыстық ілімдерде тілектерді мүлде тоқтату керек деп есептейді.

Шәкәрімнің «Ар ілімінде» өлмей жатып «өлу» мәселесі нәпсінің «өлімімен» байланысты айтылған. Нәпсінің өлуі дегеніміз Эгоның өлімі, яғни, өзімшілдікті жеңу деген сөз. Эго дегеніміз адамның жалған тілектерге алдану сезімі. Тілектері орындалмаған адам көңілсіз, селқос болып, тіпті қайғы-мұңға батып та жатады. Ал, енді дүниедегі ойшылдар тілектер туралы не дейді екен, соны көрелік.

Сонымен, қайғырудың негізінде адам тілектерінің орындалмауы жатыр дедік. Тілек дегеніміз не? Адамзат тарихындағы ойшылдық мектеп өкілдерінің ой-пікіріне жүгінер болсақ, Артур Шопенгауэрдің пікірінше, адамның өмірге деген еркі өзімшілдік арқылы іске асады. Сондықтан, өзімшілдікті жеңу құрбандық жолы болғандықтан, ол таңдаулылардың қолынан ғана келеді.

Бальзактың «Шегірен былғары» романында негізгі кейіпкердің тілегі орындалған сайын шегірен былғарымен бірге өмірі де қысқара беретінін антиквар дүкенінің сатушысының түсіндіруі де осыны көрсетеді. Романның негізгі идеясы шегірен былғарыда жазылған мына сөздерден көрінеді: «Мені қолыңа тигізгеннен кейін, барлығына ие боласың, бірақ сенің өмірің маған тиесілі болады. Жаратушының еркі солай. Тілектерің орындалады. Бірақ тілектеріңді өміріңмен өлше. Өмірің – осында. Әрбір тілек орындалған сайын, мен де сенің күндерің сияқты қысқара берем. Маған ие болғың келе ме? Онда ал. Жаратушы сені естиді. Ылайым осылай болсын» (Жолма-жол аударған А.Б. Сейсекенова). Бұл роман тұтас адамның тілектері мен тағдырының арасында құпия бір байланыс барлығын бейнелеуге арналған шығарма.

Қытай ойшылы Лао Цзының «Ештеңе істеме» ұғымын билік адамды кері әрекеттерге итермелеуі мүмкіндігімен түсіндіруге болады. Адамдарға зорлықпен өздері қаламаған істерді істету табиғатқа жат нәрсе, олардың үстінен қарау адамды ақымақтыққа апарады. «Ештеңе істемеу» түсінігін ел басқаруда Лао Цзы теңізбен салыстырады. Көптеген тау өзендері төменде жатқан теңіздерге құяды. Теңіздер төмен жатса да арқыраған өзендерді игере алатыны сияқты, дана адам елді билеу үшін өзі төмен тұрып, алдыға шығу үшін артқа кетуі керек. Сонда ол да теңіздер сияқты төменде тұрса

адамдарға ауыртпалық түсірмейді, артта жүрсе де әділетсіздік болып саналмайды.

Шәкәрімнің «барша адам суға аққан дөңбек» дегені тағдырға бағынып керек емес нәрселерге ұмтылуы деп түсіндіріледі. Адам өз арын тыңдағанда барып, ол жар – жаратушы – арының еркіне бағыну арқылы дұрыс істер істей бастайды.

Шәкәрімнің «Адамның еркі қайда деп ақылдан сұрағаным» деген өлеңінде «Адам – бір суға аққан дөңбек». Өзгертетін нәрсе – біздің таңдауымыз. Яғни, жақсы мен жаманды таңдауымыз. Жар-жаратушы өзінің әділетті заңы бойынша әр адамға қалауынша өмір сүруге ерік берген. Сондықтан, адам өміріндегі қиыншылықтар өз-өзінен туындамайды. Адам өзін танып, өзгеруге тырысқанда оның айналасындағы өмір өзгере бастайды. Осы айтылған ілімдерге ұқсас «ар ілімінде» Шәкәрім де адамды «Сотворец» дәрежесіне апаратын өзін-өзін тануы деп санайды. Ақын сондықтан жаралыс басында отырған Қозғаушы-Жаратушының ісін ары қарай «Қозғауға керек қолғабыс» деп адамдарға ұран салған.

Жер әлемінде жар – жаратушының еркі де адам арқылы іске асады. Адам тазарса, жер ғана емес, басқа планеталар да тазарады. Ғасырлар көші дұрыс арнаға түсе бастайды. Егер жар-жаратушының тілегі мен біздің тілектер сәйкес келетін болса, ол оп-оңай іске аса бастайды. Шынайы тілектер ешқандай күш-қуат шығындалмай-ақ орындала бастайды. Абай мен Шәкәрім айтатын «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат», «Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек» дегендегі «қайрат» сөзі «ерік» деген сөздің синонимі. Әсіресе, белгілі бір шаруаларды адам қиналмай, керісінше, сүйіп істейтін болады. Жар-жаратушы қолдағанның бәрі жеңіл істеледі. Бұл өмірдегінің барлығын адамдар өздері қиындатып тастаған. Шынайы тілек пен жалған тілектерді айыру осы ерікке байланысты. Адамның еріксіз қиналып істейтін нәрселерінің барлығы оның тілектерінің жалғандығын көрсетеді. Өкінішке орай, үшөлшемді жер заңымен өмір сүретіндердің барлығы осыған душар. Егер де, болашақ маман «қайткенде елді қаржылық дағдарыстан құтқаруға болады?» деген оймен экономист болуды армандаса, оның қаншама шексіз дарындары ашыла алар еді! Әр адам – өз өмірін өз ойымен жасаушы екені ақынның әр сөзінде дәріптеледі: Болам десең адам, Адал еңбек берер бақ, Бассаң соған қадам. Айнымайтын ақ жүрек пен Таза ақылды адамның Таппасы жоқ бұл өмірде, Осынымды ұқ, балам! Шәкәрім кез-келген тілек пен құмарлық «әр жерге соқтықтырар аққан сендей» деп ескертеді. Ақынның «ар ілімінде» осы құмарлықтар-

дың сөнуі адамды сүйеге бағышталған Абай сөзіндегі «Адамның бәрін де сүй бауырым деп» дейтұғын бір-ақ құмарлыққа әкеледі.

Сонымен, ақын алдамшы тілектердің ішіндегі дұрыс тілек деп адамның адамшылық ары ұнатқан тілектерді айтады. Өйткені, адамның ары жар-жаратушымен тұтастығын сездіретін субстанция. Шынайы тілек туралы «Үш анықта»: «Меніңше, совесть – жанның тілегі. Неге десеніз жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан, тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза, толық мінез, ой, істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть – ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады» делінген. Шәкәрімнің шығармашылығы тұтастай адамның өз бойындағы хайуандықты тануға бағышталған. «Хайуан мен ақымақтар» өлеңінде еріншек адамды «көп мініп шабан тартқан көлік», қу адамды «бір антұрған залалкес, қораға үрмес бір төбет тышқан аңдып» десе, мақтаншақ адамның бұқадан артық жері жоқ: «жуан мойын, ала көз, мүйізі алай, менен артық кім бар деп жүргендері». «Көрсеқызар маймылдан ілгері емес», ызақор адам «көзі қызарып, арсалаңдайтын қабаған төбет», «іш түземей сыланып, сыртын түзеген, қоқиып, қодырайып, бой түзетіп, сәндегішті әтешке» теңейді. Пенделік өмірден биіктеп тазарғанда қиналып ауыр жұмыстар істемей-ақ, адамға қажет нәрселер өзі келе бастайды. Өзінің рухының күштілігінің арқасында тәнін игерген дүниеде қаншама мүтедектер бар. Шәкәрімнің «Әлемді мен билейін, дүние болсын маған құл» деген жолдары да адамның биік рухани дәрежесін сипаттайды.

ОЛ КЕЗДЕ МАҚСАТЫҢ ОРЫНДАЛАТЫНЫНА ТЕК СЕНУ ҚАЖЕТ.

Иә, адам өз өмір жолында небір қиналыстар, күрестер арқылы тазарудан өтеді. Шын мағынасында бұл қиыншылықтар да емес, оның кемелденуіне қажет алынатын асулар. Ғылымда төртінші өлшем – уақыт болып саналады. Уақыт адам бойындағы тағдыр. Таңдау өзгергенде – тағдыр өзгереді. Төртіншіден жоғары көтерілгенде маңайдағы зұлым ойлар, зұлым істерді адам өз бойынан өткізіп қиналмайтын болады. Өсек сөздер, қара ниеттердің шыбын шаққан құрлы әсері болмайды. Себебі, тән жерде болғанмен, жаны биікте болады. Бұның бәрі жүректе адамға деген махаббат оянғанда іске асады. Махаббат оянғанда тілектер орындала бастайды. Себебі махаббат оянғанда адам халықтың тілегімен өмір сүретін болады. Шынайы тілек

қарапайым халықты қорғаушының жүрегінде ғана болады. Адам дүниеге алу үшін емес, беру үшін келгенін түйсіне бастайды. Пенденің қолы жете бермейтін жар-жаратушының көпөлшемді жоғарғы сатылы құпия әлемі адам жанында тұр. Беруді білген адам ғана күйзеліске ұшырамайды. Берген адамға ғана шексіз ғаламның күші толассыз келіп отырады. Дүние алушының қолында емес, берушінің қолында.

Мазмұны

Туған тіл тұғырың

Қ. Бораш. Ұлтымыздың ертеңіне жасалған қадам.....3

Латын графикасына көшіру күретамырлары «Тіл-Қазына».....5

Ел ертеңі латын

С. Бексейітов. Таныс та бейтаныс латын таңбасы.....8

Н. Құмар. Мәселе маңдайшадан басталады немесе мемлекеттік тілдің құдіреті.....13

Т. Зайсанбаев. Халықаралық терминдерді қалыптастырудағы латын әліпбиінің маңызы.....16

Түбі бір түркі тілі

Т. Молдабай. Көне түрік бітіг (руника) жазу таңбаларының архетиптері, семантикалық болмысы.....23

Қ. Төлебаева. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» және түркі әлемі.....34

Болашаққа бағдар

А. Сатбекова. Заманына лайық адам – жаңғыру негізі.....42

Астана – 20 жыл

О. Асанғазы. Ақорда – алтын бағана.....45

Е. Алданазаров. Ардағымыз, айбарымыз – Астана.....50

Жаһандану

Ғ. Имақова. Ағылшын тілі қазақ тіліне көлеңкесін түсірмейді.....53

Маңызды

Қ. Күдерінова. Қазіргі қазақ орфографиясындағы мәселелер.....57

Б. Исхан. Емле ережелерін жасауда ыждағаттылық қажет.....68

Түбірі терең терминдер

Н. Шүленбаев. Терминдерді қалай дұрыс біріздендіреміз?.....75

Жеріңнің аты – еліңнің хаты

Д. Төлебаев. Ономастика мамандарын даярлау маңызды.....83

Ұрпақтар сабақтастығы

М. Әбілсейіт. Рухани жаңғыру және Алаш зиялылары.....88

Таным

А. Сейсекенова. Таңдау өзгергенде – тағдыр өзгереді.....94

РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі
Орфографиялық хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы
Тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Қ. Есентаев**
Корректор **М. Шіменбаева**
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 4.05.2018 ж.
Басуға қол қойылған күні 6.06.2018 ж.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.